



М.А. Маретбаева

**МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША
БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН
СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ**

Оқу құралы

М.А. Маретбаева

**МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША БІЛІМ
АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН СӨЙЛЕУ
МӘДЕНИЕТІ**

Оқу құралы



ЭВЕРО
баспасы
Алматы, 2024

ӘОЖ 616:80/81 (075.8)
КБЖ 51.1:81.2 я 73 (5Қаз)
М 21

*«Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Сенатында бекітіліп, баспаға
ұсынылды №6 хаттама, 23 қаңтар, 2024*

Пікір білдіргендер:

Е.Қ.Сәлім – Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы,
ӘМЖЖС басқармасының басшысы, ф.ғ.к.

Е.Е.Түйте – «Академик Е.А.Бөкетов ат.Қарағанды
университеті» КеАҚ, филология факультетінің деканы, ф.ғ.к.

Ж.А.Даулетқалиева – «Қарағанды медицина университеті»
КеАҚ, Қоғамдық денсаулық мектебінің деканы, PhD

Б.С.Каукербекова – «Қарағанды медицина университеті»
КеАҚ, Тілдерді дамыту орталығының қауымдастырылған
профессоры, ф.ғ.к.

Маретбаева М.А.

**М 21 Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім
алушыларға арналған сөйлеу мәдениеті:** оқу құралы /
М.А.Маретбаева. – Алматы: Эверо, 2024. – 236 б.

ISBN 978-601-13-0202-9

Оқу құралы медициналық білім беру бағдарламалары
бойынша білім алушылардың сөйлеу мәдениетін
лингвостилистикалық тұрғыда қалыптастыруға бағытталады. Кәсіби
сөйлеу дағдысын, тіл тазалығын дамытуды көздейді.

ӘОЖ 616:80/81 (075.8)
КБЖ 51.1:81.2 я 73 (5Қаз)

ISBN 978-601-13-0202-9

© Маретбаева М.А., 2024
© Эверо, 2024

МАЗМҰНЫ

ТҮЙІНДЕМЕ.....	5
РЕЗЮМЕ	7
SUMMARY	9
КІРІСПЕ.....	11
1. ТІЛДІҢ АНЫҚТАМАСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ	13
ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАЛАРЫ	13
1.1 Тіл білімі, тіл тарихы.....	13
1.2 Әдеби тіл нормалары.....	16
2. СӨЗДЕРДІҢ ТІРКЕСУ ТӘСІЛДЕРІ	27
2.1 Сөздердің байланысу формалары.....	30
3. ОРФОГРАФИЯ ПРИНЦИПТЕРІ	35
3.1 Дауыстылардың жазылуы	35
3.2 Қосымшалардың жазылуы	36
4. СӨЙЛЕМДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ОРЫН ТӘРТІБІ	46
5. ПУНКТУАЦИЯ.....	61
5.1 Нүкте.	62
5.2 Сұрау белгісі.....	65
5.3 Сұрау белгісі қойылмайтын жағдайлар:.....	66
5.4 Леп белгісі.	67
5.5 Көп нүкте.	68
5.6 Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері.....	69
6. ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ СТИЛЬДІК ТАРМАҚТАРЫ.....	97
6.1 Ауызекі сөйлеу стилі	98
6.2 Ресми іс қағаздар стилі.....	99
6.3 Публицистикалық стиль.....	103
6.4 Ғылыми стиль.....	105
6.5 Көркем әдебиет стилі.....	107
7. ТЕРМИНДЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК.....	133
7.1 Ғылыми терминология. Термин жасалуының сөзжасамдық ерекшеліктері.....	136

8. КӘСІБИ ТІЛ. КӘСІБИ ЛЕКСИКАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	161
9. ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ – ТІЛ МӘДЕНИЕТІ.....	183
10. МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ... 192	
10.1 Лебіздік ғылыми стильдің мамандыққа қатысты жалпы сипаттамасы	192
10.2 Мәтін және дискурс. Мәтін – ерекше лебіздік бірлік.....	194
10.3 Дискурсқа тән белгілер. Медициналық дискурстың тілдік ерекшеліктері	196
10.4 Кәсіби қарым-қатынаста тілдік жүйенің жұмсалымдық қызметінің ерекшеліктері.....	198
10.5 Кәсіби қызметтегі қарым-қатынас мәдениеті. Вербалды және бейвербалды қарым-қатынас	202
10.6 Бейвербалды тілдесім түрлері	203
10.7 Диалогтық лебіздің коммуникативтік ерекшеліктері.....	206
10.8 Кәсіби саладағы коммуникативтік күзінеттілік	212
ҚОРЫТЫНДЫ.....	224
БІЛІМІН ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ	226
БІЛІМІН ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫНЫҢ ЖАУАПТАРЫ	232
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	233

ТҮЙІНДЕМЕ

Сөйлеу мәдениеті – айтарлықтай кең ұғым. Ең алдымен бұл – қоғамның сөйлеу зердесін зерттейтін филология ғылымының бөлімі. Сөйлеудің нормативтілігі, оның дәлдігі, тазалығы сияқты қасиеттер – аталмыш бөлімнің негізгі қағидалары.

Сөйлеу дәлдігінің критерийі жазушының/сөйлеушінің ойын айтылым/жазылым мазмұнын жеткізуде тілдік құралдарды дұрыс таңдаумен айқындалса, сөйлеу тазалығының критерийі оның әдебиеттен тыс элементтерден (диалектілік лексика, жергілікті тіл, жаргон) алшақ болуымен, яғни белгілі лингвистикалық құралдарды қарым-қатынас жағдайында қолдану орындылығымен түсіндіріледі.

Этика – адамгершілік пен оның әлеуметтік мәні туралы ілім. Ал медицина қызметкерлерінің сөйлеу мәдениеті – медициналық этиканың бірден бір ажырамас бөлігі. Кәсіби сөйлеу дегеніміз – сол саланың терминдік жүйесімен біте қайнасқан, тұтасқан байласым негізінде жүзеге асатын сөйлеу тілі.

Ал белгілі бір сала маманының кәсіби сөйлеу тілінің мәдениеті – баяндау тілінің қатысым принциптерінің шеңберіндегі біліктілік дәрежесі, кәсіби лексиканы өз деңгейінде, орынды, сауатты, тиянақты пайдалана алу шеберлігі. Ал мұндай қажеттілік кез келген қоғамда, кез келген салада үнемі қызығушылық пен дамытушылықты талап ететін шарттылық. Осы орайда, «Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға арналған сөйлеу мәдениеті» атты оқу құралы жоғарыда аталған шартқа сай қажеттілік санатында.

Аталмыш оқу құралы медицина мамандығында оқитын білім алушылардың сөйлеу мәдениетін лингвистикалық тұрғыда қалыптастыруға бағытталады. Кәсіби салада қолданысқа ие сөйлеу дағдысын тіл мәдениеті негізінде дамытуды көздейді.

Оқу құралы 10 (он) тараудан тұрады. Әрбір тарау ғылыми-теориялық бөліммен сипатталып, Оқылым, Жазылым, Лексика-грамматикалық бөліктерге топтастырылған. Тарау тест тапсырмаларымен қорытындыланады. Ұсынылып отырған оқу құралын білім беру бағдарламасында қосымша әдебиет ретінде пайдалануға болады.

РЕЗЮМЕ

Культура речи – достаточно широкое понятие. Прежде всего, это раздел филологической науки, изучающий речевой интеллект общества. Такие качества, как нормативность речи, ее достоверность, чистота – основные проблемы, которым посвящено данное пособие.

В то время как критерий точности воспроизведения речи определяется правильным выбором языковых средств для передачи содержания речевого высказывания/письма пишущего/говорящего, критерий чистоты обусловлен отсутствием в речи внелитературных элементов (диалектная лексика, говор, жаргон), то есть целесообразностью использования известных лингвистических средств в определенных условиях общения.

Этика – это учение о морали и ее социальном значении. А культура речи медицинских работников – одна из неотъемлемых составляющих медицинской этики. Профессиональная речь – это разговорный язык, используемый на основе когерентности, взаимодействующий с терминологической системой той же области. А культура профессиональной речи специалиста определенной области – это показатель уровня квалификации в рамках употребления языка в любой коммуникативной ситуации, включая умение использовать профессиональную лексику на соответствующем уровне, адекватно, грамотно, основательно. Следовательно, потребность такого рода обуславливает необходимость постоянного интереса к вопросам культуры речи и развитие речевых навыков как в обществе в целом, так и в отдельных социальных сферах. В этой связи, учебное пособие «Культура речи для обучающихся медицинских образовательных программ» призвано удовлетворить потребности в соответствии с вышесказанным.

Учебное пособие предназначено для формирования и развития культуры речи обучающихся медицинских образовательных программ на основе освоения лингвистических средств и методов, в результате чего

предполагается овладение коммуникативными навыками и их развитие в целях дальнейшего использования в профессиональной деятельности.

Структура учебного пособия включает 10 (десять) глав. Каждая глава имеет научно-теоретическую часть, охватывая такие виды речевой деятельности, как чтение и письмо, а также содержит лексико-грамматические упражнения. В конце каждого раздела представлены тестовые задания для определения (измерения) уровня (степени) усвоения изучаемого материала.

Предлагаемое учебное пособие может быть использовано в образовательной программе в качестве дополнительного источника литературы.

SUMMARY

The culture of speech is a fairly broad concept. First of all, this is a branch of philological science that studies the linguistic intelligence of society. The main principles of this section include qualities such as the normativity of speech, its reliability and frequency.

The accuracy of speech reproduction is determined by the correct choice of linguistic means to convey the content of the writer/speaker's speech or writing. Speech purity is explained by the speaker's or writer's abstinence from using extra-literary elements such as dialectal vocabulary, local language and slang. In other words, it is about the judicious use of known linguistic means in communication.

Ethics is the study of moral and its social significance. The culture of speech among medical workers is an integral part of medical ethics. Professional speech is a form of spoken communication that relies on coherence and interacts with the specific terminological system of the corresponding field. The professional speech culture of a specialist in a specific field reflects their proficiency in using narrative language, employing professional vocabulary at an appropriate level, and the ability to communicate effectively, competently and comprehensively. Consequently, this necessity requires constant attention and development in every society, across various spheres. In this context, the manual "Speech culture for students of medical educational programs" is considered an essential resource for students in medical education programs, as explained above.

The purpose of this manual is to enhance the linguistic and stylistic aspects of speech for students enrolled in the medical education program. It involves developing speech skills that are applicable in the professional sphere based on language culture.

The manual is structured into 10 chapters. Each chapter is characterized by a scientific and theoretical section, covering the types of speech activity: reading, writing, and the lexical and grammatical aspects. At the end of each section, assessment tasks are

provided to measure the degree of understanding of the learning content.

The proposed manual can be used as an additional source of literature in the educational program.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда жаңа инновациялық технологиялар мен білім берудің негізгі мақсаты – қоғам талаптарына сай жеке тұлғаны қалыптастыру. Аталмыш бағытта соңғы жылдары қазақ тілін оқыту әдістемесінде оқыту технологияларының жаңа үлгілері, заман талабына сай әдістемелік амал-тәсілдердің жан-жақты қолданылып жүргені белгілі. Білім алушының мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгеруі келешек маман иесінің кәсіби білім-білік құзыретін арттыруға ықпал етері сөзсіз. Әдеби тілдің нормаларын, қыр-сырын үйретуде жүйелілік пен сабақтастық, бірізділік қалыптастырудың маңызы ерекше деуге болады. Мұндай оқыту үрдісін жетілдіруде, болашақ мамандардың ізденімпаздығын қалыптастыруда, шығармашылық ойлау қабілеттерін қалыптастыруда, рухани дүниесін дамытуда сөйлеу мәдениетін тілдесім әрекеті арқылы оқытудың маңызы зор.

Тіл мәдениеті – әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы.

Күнделікті тіршілік барысында адам әр түрлі адамдармен кездеседі, сөйлеседі, пікір алысады, тәжірибе алмасады. Ал олар адамдардың өзін-өзі ұстауы, мінез-құлық, жүріс-тұрысы, сөйлеуі арқылы іске асырылады.

Адамдардың өзара қарым-қатынасы моральдық нормаға негізделеді. Қоғамдық ортада адамның мәдениеттілігі, өресі көбіне оның сөйлеуінен көрінеді.

Әр саланың өзіне тән ерекшелігі мен айрықша бөлектейтін белгілері бар. Дегенмен сөздік қор, сөйлеу әдебі, тіл мәдениетінің қағидалары, бір сөзбен айтқанда, коммуникативтік құзыреттілік мәселесі еш уақытта назардан тыс қалмайды. Қатысым сөйлесім арқылы жүзеге асатынын ескеретін болсақ, сол әрекеттің жемісті көрініс табуына сауатты сөйлеу (ауызша, жазбаша) дағдысы зор ықпал ететінін байқауға болады.

Осы тұрғыда медициналық жоғары оқу орындарында білім алушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған

оқулықтар мен оқу құралдары білім беру бағдарламасында қажетті компонент қатарында.

Оқу құралының мақсаты – білім алушыға қазақ тілінің табиғатын терең түсіндіре отырып, тілдік қатынастың негізгі көрсеткіштері қатарындағы ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсінісу, айту, пікірлесу әрекеттерін саралай меңгерту. Білім алушылардың ауызша/жазбаша сөйлеу мәнерін жетілдіру, логикасын дамыту, сөздік қорын байытумен қатар, кәсіби саласында сөйлеу мәдениетінің құзыретін қалыптастыру міндеттерін жүзеге асыру басшылыққа алынады.



1. ТІЛДІҢ АНЫҚТАМАСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ. ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАЛАРЫ

Тіл – тарихи тұрғыда қалыптасып, қоғамдық сипатқа ие, белгілі бір нәсілге жататын, географиялық аймақты қамтитын, қандас адамдар қоғамының, яғни ұлыстың, халықтың және ұлттың ойды жарыққа шығару мен қарым-қатынас жасау құралы және мұрасы. Сонымен қатар тілге тән ортақ тілдік дыбыстар мен сөздік қор және грамматикалық құрылым болуы тиіс.


Тіл адамзат қоғамының барлық саласын, атап айтқанда, әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени өмірін қамтиды. Тілге тән негізгі 3 қызмет бар. 1) қарым-қатынас жасау – коммуникативтік функциясы, 2) ойды жарыққа шығару – экспрессивтік функциясы, 3) мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа берілуі – аккумулятивтік функциясы. Жалпы сипатта тілдің адам, қоғам өмірінде сан салалы қызметі 50-ге жуық. Олар сәбидің тілі шығып, тіл үйренуінен басталып, балалар бақшасы, орта мектеп және т.б. оқу орындарына жалғасып, адамдардың күнделікті өмірде ауызекі сөйлеуі, көпшілік ақпарат жүйесінде қызмет етеді.

Тіл дыбыстары сөзді, сөздер сөз тіркесін, сөз тіркестері сөйлемді, сөйлемдер жүйелі хабарды құрайды. Демек тіл – тіл дыбыстарының, сөздер мен сөз тіркестерінің, сөйлемдердің жүйесі, тілді құрайтын бөлшектер. Тілдің дыбыстық жүйесін, сөздік құрамын, сөйлемдік құрылысын түсіну, айқындау, жүйелеу үшін практикалық пайымдаулар мен теориялық тұжырымдар қажет. Тілдік құбылыстар негізінде жасалған пайымдаулар мен тұжырымдар – лингвистиканың, яғни тіл туралы ғылымның негізі.

1.1 Тіл білімі, тіл тарихы

Лингвистика тілдің 4 бөлшегіне сәйкес 4 саладан тұрады. Олар: фонетика (дыбыстар жүйесі), лексикология (сөз байлығы

жүйесі), морфология (сөздердің байланысу жүйесі), синтаксис (сөз тіркесі, сөйлем жүйесі).



1-сызба

Бұл арнайы пәннің мақсаты тіл білімі салаларын теориялық, практикалық тұрғыдан оқып-үйрету емес, болашақ медицина қызметкерлерінің келешек мамандықтарына байланысты сөйлеу және жазу сауаттылығын қазақ тілінің заңдылықтары негізінде тереңдетіп меңгерту. Осы мақсатта оқу бағдарламасына орфография принциптері мен пунктуация ережелері, әдеби тілдің стильдік тармақтары, нормалары, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, байланысу тәсілдері мен байланысу түрлері деген тақырыптар арнайы алынды.

Әлемде 5 мыңға жуық тіл мен диалект бар. Ал тілдерді жіктеудің 4 түрлі принципі бар. Олар: 1) *қызметтік* (функционалдық), 2) *географиялық* (ареалдық), 3) *туыстық* (генеологиялық), 4) *морфологиялық* (типологиялық).

I. Қызметтік принцип: 1) тіл мен оның иесі болып саналатын халықтың байланысын, 2) тілдің қоғамда атқаратын қызметін, 3) тілдің этникалық аймақтан тыс таралуын қарастырады. Мәселен, қазақ халқының өз ана тілін күнделікті және қоғамдық өмірде пайдалану, қолдану деңгейі бірдей емес. Алғашқылары өмірінің барлық саласында, яғни ауызша,

жазбаша түрде қолданса, екінші топтағылар үй ішінде, ауызекі сөйлеу тілінде ғана қолданады. Ал соңғы топ ауызша да, жазбаша да қолдана алмайтындар, яғни ана тілін үйренбегендер, игермегендер тобына жатады. Демек тіл мен оның иесі болып табылатын халықтың байланысы деген ұғым бір қарағанда логикаға қайшы көрінгенмен, пайымдау негізінде заңды сипатқа ие. Тіліміздің этникалық аймақтан тыс жерлерде тарауы тарихи-әлеуметтік, саяси-әскери (жер аудару, қуғын-сүргін, шекара белгілеу), т.б. жағдайлармен түсіндіріледі.

II. Географиялық принцип: 1) әлемнің тілдік картасын, 2) түрлі елдердің тілдік сипатын, 3) жеке тілдің немесе тілдер тобының таралуын зерттейді. Мәселен, қазақ тілі әлемнің географиялық картасы бойынша Евразия материгінің Азия континентінде орналасқан, Қазақстан Республикасында қазақ тілімен қатар орыс, өзбек, татар, ұйғыр, дүнген және т.б. тілдер тараған.

III. Генеологиялық принцип: 1) тілдердің туыстығын, 2) туыстығының алыс-жақындығын айқындайды. Туыс тілдерге түп-төркіні бір, көне түбір қосымшалары ортақ, фонетикалық, грамматикалық сәкестіктегі тілдерді жатқызамыз. Тілдердің туыстық сатылары: семья, тармақ, бұтақ, топ, шағын топтар. Туыстық генеологиялық аспектіде туыстық тілдер 20 шақты семьяға (алнай тілдері семьясы, үнді европа, орал, кавказ, балтық, хамит-семит, индеец, гвиней және т.б.) бөлінеді. Қазақ тілі алтай тілдері семьясының түркі тармағына, оның батыс ғұн бұтағының қыпшақ тобына, қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай шағын тобына жатады. Қазақ тіліне ең жақын туыстықтағы тілдер – ноғай, қарақалпақ.

IV. Типологиялық принцип тілдердің морфологиялық құрылысына сүйенеді. Бұл принцип бойынша тілдер 4 типке бөлінеді: 1) түбір (аморфты) тілдер, 2) копармалы (флективті) тілдер, 3) жалғамалы (агглютинативті) тілдер, 4) полисинтетикалық тілдер. Түбір тілдерге қытай, бирма тілдері

жатады. «Түбір тілдер» деп аталу себебі бұл типтес тілдерде қосымшалар сирек қолданылады. Ал флективті тілдерге славян (орыс, болгар, чех, поляк), герман (неміс, ағылшын, швед, исланд), роман (француз, испан, итальян, португал) тілдер тобы жатады, олардың «қопармалы, жарылмалы» деп аталу себебі – бұл тілдердегі сөз түбіріне қосымша жалғанғанда сөз түбірі өзгеріп (рот-рты) кетуімен байланысты. Полисинтетикалық тілдерге чукот, палеоазиат тілдері жатады. Бұл тілдерде сөз тіркесінің, сөйлемнің қызметін, мазмұнын бір сөз ғана атқаратын құбылыстар жиі кездеседі. Жалғамалы тілдерге түркі, монғол, тұңғұс-манчжур тілдер тобы кіреді. Түркі тілдерінің бірі – қазақ тілі де жалғамалы тіл. «Жалғамалы» деп аталу себебі – бұл типтегі тілдердің түбір сөздеріне қосымшалар бірінен соң бірі жалғанып (ем-де-ген-дер-іңіз-дің) кете береді.

1.2 Әдеби тіл нормалары

Тілдің құрылымдық бөлшектері (дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем) сөйлеу актісінде (ауызша/жазбаша) тарихи-дәстүрлік тұрғыда қалыптасқан тілдің белгілі заңдылықтары мен ережелеріне, демек нормаға (қалыпқа) бағынады. «Тіл нормасы деп адамдардың бір-бірімен қатынас жасау нәтижесінде қалыптасып бекіген, жалпы халыққа тегіс танылған тілдік құдылыстарды айтамыз» [1;10].

Әдеби тілдің нормалары тілдің структуралық элементтеріне, соған сәйкес тіл білімінің салаларына байланысты 4 түрге бөлінеді:

- 1) фонетикалық-фонологиялық норма
- 2) лексикалық-семантикалық норма
- 3) морфологиялық норма
- 4) синтаксистік норма.

Фонетикалық-фонологиялық норма дегеніміз – сөз ішінде, сөздер аралығындағы (контекстегі) дыбыстар мен фонемалардың жазылу және айтылу процесінде тілдің заң-ережелерінің (орфография, орфоэпия) сақталуы. Фонетиканың зерттеу объектісіне тіл дыбысы, буын, екпін, интонация, пауза,

орфография, орфоэпия, пунктуация, транскрипция, транслитерация, алфавит, графика, сингармонизм, ассимиляция, диссимиляция құбылыстары жатады. Фонетикалық норма – тіл дыбысының жеке тұрғандағы (контекстен тыс), жазылу барысындағы, яғни орфографиялық заң ережелердің сақталуы. Ал фонологиялық норма дегеніміз – тіл дыбыстарының айтылу кезінде (контексте) орфоэпиялық заң-ережелердің яғни сөзде, сөз тіркесі мен сөйлемдерде екпін, интонация және паузалардың – сөйлеу мелодикасының сақталуы. Орфоэпия дегеніміз – сөз әуенінің дұрыс айтылып, түсінікті, құлаққа жағымды, көңілге қонымды естілуі.

Лексикалық-семантикалық норма дегеніміз – тілдің сөз байлығының түрлі стильдік-жанрлық тармақтарда мән-мағыналық тұрғыда дұрыс, орынды қолданылуы. Лексикологияның зерттеу объектісіне архаизм, историзм, неологизм, варваризм, профессионалдык, диалектілік, қарапайым, экспрессивті-эмоционалды, бейтарап, терминдік лексикалар, олардың антонимдік, синонимдік, омонимдік, полисемиялық, фразеологиялық мағыналары жатады.

Морфологиялық норма – сөз таптарының әрқайсысына жататын сөздердің өзгеруін, яғни формаларының дұрыс жұмсалуды реттейтін норма. Морфологиялық норма сөздердің түрленуі мен сөз тудыру мәселелерін қадағалайды. Аталған норманың сақталмауы сөйлеу үдерісіндегі қателіктерге әкеледі. Грамматикалық нормалар грамматиканың екіге бөлінуіне орай морфологиялық және синтаксистік нормалар деп бөлінеді. «Морфология саласындағы нормалану жайын сөз еткенде кейбір жұрнақтардың активтеніп, кейбірінің сөз жасау әулеті азайып бара жатқанын айтуға болады. Мысалы, -шы, -ші жұрнағының шет елдік түбірлерге жалғануы орын алды: футболшы, гипнозшы деген адамның кәсібін, мамандығын, т.б.» [2]. Бүгінгі таңда морфологиялық нормалардың әсері жаңа аудармалар жасауда айқын байқалады. Көптеген сөздерді жасауда *ман, мен, гер, ым, ім т.с.с.* жұрнақтар жиі қолданылады: *оралман, кемеңгер, жазылым т.б.*

Синтаксистік нормаларға тоқталсақ, мұнда тұрақталу бұрыннан жүзеге асқан. Синтаксистік нормалар сөйлем құрастыру мен сөз тіркестерін реттейді. Синтаксистік норманың ерекшелігі туралы Р.Сыздық былай дейді: «Синтаксистік нормаларды ұстану өзге салалардың заңдылықтарына қарағанда әлдеқайда еркіндеу болып келеді. Синтаксис – автор стилінің көрінісі. Сондықтан синтаксистік нормалардың көп түрлілігі, құбылып отыратындығы тілдік нормалардың өзіне байланысты емес, шығарма жанрына, авторына, автордың көркемдік идеалына байланысты болады».

ОҚЫЛЫМ

1-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді оқыңыз, сөздерге қосымшалардың жалғануындағы морфологиялық нормалардың орындалуын дәлелдеңіз.

Сенімді болашақ

Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды. Жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі білім беру – бүгінгі күннің басты талабы.

Тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, өз кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар қажет.

Білімді болу – белгісіз нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген сөз. Ғұламалар болашақ жастардың білімді болуы олардың өз сана-сезіміне, зейініне, дара қасиет-қабілетіне, ақыл-ойы мен жауапкершілігіне байланысты екенін айтқан.

Кез келген елдің көркейіп, кемелденуіне қанат бітіретін – жасампаз жастар екені сөзсіз.

Таным мен тәрбиені тең ұстаған ұрпақ қана жарқын болашаққа қол жеткізбек.

2-ЖАТТЫҒУ. Мақал-мәтелдерді оқыңыз. Мән-мағынасын түсіндіріңіз.

- Еңбек мұратқа жеткізер,
Жалқаулық абырой кетіреді.
- Ашу жүйкені бұзады,
Жүйке ұйқыны бұзады.
- Қалам ұстаған қол қайыр сұрамайды.

3-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді оқып, мазмұндаңыз. Мәтіндегі сөздерге қосымшалардың жалғануындағы морфологиялық нормалардың орындалуын дәлелдеңіз.

Отбасы дегеніміз – туыскандық байланыста (атасы- әжесі, ата-анасы, балалары т.б.) бірлесіп өмір сүретін сыйластық орнаған орта. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ержетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілер отбасында қалыптасады.

Отбасы – шағын мемлекет. Әрбір мемлекеттің өзіне тән еыртқы және ішкі саясаты, кіріс – шығыс бюджеті, қастерлеп ұтанатын рәміздері болса, әр отбасының тұрмыс – тіршілігінің де еоган үкее заңдары бар. Барлық алыс – жақын туыстық осы отбасынан басталады. Қазақ отбасы негізінен үш ұрпақтан тұрады. Ол – ата, әке, бала. Отбасында негізгі туыстық байланыс – ер адамдар жағымен есептелген.

Отбасының басты қазығы – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне отбасының әсері мол. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап, ата-ана өздерінің негізгі борыштарын — тәрбие жұмысын атқаруға кіріседі.

Әрбір адамның ар – намысын, ақыл-ойын адамгершілікке, мәдениеттілікке тәрбиелеуде отбасының алатын орны ерекше. Сондықтан, отбасын басқа ешнәрсемен өзгертуге болмайды.

Ата –ана – отбасының негізі тірегі. Дәстүрлі қазақ отбасында ата –анасын ерекше құрметтеген. Ата-ана да өздері

жанұя құрған кезде бір-біріне шексіз сүйіспеншілікпен, махаббаттық сезімдері табысқан кезде қалыптасады. Әке мен ананың арасындағы сыйластық, өзара түсінушілік, олардың бірін-бірі ұғынысуы, сыйласуы, қандай мәселелер болсын, материалдық, әлеуметтік, қоғамдық және экономикалық мәселелелерді шешуде пайымды шешімдер тауып жатса, бұл отбасының берекесі мен берері де мол болатыны мәлім. Ата-аналардың балалары алдында олардың денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз ету, тәрбие беру, білім беру, үй болып, аяққа тұрып, ел қатарына қосылып кетуін қамтамасыз ету сияқты міндеттерін орындауы, ал балалар алдында ата-анасын қамқорлыққа алып, сүйеніш болуы секілді міндеттері ұштасып жатады.

Төменде берілген тірек сөздер арқылы мәтінді мазмұндаңыз.

- 1.Отбасы – сыйластық орнаған орта.
- 2.Отбасының бала тәрбиесіне әсері мол.
3. Ата –ана – отбасының негізі тірегі.

4-ЖАТТЫҒУ. Мақал – мәтелдердің мазмұнын ашыңыз.

- 1.Өз үйім өлең төсегім;
- 2.Үй ішінен жау шықса, тұра қашып құтылмассың;
- 3.«Сіз», «біз» деген жылы сөз, ағайынға жарасар;
- 4.Отбасының сәні-сыйластық, Достың сәні- қимастық;
- 5.Інісі бардың тынысы бар, ағасы бардың жағасы бар;
- 6.Ата – баланың қорғаны;
- 7.Бала, баланың ісі шала;
- 8.Балаң жаман болса, көрінгеннің мазағы.

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКА

1. Асты сызылған сөзге мағынасы жақын сөзді көрсетіңіз
Аударма бір тілден екінші тілге жасалады.

- A) мәтін
- Ә) зерттеу
- Б) тәржіма
- В) тәжірибе

2. Асты сызылған сөзге мағынасы жақын сөзді көрсетіңіз
Жазға қарай пәтердің қуы біраз төмендейді.

- A) сапасы
- Ә) бағасы
- Б) жағдайы
- В) деңгейі

3. «Қара» сөзінің «қасиетті» мағынасында қолданылуын табыңыз

- A) Қара металлургияның негізгі шикізаты – темір кені
- Ә) Қара топырақты жерлерде арнайы тәжірибе жасадық
- Б) Бәріміз қара шаңыраққа жиналып, ата-бабамызға ас бердік
- В) Қара торғай туралы әнді дастарқан басында қосылып орындадық

4. Айтылуы бірдей, мағынасы басқа сөздер қатарын табыңыз

- A) қара нан, ақ нан
- Ә) көк шықты, көк аспан
- Б) сары жайлау, сары дала
- В) жасыл жайлау, жасыл балдыр

5. «Бас» сөзінің тура мағынада қолданылуын көрсетіңіз

- A) Темірдің бір басы – ыстық, бір басы – суық
- Ә) Шығыс халықтарында Наурыз жыл басы деп есептеледі
- Б) Кәрі қойдың басы піскенше, тоқты етінің арсасы шығар
- В) Екі бие – ел асы, үш бие – бұлақ басы, бір бие – жоқтың қасы

ЖАЗЫЛЫМ

5-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді аударыңыз.

Жүрек-қан тамырлар жүйесі

Жүрек кеуде қуысының сол жағына жақын орналасады. Ересек адамның жүрегінің салмағы 250-300 г., ұзындығы 12-15 см., көлденең қимасының өлшемі 8-10 см. Жүректің салмағы мен спортпен шұғылданатын адамдарда өзгеше болады. Жүрек бірнеше қабаттан тұрады. Бірінші қабаты өте жұқа қабықша эпикард деп деп аталады. Екінші қабаты бұлшық еттен тұрады. Мұны миокард деп атайды. Үшінші қабаты жүректің ішкі жағы, оны эндокард дейді. Бұл қабаттың астында өте көп жүйке талшықтары орналасады. Адамның жүрегі төрт бөліктен тұрады: екі құлақша, екі қарынша. Құлақша мен қарыншалар арқылы байланысады. Қақпақшалар тек қарынша жаққа ғана ашылады да, қанның құлақшадан қарыншаға еркін өтуіне мүмкіндік жасайды, сондықтан ол кері қарай ақпайды, үнемі алға қарай ағады.

Жүректің жұмысы өте күрделі. Жүрек жұмысы үш кезеңнен тұрады: құлақшаның жиырылуы, босаңсуы және үзіліс. Жүрек жиырылғанда өзінен қанды айдайды. Босаңсу және үзіліс кезеңдерінде жүрекке қан келіп, оның құлақшалары қанға толады және жүрек тынығады.


Ересек адамның жүрегі минутына 70-75 рет жиырылып босаңсиды. Мұны жүректің жұмысы немесе соғуы дейді. Егер жүрек жылдам соқса, онда қан жылдам айналады. Жүректің соғуы адамның денсаулығына, оның еңбек етуіне, айналадағы жағдайларға және тағы басқа әсерлерге байланысты. Адам ұйықтағанда жүрегі баяу соғады, ал дене еңбегі кезінде жылдам соғады.

Қан тамырларына күретамырлар, көктамырлар, қылтамырлар жатады. Күретамырлар мен көктамырлар аралығында қылтамырлар бар.

Оттегіне қаныққан алқызыл түсті қан күретамырлармен ағады. Жүрек жиырылғанда қанды күретамырларға үлкен қысыммен айдайды. Ең үлкен күретамыр қолқа деп аталады. Күретамыр жүректің сол құлақшасынан басталады. Күретамырдың қабырғасы қалың, мықты және серпімді болады. Онда қан жоғары қысыммен ағады.

Күретамырлар бұлшық етке бытыңқырап орналасады да, тарамдалып қылтамырларға бөлінеді, қылтамырлары арқылы зат алмасу әрекетіне қатысады. Адам ағзасында 150 млрд-тай қылтамыр бар. Қылтамырлардың бәрін қосқанда жалпы ұзындығы 100 000 шақырымға дейін жетеді. Қылтамырлар қабырғасы арқылы оттегін ұлпаға, жасушаларға тасып, олардан көмір қышқыл газын сіңіреді. Сондықтан қанның құрамында оттегі азаяды да, көмір қышқыл газын сіңіреді. Сондықтан қанның құрамында оттегі азаяды да, көмір қышқыл газы көбейеді. Қанның түсі өзгеріп, көктамыр қанына айналады. Қан қылтамырдан көктамырға өтеді де, одан соң жүректің оң жақ құлақшасына келіп құяды. Көктамырда қан қысымы төмен болады. Қан айналу жүйесі бір-бірімен байланысты үлкен және кіші қан айналым шеңберінен тұрады. Үлкен қан айналым шеңбері жүректің сол қарыншасынан қолқа арқылы басталып, бүкіл денеге тарайды, одан көктамыр арқылы келіп оң жүрекшемен аяқталады. Кіші қан айналым шеңбері оң қарыншадан басталады. Ол өкпе күретамыры мен қылтамырлар арқылы өтіп, сол жүрекшемен аяқталады.

6-ЖАТТЫҒУ. Ұсынылған диаграмма бойынша мәтіннің шетеллекті-картасын жасаңыз.



БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Жүрек жайлы 20 мәлімет

- ❖ Жүрек күніне 100 мың рет тоқтаусыз соғады.
- ❖ Адамның ағзасындағы ең көп жұмыс атқаратын мүше – жүрек.
- ❖ Түшкіру кезінде адамның жүрегінің соғуы тоқтап соғады.
- ❖ Жүректің күнделікті беретін қуатына, автокөлікпен 32 км жол жүруге болады.
- ❖ Әйелдердің жүрегі, еркектерге қарағанда тез ұрады.
- ❖ Жүректің көлемін білгіңіз келсе, екі жұдырықты біріктіріңіз, бұл – сіздің жүрегіңіздің өлшемі. Оның салмағы орташа есеппен алғанда 280 грамм.
- ❖ Адамның жүрегі – дененің дәл сол жағында емес. Шын мәнінде, ол кеуденің ортасына қарай орналасады.
- ❖ Жүрек ісігі (рак сердца) – өте сирек кездесетін ауру.
- ❖ Адамның оң жақ қолындағы қан қысымы, сол жақ қолдан жоғары. Ол өздігінен электрлік импульстар шығара алады, сол себептен оны адамның денесінен бөліп тастаса, ол біраз уақыт бойы соғып тұрады.
- ❖ Жүрек 75 триллион жасушаны қанмен қамтамасыз етеді.
- ❖ Қан тек қана көзге жеткізілмейді.
- ❖ Қанның 5%-ы жүрекке, 15-20% миға, ал 22%-ы бүйрекке беріледі. Статистика бойынша инфаркт ең жиі болатын күн – дүйсенбі екен.
- ❖ Адамзат тарихында, жүрек ауруынан қайтыс болған адамдардың саны, барлық соғыстарда қаза болған адамдардың санынан көп.
- ❖ Әлемдегі ең үлкен жүрек көк китте, оның салмағы - 680 кг.
- ❖ 1967 жылы 3 желтоқсанда Христиан Барнард есімді хирург алғашқы болып донорлық жүректі Луи Вашанның денесіне салды. Ол бұл жүрекпен 18 күн өмір сүрді.
- ❖ Жүректің жұмысын жақсартудың ең керемет жолы – күлкі.

❖ Эмбрионның жүрегі, жүктіліктің 4-ші аптасынан бастап соғады.

❖ Стетоскопты француз дәрігері Рене Лаэннек ойлап тапты.

3-ЖАТТЫҒУ. Әдеби тілдің нормаларын сақтай отырып, төмендегі жоспар бойынша эссе жазыңыз. Эссе мазмұнының логикалық желіде біртұтастықпен құрылуы үшін қыстырма құрылымдар мен шылаулар, тірек сөздер мен сөз тіркестерін пайдалану қажет.

Эссе көлемі 35-40 сөзден кем болмауы тиіс.

Жоспар:

1. Отан отбасынан басталады.
2. Отбасы тәрбиесіндегі ата-ана рөлі.
3. Білімсіз берілген тәрбие – адамзаттың қас жауы.
4. Ұлттық құндылыққа негізделген отбасымдағы басты қағида.

Тірек сөздер мен сөз тіркестері: адам, жеке тұлға, қоғам, құндылық, тәрбие, білім, жетістік, қасиет, қабілет, қалыптасады, байқалады, көрінеді, жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер; айтушы ақылды болса, тыңдаушы дана болады, бабасы екенді, баласы орады, т.б.

Қыстырма құрылымдар: бір ағзабы, ең алдымен, әрине, сөзсіз, мүмкін, кім біледі, бір жағынан, т.б.

Шылаулар: пен, себебі, және, сонда да, неге десең, сияқты, арқылы, әлде, егер, қатар, бірге, т.с.с.

Эссенің құрылымдық бөліктері:

1. Эссенің тақырыбы
2. Кіріспе
3. Негізгі бөлім
4. Қорытынды

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

Қазақ тілі мен француз тілі өзара бір ортақ қағидамен бөліседі: сөз екпіні көбінесе соңғы буынға түседі. Бұл ережеге бағынбайтын дербес жағдайлар: жіктік жалғауы, болымсыз етістік жұрнағы, бұйрық райдың «-шы», «-ші» қосымшалары, шылаулар, көмекші сөздер.

Қорытынды тест

1. Тіл дыбысының контекстен тыс тұрып, орфографиялық ережені сақтауы қандай нормаға жатады?
А) фонологиялық
Ә) синтаксистік
Б) фонетикалық
2. Жалпы халыққа тегіс танылған құбылыс
А) тіл нормасы
Ә) лексикология
Б) омонимдер
3. Сөз әуенінің дұрыс айтылуы
А) пунктуация
Ә) орфоэпия
Б) орфография
4. Қазақ тілі қандай типологиялық типке жатады?
А) флексивті
Ә) түбір
Б) жалғамалы
5. Тілдердің туыстығын қандай типологиялық принцип айқындайды?
А) географиялық
Ә) генеологиялық
Б) қызметтік



2. СӨЗДЕРДІҢ ТІРКЕСУ ТӘСІЛДЕРІ

Толық мағыналы, кем дегенде екі сөздің өзара сабақтаса, бірі екіншісіне бағына байланысуын сөз тіркесі деп атайды. Мысалы: *таза ауа, ақылды жігіт* дегенде *таза, ақылды* – бағынатын сыншалар, *ауа, жігіт* – басынғы сыншалар.

Сөз тіркесі құрамына қарай жай және күрделі тіркес болып бөлінеді. Мысалы: *алтын сырға, зәулім үй* – жай тіркес те, *ақ боз ат, сары ала шапан* дегендер күрделі тіркестер.

Сөздердің байланысу тәсілдері

Сөздер өзара тіркескенде бір-бірімен әр түрлі тәсілдер арқылы байланысады;

Сөздер өзара қосымшалар арқылы, әсіресе жалғаулар арқылы байланысады;

Сөздер бір-бірімен септеулік шылаулар арқылы байланысады;

Сөздер өзара ешбір жалғаусыз, шылаусыз, түбір тұлғаларында тұрып байланысады;

Сөздердің арасындағы мағыналық байланыс кейде дауыс ыстағы арқылы да беріледі.

Байланыс түрлерінің алғашқысы – синтетикалық байланыс, ол сөз тіркесі құрамындағы сөздердің қосымшалар арқылы байланысуы (емханаға келу, дәрігердің кеңесі), ал аналитикалық байланыс дегеніміз – сөздердің қосымшасыз орын тәртібі, интонация, шылаулар арқылы байланысуы.

Сөздердің байланысуының 4 тәсілі бар: 1) *жалғаулар*, 2) *шылаулар*, 3) *сөздердің орын тәртібі*, 4) *интонация* арқылы байланысу.

Тұрақты сөз тіркесі, фразеологиялық тіркес – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер тобы. Тұрақты сөз тіркесі құрамындағы сөздер өздерінің дербес мағыналарынан ажырап, жеке-дара сөздерге балама ретінде жұмсалады, олардың

тіркестегі мағынасы жеке тұрғандағы мағынасына сай келе бермейді (көре алмау – қызғану; бетінен оты шығу – ұялу, т.б.). Тұрақты сөз тіркесі бірнеше топқа жіктеледі: идиомалық тіркестер немесе идиома (жүрек жалғау; қырық пышақ болу); мақал-мәтел (Ақыл – тозбайтын тон, Білім – таусылмайтын кен. Білім – арзан, білу – қымбат.).

Тұрақты сөз тіркесі қатарына бұлардан басқа екі, кейде одан да көп сөздердің қатар жұмсалыуынан жасалып, бастапқы мағынасын сақтай отырып, бір ұымды білдіретін тіркестер (лексикалық тіркестер) де кіреді. Мысалы, көз салу, қол ұшын беру т.б.

ОҚЫЛЫМ

1-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді оқыңыз. Сөйлемдердегі жалғау арқылы байланысқан сөз тіркестерін табыңыз.

Дәрігердің басты міндеті – өмір бойы қоғам үшін оқу» деген беделді клиницист А.А.Остроумовтың сөзі бүгін де маңызын жойған жоқ. Дәрігердің қарапайымдылығы – ең қажетті қасиеттердің бірі. Медицина саласын таңдау үшін үлкен жүрек керек. Батылдық, жан жылуы, өзгелерге жәрдем беру – барлық дәрігерлерге тән қасиет. Дәрігерлер жүрегінде Гипократ антын сақтап еңбек етеді, өмір сүреді. «Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты» деген А.Шопенгауэрдің сөзін ескерсек, өз ісінің білгірі атанған мықты дәрігер адамға бақыт кілтін табыстаушы ғажап жан. Батпандап кірген кеселдің мысқылдап шығуының өзі дәрігердің кәсіби білімі мен тәжірибесіне тікелей байланысты. Дәрігер ең алдымен ауру адамды ықыласпен тыңдай білуі, жылы сөзімен үміттендіре білуі қажет. Дәрігердің айтқан сенімді, ақылға қонымды, жылы сөзі сырқатқа қорқынышты жеңуге көмектеседі, оның сауығып кетуіне деген сенімін нығайтады.

2-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді оқыңыз. Орын тәртібі арқылы байланысқан сөз тіркестерін табыңыз.

Күздің алғашқы суығы. Тау жақтан соққан жел гуілдеп, қардың ұшқынын байқатады. Көңілсіз, тұманды түннің жан түршіктіретін қара суығы қаһарлы...Қатты жел көк пен жерді бір-біріне соқтырғандай. Аспандағы ай-жұлдыз, жердегі жәндіктен ешбір белгі жоқ. Айнала алай-дүлей болып тұтасып алған.

3-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді аударыңыз. Сөйлемдердегі сөз тіркестерінің байланысу түрлері мен тәсілдерін талдаңыз.

Культура общения

Культура общения является важной составляющей практически любой профессии. Успешное лечение зависит не только от профессионального мастерства врача, но и от его таланта общения с больными, с их родственниками, с коллегами, от этического и эстетического воспитания, культуры общения, которая с одной стороны выражается в умении держать себя сдержанно, тактично, но, соблюдая собственное достоинство.

Для формирования доверительному отношению к врачу особое значение имеет первое впечатление, а также тон и громкость речи, мимика и жестикуляция. По манере здороваться с больными, можно судить об общей и профессиональной культуре врача. Каждому врачу необходимо внимательно выслушивать пациента, четко и ясно отвечать больному, точно выявлять проблемы, которые привели пациента к врачу.

Речь самого врача должна быть вежливой, учтивой и располагающей к дальнейшей беседе. Необходимо уважительно обращаться к пациентам и коллегам на «Вы». Речь врача должна быть доступной и понятной каждому пациенту. Значительную роль в речи врача играет интонация, которая соотносится с текстом, мимикой, жестами, скоростью речи и т.д.

Тактичность, гибкость и эмпатия необходимы врачу всякий раз, когда следует совершать над собой усилие, выслушивая пациента, претензии родственников, замечания коллег. Выбранный стиль общения в профессиональном мире также играет важную роль в формировании профессионального имиджа. Пренебрежение со стороны начальства, как и заискивающее отношение младшего медицинского персонала наносят вред авторитету врача. Почтительное обращение к коллегам, так же как и белый цвет медицинского халата, подчеркивает чистоту и высокий смысл профессии. От нравственного впечатления, производимого врачом, зависит отношение к нему как к личности, возможность и эффективность сотрудничества для достижения результатов.

Врач должен помнить, что приветливая добродушная улыбка и открытый взор порой исцеляюще действуют на пациента, еще до того, как доктор произнесет хоть слово. Такому врачу больной с радостью расскажет о своих бедах, будучи уверенным, что этот человек его выслушает и поймет. Итак, очевидно, что каждому врачу необходимо обладать высокой культурой профессиональной речи, основой которой должен быть литературный язык.

2.1 Сөздердің байланысу формалары

Қазақ тіліндегі сөздердің байланысуының бес түрі бар: 1) қиысу; 2) матасу; 3) меңгеру; 4) қабысу; 5) жанасу.

Қиысу – сөз бен сөздің жіктік жалғауы арқылы немесе жіктелу ретімен бастауыштық және баяндауыштық қатынаста жақ жағынан үйлесе байланысқан түрі. Мысалы, Мен сөйлеймін (I ж.), сен сөйлейсің (II ж.), олар келеді (III ж.), біз дайындаламыз (I ж.).

Матасу – сөз бен сөздің ілік септік жалғауы мен тәуелдік жалғауы арқылы байланысуы. Мысалы, Алматың үйі, ағаштың бұтағы, менің жолдасым, т.б.

Меңгеру – сөз бен сөздің барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септік жалғаулары арқылы байланысқан түрі. Мысалы,

балаға мейірімді, үзілісті күту, тауда жолығу, мектептен келу, еңбекпен табу, т.б.

Қабысу – сөз бен сөздің ешбір жалғаусыз, тек орын тәртібі арқылы іргелес байланысқан түрі. Мысалы, кең бөлме, орындалған арман, тоғызыншы сынып, үйдегі қызық оқиға, т.б.

Жанасу – сөз бен сөздің ешбір жалғаусыз, кейде алшақ кейде іргелес тұрып байланысуы. Мысалы, телефон арқылы сөйлесу, үйге дейін бару, әдейі келу.

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКА

1. ЖАТТЫҒУ. Матасу тіркесін жаса.

_____ жемісі. _____ ағасы.

_____ озаты. _____ азаматы.

_____ жиһазы. _____ сөзі.

3. ЖАТТЫҒУ. Сөйлемдері сөз тіркестеріне ажыратып жаз.

1. Адамдар еркіндік алғанда ғана еңбек сүйгіш бола алады.
2. Өйгерім хаттың хабары жайсыз екенін Абай жүзінен сезді де, сүйек шкафтаң Абайдың көзілдірігін әперді.
3. Елім менің жерге бай, айдынды шалқар көлге бай.
4. Кеше күні бойғы әңгімеде Абай өз әкесі туралы үлкен кісілердің аузынан ең алғаш сын сөздерін есітті.
5. Жүріп келе жатқан жолдарында шаң жоқ, тұтас, тығыз аласа көк бетеге, жасыл шалғын бар.
6. Кілем көрне төсеулі, күмістеткен сары ала тегене ешнұрлы, керектінің бәрі бар, артық ешнәрсе жоқ.
7. Келген үшеудің бірі Жабай еді, өз қолынан болған іске өкініш сезініп, енді олардың бетіне қарамауға тырысты.
8. Қорқып тұрған атты алқымынан алды да, омбы қардан шығармай жығып алды.

9. Әлден уақытта екі атты кісі келді де, мені ағаштан шешіп алды.

10. Жанай балуан қайратты әрі үнемі қол бастайтын болат жүректі адам еді.

6-ЖАТТЫҒУ. Қабысу тіркесін жасаңыз.

Айдын шалқар _____ Қызықты _____
 Асқар _____ Көркейген _____
 Жиналған _____ Кеңпейілді _____

7-ЖАТТЫҒУ. Байланысу түрлеріне қарай ажыратыңыз.

№	Мысалдар	Қиысу	Матасу	Меңгеру	Қабысу	Жанасу
1.	Алғашқы ойлар					
2.	Еңбек кестесі					
3.	Уақыттан тыс					
4.	Сендер барыңдар					
5.	Биыл тапсырды					
6.	Әлсін қол соғады					
7.	Білгенге маржан					
8.	Үш құрдас					
9.	Біздің мамандық					
10.	Сен студентсің					

Қорытынды тест

1. Сөздердің байланысу тәсілі неше түрге бөлінеді?

- А) 4
- Ә) 5
- Б) 2
- В) 6

2. Мен сөйлеймін. Байланысудың қай түріне жатады?

- А) Матасу
- Ә) Меңгеру
- Б) Жанасу
- В) Қиысу

3. Шатишаң қимылдау. Байланысудың қай түріне жатады?

- А) Қиысу
- Ә) Меңгеру
- Б) Жанасу
- В) Матасу

4. Тұрақты сөз тіркесін тап?

- А) Дархан дала
- Ә) Ғұмырнама
- Б) Мұзға отырғызып кету
- В) Кедей-кепшік

5. Берілген ретіне қарай сөз тіркестерінің байланысу түрін анықта:

Ағаштың бұтағы, хат алу, қалың орман

- А) Матасу, қабысу, жанасу
- Ә) Меңгеру, қиысу, қабысу
- Б) Қабысу, меңгеру, жанасу
- В) Матасу, меңгеру, қабысу

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

«Н» әрпінен басталатын жалғыз, бірақ әдеби нормаға әзірше енген сөз – «нөң» («мұзтау», «айсберг» сөздерінің синонимі). Ресми қолданысқа түскен жазба – есімі көпшілікке аян сатирик Оспанхан Әубәкіровтің «Нөң» өлеңі.



3. ОРФОГРАФИЯ ПРИНЦИПТЕРІ

Орфографиялық ережелер 1) кейбір әріптердің қолданылуы, 2) түбір сөздер мен қосымшалардың жазылуы, 3) сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылуы, 4) шылаулардың жазылуы, 5) сөздердің тасымалдануы, 6) бас әріптің қолданылуы деген практикалық сауаттылықтың мәселелерін қарастырады.

Кейбір әріптердің қолданылуы.

Сөздің түбірі мен негізі (түбір морфема мен туынды морфема) сөз басы (анлаут), сөз ортасы (инлаут), сөз аяғы (аулаут) деген үш бөліктен тұрады. Қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстар сөздің кез келген бөлігінде естілгенмен, жазыла, қолданыла бермейді, яғни тіл дыбыстары буын тандайды. Сондықтан да кейбір дыбыстардың қолданылуы шектеулі. Дыбыстардың буын тандауы мен қолданылуының шектеулі болуы жалпы алғанда түркі тілдерінің, жекелей алғанда қазақ тілінің табиғи заңдылығымен тікелей байланысты. Мәселен: 1) қазақ тілінен негізінен ә, о, ө, ұ, ү секілді дауысты дыбыстар сөздің ортаңғы және соңғы буындарында естілгенмен, жазылмайды, себебі қазақ тілі өзүлік үндестіктегі тіл болып қалыптасқан; 2) қазақтың төл сөздеріндегі ұяң дауыссыздарға (ж, д, б және 3-дан басқа) сөз аяқталмайды. 3 ұяң дауыссызына аяқталатын сөздердегі (сіз, біз, көз) 3 дыбысының тарихи грамматика деректері бойынша бір кезде көптік жалғауы болуымен байланысты, ж, д, б ұяң дауыссыздарына аяқталатын сөздердегі (баж, уәж, жад, баб) ж, д дыбыстарының араб-парсы сөздерімен қатысты, қазақтың түбір төл сөздерінде екі дауысты немесе екі дауыссыз қатар келмейді, қатар келе қалса, олар не туынды сөз, не басқа тілден енген сөз.

3.1 Дауыстылардың жазылуы

а) Ө әрпі негізінен бірінші буында жазылады: әділдік, әлемдік, әуе, кәрілік, кәмелет.

- Ә әрпі екінші буында естілгенмен, а әрпі жазылады: бәтуа (келісім), тәкаппар, Жәмила.

- Кейбір сөздердің екінші буындарында естілетін ә әрпі жазылады: күнә, сірә, шүбә, кінә.

ә) О, ө әріптері негізінен бірінші буында жазылады: орындық, оқшау, өсімдік, өктемдік, өсиет.

- алдыңғы буындағы ө еріндік дыбысының ісетінен екінші буындағы е дыбысы ө болып естілгенмен, е әрпі жазылады: төртеу, жөндеу, жөргек.

б) Ұ, ү әріптері көбінесе бір буынды сөзде, сөздің бірінші буынында жазылады: құтқару, мұрын, сұрыптау, мүгедек, сүйек.

- алдыңғы буындағы ұ, ү еріндік дыбыстарының әсерінен келесі буындағы ы, і, а жазылады: бұйрық, түрік, күміс, дұдамалдану (сенер-сенбесін білмеу).

в) Ы, і әріптері сөздің барлық буынында жазыла береді: тін-тың, ілім-ғылым, ескі, қосшы.

- Ы, і дыбыстары қазақтың төл сөздерінде сингармонизм, ассимиляция заңдылықтарын сақтағанмен, кейбір кірме, бөгде сөздерде бұл заңдылықтарға бағына бермейді: қабілет, қасірет, құдырет, кітап, мұғалім.

- Ы, і кейбір сөздерде естілгенмен, жазылмайды: яғни, медресе, сахна.

3.2 Қосымшалардың жазылуы

Қазақ тілінде буын үндестігіне / сингармонизмге бағынбай жазылатын 3 түрлі құбылыс бар:

1) Парсы тілінен енген -кір, -паз, -қор, -қой, -гер, -кеш, -гөй, -хана, -тал, -дар жұрнақтары түбір сөз буындарының жуан-жіңішкелігіне, түбір сөздің дауыстығы немесе дауыссызға аяқталуына қарамастан жоғарыдағы тұлғаларын, яғни дыбыстық құрамын сақтап жалғанады. Мысалы: білім-паз, арда-гер, жем-қор, бап-кер, әзіл-қой, түйе-кеш, дана-гөй, сезім-тал, білім-дар.

2) Қазақ тіліндегі тәуелдеу ұғымын білдіретін -нікі, -тікі, -дікі (баланікі, науқастікі, қыздікі) жалғауы және -мен, -бен, -пен

(қанмен, аяқпен, қызбен) секілді көмектес септігінің жалғаулары дыбыс үндестігіне бағынғанмен, буын үндестігіне бағынбайды.

3) Орыс тілінен енген к, г дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымшалар буын үндестігіне қарай жалғанғанмен (медик+қа, эндокринолог+қа) ассимиляция заңдылығы сақталмайтын қатаң дауыссыздар ғана жалғанады (эндокринолог+тың, педагог+пен).

- Рк, рг, ке, нг, нкт деген дауыссыз дыбыстар тіркесіне аяқталған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары жіңішке болып жалғанады: парк+ке, пункт+те, ал ск, кт, нк дауыссыз дыбыстар тіркесіне аяқталған сөздерге жалғанатын жіңішке қосымшалар - і аралық (дәнекер) дыбысы арқылы жіңішке буын қосылады: Өмекті+де, шланг+і+ден, банк+і+мен.

- Жіңішкелік белгісіне (ь) аяқталған аз буынды сөздерде буын үндестігі сақталмауы да мүмкін (ноябрь+де, ансамбль+дің), ал көп буынды сөздерде сингармонизм заңдылығына бағынады (календарь+лық, бандероль+ға). Ал жалғанатын қосымша дауыссыздан басталса, жіңішкелік белгі түсіріліп (календар+і, кабел+і).

ОҚЫЛЫМ

І-ЖАТТЫҒУ. Мәтіндердегі орфографиялық ережелердің сақталу-сақталмауын түсіндір.

Қымыз

Қымыз – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең бағалы дастарқан дәмінің бірі. Ол тек қана бие сүтінен ашытылады. Қазақтың ұғымында ең дәмді қымыз ысталған ыдыста сақталады. Қымызды ағаш күбіге немесе торсыққа ыстайды. Ысталған қымыз тәтті болу үшін қымызға жылқының қанысын немесе жалын салып қойып, көп піседі. Алғашқы қымызды ауылдың қарияларын шақырып таттыру рәсімін орындаған. Ол ырымдар бие сүтінің мол болуын тілеуге, бата беруге арналған.

Бөрік

Қазақтың ұлттық бас киімдері өте көп. Бөрік – қазақтың ертеден келе жатқан бас киімі. Бөрік қыстық бөрік, жаздық бөрік болып екіге бөлінеді. Бөрікті қыздар да, ер адамдар да киеді. Аңның терісімен немесе қымбат матамен тысталады. Аңның терісіне қарап оларды құндыз бөрік, кәмшат бөрік, түлкі бөрік деп атайды. Қыздар киетін бөріктің төбесі төрт сайлы болып келеді және үкі тағылады. Асыл тастармен көмкеріліп, күміс теңгелерден салпыншақ тағылады.

Тамақ түрлері

Адам баласы тамақ ішпей тұра алмайды. Деніңіз сау болу үшін, жақсы тамақ ішу керек. «Ас – адамның арқауы» деп бекер айтпады. Тамақ арқылы адам ағзасы ақуыз, май, көмірсу, минералдық заттар, түрлі витаминдер қамтамасыз етіледі.

Тамақ мәзірінің түрі тұрған жерімізге байланысты. Қытайдың оңтүстігінде күріш, ал солтүстігінде кеспені көбірек жейді. Жапон елінде адамдар балық, Орталық Еуропада ет тағамдарын молырақ пайдаланады.

Қазіргі кезде азық-түлікті жер шарының бір түкпірінен екінші екіншісіне тасымалдауға болады. Қалған томға қол жеткізуге болады.

Түркістан қаласы

Түркістан – Қазақстанның көне қалаларының бірі. Бұл қала еліміздің оңтүстік аймағында орналасқан. Түркістан қаласы қазақ халқының тарихы мен тығыз байланысты. Орта ғасырларда Қазақ хандығының ордасы болады. Қасиетті Түркістанды «Екінші Мекке» деп атаған.

Қазір Түркістан – тарихи және туристік қала. Түркістанға келгендер алдымен Қожа Ахмет Йасауи кесенесіне барады. Кесененің жанында шығыс моншасы бар. Жер астында қырық төрт бөлмеден тұратын ғибадатхана салынған. Түркістан қаласы Қожа Ахмет Йасауи атымен әлемге әйгілі болды.

Бүгінгі Түркістан – үлкен, әсем қала. Мұндағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде мыңдаған қазақстандық жастар білім алады. Түркістан қаласының келешегі зор.

ЖАЗЫЛЫМ

1. ЖАЗЫЛУ. Мәтіндерді аударып, орфографиялық араластырып сақтап жаз.

Тема

Специфические особенности девиантного поведения личности

Девиантное поведение личности – это поведение, которое не соответствует общепринятым или официально установленным социальным нормам (существующим законам, правилам, традициям и социальным установкам). Девиантное поведение и личность, его проявляющая, вызывают негативную оценку со стороны других людей. Девиантное поведение наносит реальный ущерб личности или окружающим людям, т.е. может носить деструктивный или аутодеструктивный характер. Девиантное поведение – это преимущественно стойко повторяющееся поведение (многократно или длительно). Для того чтобы поведение можно было квалифицировать как девиантное, оно должно согласовываться с общей направленностью личности. Девиантное поведение следует рассматривать в пределах медицинской нормы. Девиантное поведение сопровождается различными проявлениями социальной дезадаптации. Девиантное поведение обладает выраженным индивидуальным и половозрастным своеобразием. Таким образом, девиантным называется устойчивое поведение личности, отклоняющееся от наиболее важных социальных норм, причиняющее реальный ущерб обществу или самой личности, а также сопровождающееся социальной дезадаптацией.

2-мәтін Как работает ОСМС?

В рамках системы ОСМС оказание медицинской помощи будет осуществляться за счет активов Фонда социального медицинского страхования (далее – Фонд).

Государство будет осуществлять взносы в Фонд за социально уязвимые категории населения, работодатели – за наемных работников, а работники и самозанятые граждане – за себя.

Таким образом, взносы делают все, и каждый отвечает за свою зону ответственности: государство – за развитие системы здравоохранения и поддержку социально уязвимых слоев населения, работодатели – за условия труда работников, граждане – за состояние своего здоровья и профилактику заболеваний. В этом проявляется принцип солидарной ответственности системы ОСМС между государством, работодателем и гражданами.

Кто является участником ОСМС?

Участниками системы обязательного социального медицинского страхования становятся все граждане Казахстана, а также оралманы, иностранные граждане и члены их семей, постоянно проживающие на территории Казахстана.

Каждый участник системы сможет получить доступ к необходимому ему объему медицинской и лекарственной помощи, не зависящему от суммы его взноса – пакет обязательного медицинского страхования для всех одинаков.

3-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді аударыңыз.

Тыныс алу жүйесі

Тыныс алу дегеніміз – ағза және сыртқы орта аралығындағы газ алмасу үрдісі. Ағза оттегіні сіңіріп, көмір қышқыл газын бөліп отырады. Адам оттегісіз өмір сүре алмайды. Оттегі жасушалар мен ұлпалардың тыныс алуы мен өз қызметтерін атқаруы үшін қажет. Тыныс алу жүйесі оттегін қан

айналу жүйесіне өткізеді. Ал оттегі қанның құрамындағы гемоглабинмен бүкіл денеге таралады.

Тыныс алу мүшелеріне мұрын қуысы, аңқа, көмей немесе көмекей, кеңірдек, өкпе және бронхылар жатады. Тыныс алу мүшелері тыныс алу, газ алмасу, дыбыс шығару қызметтерін атқарады.

Тыныс алу жолы мұрын қуысынан басталады. Мұрын қуысының жоғарғы, төменгі және екі бүйір қабырғалары болады. Жоғарғы қабырғасы мұрын сүйектері мен шеміршектерден түзіледі. Мұрынның ортаңғы пердесі мұрын қуысын тең екі бөлікке бөледі. Мұрын қуысының ішкі қабырғасын шырышты қабықша астарлайды. Онда көптеген қан тамырлары, бездер және түкті эпителий орналасқан. Мұрын қуысы тыныс алу және иіс сезу бөлімдеріне бөлінеді. Мұрында ауа залалсызданады, ылғалданады және жылынады.

Мұрын қуысынан ауа аңқаға, одан кейін көмейге (көмекейге) барады, көмейден кеңірдекке өтеді.

Көмей (көмекей) – мойынның алдыңғы жағында орналасқан іші қуыс шеміршекті мүше. Оның ішкі бетін шырышты қабықша астарлап жатады. Қабырғасы шеміршектерден түзілген. Шеміршектердің арасында – 2 дыбыс сіңірлері болады, олар да шеміршекке бекиді. Ер адам көмекейінің орташа ұзындығы 44 мм – дей. Әйелдердің көмекейі кішілеу дыбыс сіңірлері қысқа болғандықтан, даусы жіңішке болады, оның орташа ұзындығы 36 мм.


Кеңірдек – көмейдің жалғасы, іші қуыс, түтік пішінді шеміршекті мүше. Оның ұзындығы шамамен 9-12 см, диаметрі 15-18 мм. Кеңірдек доға тәрізді, 16-20 шеміршекті сақиналардан тұрады. Кеңірдек бесінші арқа омыртқасының тұсынан оң және сол жақ өкпеге баратын 2 бронхыға тармақталады.

Бронхы (грекше «bronchus» - тыныс алқымы) кеңірдектің жалғасы. Ішкі беті кілегейлі қабықшамен қапталған. Бронхылар оң және сол өкпеге кіреді. Өкпеде олар өте көп тармақтарға бөлінген. Ең жіңішке тармақтары *бронхиолдар* (грекше «bronchioli» – кішірею) деп аталады. Бронхиолдардың ұштары шоғырланып, іші ауаға толы өкпе көпіршіктерімен

(альвеолалармен) аяқталады. *Альвеоланың* (латынша «alveolus» - ұяшық, көпіршік, қуыс) диаметрі 0,2-0,3 мм, қабырғалары бір қабат эпителий жасушаларынан тұрады. Көпіршіктердің саны 300-350 миллиондай.

Өкпелер кеуде қуысында орналасады. Әр өкпе өкпеқаппен қапталған. Ерлердің өкпесінің биіктігі 27-30 см, әйелдердікі 21-23 см. Оң жақ өкпе сол жақ өкпеден үлкендеу болады. Оң өкпе 3 бөлікке, сол өкпе 2 бөлікке бөлінген. Ересек адам өкпесінің тіршілік сыйымдылығы 3500 см^3 . Адам минутына орта есеппен 16-18 рет тыныс алады. Осы мезгілде өкпе 8 л. ауа өткізіп, өміріне аса қажет газ алмасуды қамтамасыз етеді.

4-ЖАТТЫҒУ. Ұсынылған диаграмма бойынша мәтіннің интеллект-картасын жасаңыз.



ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКА

1. Біріккен сөзді көрсетіңіз.

- А) құжат
- Ә) хаттама

- В) өмірбаян
- В) тапсырыс

2. «Не?» сұрағына жауап беретін нұсканы көрсетіңіз.

- А) кең даңғыл
- Ә) тар көшеде
- В) жол қиылысы
- В) бағдаршамға қарау

3. -іе қосымшасы жалғанатын сөзді көрсетіңіз.

- А) айт
- Ә) жең
- В) тала
- В) сөйле

4. Қималды білдіретін сөзден жасалған заттың атауын көрсетіңіз.

- А) көйлек
- Ә) тоқыма
- В) аяқкиім
- В) беторамал

5. -лік қосымшасымен жаңа мағыналы сөз жасаңыз.

- А) бір
- Ә) жүз
- В) он екі
- В) отыз бір

6. Дұрыс жазылмаған атауды көрсетіңіз.

- А) «Қайрат» футбол клубы
- Ә) «Баланап» балалар арнасы
- В) «Думан» ойын-сауық орталық
- В) «Құлынишақ» балалар бақшасы

7. Дұрыс жазылған атауды көрсетіңіз.

- А) Қарағандының қаласының әкімдігі

- Ә) Ұлытау аудандық мәдениет үйі
- Б) Абайды әдеби-мемориалдық мұражай
- В) Абай атындағы Опера және балет театры

8. Бағытты білдіретін сөзбен келген сөйлемді табыңыз.

- А) Ол медицина университетіне бара жатыр.
- Ә) Анамды радио арқылы құттықтадым.
- Б) Бұл еңбек қазақ тіліне аударылмаған.
- В) Әр демалыста осында жиналамыз.

9. Себебі көрсетілген сөйлемді табыңыз.

- А) Ол дәрігерлермен жұмыс істейді.
- Ә) Бұл лауазымның жалақысы жоғары екен.
- Б) Тілшілер елдегі жаңалықты бірінші біледі.
- В) Жұмыстың көптігінен сенбі күні демалған жоқпын.

10. Салыстыру мәнді сөйлемді табыңыз.

- А) Біздің университетте тарихи кітаптар көрмесі өтті.
- Ә) Мерекелік іс-шарадан кейін бірден үйге келдім.
- Б) Кітаптар көрмесі тауарлар көрмесінен әлдеқайда қызықты болды.
- В) Науқас анықтамасын 1-қабаттағы бөлімнен аласыз.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін алғаш құрған ғалым – «Алаш» қозғалысының көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы.

Қорытынды тест

1. Орфография бойынша дұрыс жазылғанын табыңыз.

- А) Иіу
- Ә) Ию

- Б) Иию
- В) Иу

2. Орфография бойынша дұрыс жазылғанын табыңыз.

- А) Айыаналасу
- Ә) Айуан
- Б) Айаксыз
- В) Аюан

3. Орфоэпия нормасына сай жазылғанын табыңыз.

- А) Көрік
- Ә) Жасса
- Б) Күңгірт
- В) Қосжан

4. Орфоэпия нормасына сай жазылғанын табыңыз.

- А) Көз жазбау
- Ә) Қожазбау
- Б) Кое жазбау
- В) Көж жазбау

5. Орфография заңдылығының орнын көрсетіңіз.

- Жүзім, Әрік.
- А) Туынды сөзде
- Ә) Кое сөзде
- Б) Түбір сөзде
- В) Біріккен сөзде



4. СӨЙЛЕМДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ ОРЫН ТӘРТІБІ

Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі дегеніміз – сөйлем мүшелерінің сөйлем ішіндегі синтаксистік байланыс заңдылықтарының сақталуы, яғни қиысатын, матасатын, меңгерілетінг қабысатын (жанасатын) сөздердің өз орындарының сақталуы. Немесе қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің хабарлы сөйлемдерде бастауыштың баяндауыштан, пысықтауыштың пысықталатын мүшеден, анықтауыштың анықталатын мүшеден, толықтауыштың толықталатын сөзден бұрын орналасатындығы. Сондықтан да сөздердің орын тәртібі синтаксистік байланыс, сөйлем мүшелік тұрғыда тұрақты. Ал бастауыш, пысықтауыш, толықтауыш, анықтауыштар өзара орын ауыстыра беруі мүмкін, жылжымалы.

Мәселен: *Әбіш биыл да жазғы демалысқа елге қайтқан. Биыл да Әбіш жазғы демалысқа елге қайтқан. Әбіш жазғы демалысқа биыл да елге қайтқан. Биыл да Әбіш елге жазғы демалысқа қайтқан.*

ОҚЫЛЫМ

1-ЖАТТЫҒУ. Мәтіндерді оқып, сөздердің орын тәртібі ережелерінің сақталғандығын түсіндір.

Ақсақ киік

Басқаларынан оқшау қала бастаған жаралы киік оқ тигеніне карамастан, шоқтап келеді. Құс сияқты қанаты болмаса да, жерден биік көтеріле алмаса да, жас киік әлі ширақ көрінеді. Бірақ киік пен шапқан аттар арасындағы қашықтық бірте-бірте қысқара түсті.

Келей ауылдың сыртында ойнап жүрген топ бала бұл көрініске таңырқай қалыпты. Киіктер көзден таса болып, кутанышалар әбден көрінбей кеткенше топ бала аттылар соңында қалған бозғылт шаңның сүреңіне қарады да тұрды. Ойресе, топ ішіндегі жасы онға жаңа келген қыз бала әлгі көрініске зер сала қарады. Жас болғанымен оның жүрегінде әлде бір аяңның ізі қалып қойғандай еді.

Жапонияда жаңа жылды қарсы алу дәстүрі

Жапондар жаңа жылды түнде қарсы алмайды. Олардың Жаңа жылы бірінші қаңтар күні, таңмен бірге басталады. Таң алдында жапондар үйлерінен шығып, көтеріліп келе жатқан жаңа жылдың алғашқы күнін қарсы алады. Сауық-сайран содан кейін басталады.

Кіізге сыйлық тарту – жапон ұғымында үлкен құрмет. Сондықтан Жаңа жыл күні әдемі кимоно киген әйелдер мен барын үетіне киіп, сәнденіп шыққан еркектер біріне-бірі сыйлық таратады. Жапондар Жаңа жыл дәстүрі бойынша, көшеге қолдарына қарағайдың, тал, қарақаттың бұтақтарымен безендірілген бамбук шыбық ұстап шығады. Жапон халқының ырымы бойынша, қолына бұл күні әлгіндей әшекейлі бамбук ұстап шыққан адамға қарағай жасының ұзақтығы, бамбуктың беріктігі, қарақаттың тез өсеттері дариды-мыс.

ЖАЗЫЛЫМ

2-ЖАТТЫҒУ. Мәтіндердегі орны ауыстырылып берген сөздерді дұрыс орналастырып орында.

Дастарханға нан қалай келді?

Нан, тарихының, тамыры, сонау, заманға, ежелгі, жатыр, кетіп. Ғалымдардың, қарағанда, пікіріне, ол, он, бес, жылдан, мың, асса, керек. Алғашқы, нанның, әйтсе, де, өсімдігі, бидай,

да, сұлы, арпа, мен, да, емес, кәдімгі емен екен. Заманда, ерте, адамдар, емен, жаңғағынан, мол, алып, өнім, үгіп, онан ұн жасаған. Бұдан, бес, жыл, мың, бұрын, адамдардың, жаңғақтарынан, емен, ұн, жасап, пісірген, нанның, қалдықтарын, Кировоград облысының, аумағындағы, Триполь, елді, мекенін, қазу, жұмыстар, археологтар, жүргізген, тапқан.

Дәнді, дақылдарды, егуді, қолдан, оның, дәнінен, жасауды, ұн, адамдар, бірте-бірте, меңгерген. Сұйық, ботқа, – біздің, қазіргі, нанмыздың, түрі, бастапқы, болған. Африка, ал, мен, Азияның, бірқатар, елдерінде, күнге, әлі, дейін, нан, орнына, осындай, қолданады, быламықтарды.

Тоғызқұмалақ

Спорттың, көп, түрі. Бірі, – күшті болуға, екіншісі, – жылдамдыққа, үшіншісі, баулиды, табандылыққа. Ал, тағы түрі, бір, үйретеді, ойлауға. Оларға, жатады, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ.

Тоғызқұмалақ, – казак, ұлттық, халқының, ойыны. Бұл, ойында, тастарды, сүйек, ұяларға, тоғыз-тоғыздан, отыру, түсіріп, керек. Тоғызқұмалақ, – есептеуді, жылдам, тез, қабылдауды, шешім, қажет, күрделі, ететін, ойын. Тоғызқұмалақта, бір, ойынды, күн, жарты, немесе, күн, бір, ойнайды.



Ақын, ұлы, Абай, ойынының, тоғызқұмалақ, шебері, болған. Абай, үлкен, тоғызқұмалаққа, мән, берген. Ол, атақты, ойыншыларды, жиырма-отыз, күн, шақырып, бойына, сайыс, өткізіп, отырған. Бұл, Мұхтар, туралы, Әуезовтің, кітабында, «Абай жолы», жақсы, жазылған.

3-ЖАТТЫГУ. Мәтінді сөздердің орын тәртібі ережелерін сақтап, аударыңыз.

Ораторское искусство

Ораторское искусство – навык, необходимый каждому современному человеку. В современном обществе люди постоянно пользуются красноречием: в переговорах на работе, публично выступают перед сотрудниками или слушателями, ведут прямые трансляции в социальных сетях. Современное общество построено на основах риторики: дикторы, начальники, журналисты, друзья постоянно пытаются в чем-то убедить, маркетологи убеждают в необходимости приобрести товар или услугу. Для убедительности речи все используют факты, доводы, аргументы и причины.

Ораторское мастерство характеризуется умением оратора публично подавать свою речь, грамотно излагать мысль, увлекая слушателя, защищая свою точку зрения. Ораторское искусство включает в себя сочетание психологии, риторики и актерского мастерства.

Цель ораторской практики – изложить свою позицию перед слушателем (оппонентом) с помощью подготовки устной речи и отработанных техник риторики. Ораторское искусство, как социальное явление, появилось вместе с необходимостью публичного обсуждения проблем и решения общественных вопросов.

Риторика – это наука, которая занимается изучением красноречия и мастерства публичных выступлений. Ораторская речь – необходимый навык, который можно развить, натренировать и постоянно совершенствовать. Умение красиво и правильно доносить свою мысль может пригодиться в любой

ситуации. Настоящие ораторы могут рассуждать на любые темы и аудитория готова слушать их часами.

Понятие об ораторском искусстве имеет три определения:

достижение высокой степени мастерства публичных выступлений, качественной речи и владения живым словом;

ораторское искусство, также понимают, как науку и учебную дисциплину о красоте слова;

ораторство — это сложная смесь навыков, которая выливается в творчество публичной речи.

Публичное выступление требует не только знания правильного построения речи, но и других ценных качеств лектора:

- знания и умения — прежде всего, оратор должен быть развит интеллектуально, иметь широкий кругозор и уметь поддерживать множество тем для разговора, уметь грамотно отвечать на вопросы;



- важным пунктом в умении красиво говорить является практика;

- психологическая подготовленность оратора (он не должен бояться провала или неудачного выступления, должен обладать собой и не выводиться на провокации публики);

- важно понимать психотип своей аудитории, чтобы уметь сразу произвести на нее впечатление. Все должно быть уместным и подходящим к теме выступления.

- Для усовершенствования мастерства красноречия важна практика и тренировки, в домашних условиях можно выполнять следующие несложные упражнения:

- работа со словарем — каждый день необходимо запоминать по 10 новых слов и их значений, при этом записывая в свой карманный маленький словарь. При выполнении данного упражнения развивается лексикон, память и интеллект, что очень важно для успешности публичных выступлений;

- пересказ — простые пересказы газетных статей или страниц из книг, с каждым разом нужно увеличивать объем текста и его сложность;

- важно часто выполнять различные упражнения на дыхание — они помогут справиться с силой голоса, понять правильность тембра, научат понимать себя и свою внутреннюю силу.

АЖАТТЫҒУ. Мәтінді аударыңыз.

Тірек-қимыл жүйесі

Қаңқа мен бұлшық ет тірек қимыл жүйесін құрайды. Денені қимыл-қозғалысқа келтіреді және ішкі мүшелерді қорғайды. Адамның қаңқасы өзара буындар қалтасы және сіңірлер арқылы жалғасады. Адамның қаңқасында 220-дай сүйек бар. Қаңқа омыртқа жотасын, кеуде қуысын, бассүйек, иық белдеуі (қол) сүйектерін және жамбас белдеуі (аяқ) сүйектерін құрайды.

Қаңқа — дененің тірегі, ал бұлшық ет қимыл-қозғалысты қамтамасыз етеді. Адамның қаңқасының өзіне тән ерекшелігі бар. Оның негізгі ерекшелігі мынау — қолдың құрылысы адамның еңбек етуіне байланысты икемделген, ал, аяқ сүйектері дененің салмағын ұстап, жүріп-тұруға бейімделген, сондықтан бұл сүйектер жуан және мықты болады.

Адамның денесіндегі сүйектер бірімен-бірі байланысты болады. Сүйек байланысының 3 түрі болады: қозғалмайтын,

қозғалмалы және жартылай қозғалмалы. Қозғалмайтын сүйектерге – бас сүйек және жамбас, жартылай қозғалмалы – омыртқа жотасы, қозғалмалы сүйектерге буын арқылы жалғасқан сүйектер, яғни қол, аяқ, иық және қабырғалар жатады. Денедегі барлық сүйектер пішіні, мөлшері жағынан ұзын сүйектер, қысқа сүйектер, жалпақ сүйектер деп бөлінеді.

Ұзын сүйектерге қол-аяқ сүйектері жатады. Ұзын сүйектер – жілік деп аталады. Жілік денеге таяныш болады. Бұл сүйек тығыз заттан тұрады. Оның іші қуыс болады, онда жілік майы бар. Жіліктің екі басы сүйек кемігінен түзіледі. Сүйек кемігінде қан жасушалары түзіледі.

Жалпақ сүйектердің ұзындығы мен ені әр түрлі, олар жұқа болады. Бұларға жауырын, бассүйек, қабырға, төс, жамбас сүйектері жатады. Қысқа сүйектер денеге мықтылық қасиет береді және иілмді жерлерде орналасады. Олар: омыртқа, табан және қол сүйектері.

Бас сүйек ми сауыты мен бет сүйегі бөлімдерінен тұрады. Ми сауыты жұмыртқа тәрізді. Оның ішінде ми болады. Ми сауыты қозғалмайтын сүйектерден құралады. Оларға төбе, самай, маңдай және шүйде (қарақұс), жақ сүйектері жатады. Бет сүйектері үстіңгі және астыңғы жақ сүйектерінен, мұрын, таңдай, көз ұясы, тіл асты сүйектерінен тұрады. Бұлардың ішінде тек астыңғы жақ сүйек қана қимылдайды.

Тұлға қаңқасы омыртқа жотасы және қабырғалар мен төссүйектен тұрады. Омыртқа жотасы – тұлғаның негізгі тірегі. Адамда омыртқалардың саны 33-34, олар: 7 мойын омыртқа, 12 арқа омыртқа, 5 бел омыртқа, 5 сегізкөз және соңғы төрт-бесуеуі құйымшақ деп аталады.

Арқа омыртқалары мойын омыртқаларынан ірілеу, көлбеу орналасқан, олар қабырғалармен жалғасады. Бел омыртқалары басқа бөлімнің омыртқаларымен салыстырғанда жалпақ, әрі үлкен, бұл – бел бөлімінің көбірек қозғалуына әсер етеді. Сегізкөз омыртқаларының 4 жұп тесіктерінен жұлын жүйкелерінің тарамдалған ұштары шығады. Құйымшақ омыртқалары қалдық ретінде тұтасып кеткен. Тек бірінші омыртқада омыртқаның кейбір белгілері ғана сақталған.


Қалғандары біртіндеп кішірейген. Барлық омыртқалар бір-бірімен шеміршек, бұлшық ет, сіңірлер арқылы байланысып, омыртқа жотасын құрайды. Омыртқа жотасы тұлғаны алға, артқа, бүйіріне қарай иіп-қозғалту арқылы түрлі қимылға келтіреді.

Бұғана мен жауырын бірігіп иық белдеуін құрайды. Кеуденің сыртқы жағына орналасқан жалпақ, үшбұрышты сүйек жауырын деп аталады. Иық белдеуі қол сүйектерінен тұрады. Қол сүйектері екі ұзын сүйектен: тоқпан жілік пен кәрі жіліктен тұрады. Білезік сүйек, алақан және саусақ сүйектері – қол басы сүйектері болып саналады.

Жамбас белдеуі жалпақ жамбас сүйегінен, ортан жіліктен, тізе, асықты жіліктен, өкше сүйектен (толарсақ), табан сүйектері мен башпай сүйектерінен құралады.

Сүйектің құрамында минералды тұздар мен минерал элементтер болғандықтан, минералды алмасуға қатысады.

АЖАТТЫҒУ. Ұсынылған диаграмма бойынша мәтіннің шешендік картасын жасаңыз.



БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Бұлшық ет туралы қызықты мәліметтер

Мамандардың айтуынша, адам денесінде 400-ден 680-ге дейін бұлшық ет түрлері бар. Бірақ олардың нақты санын айту мүмкін емес.

Сіздің салмағыңыздың 40%-ы, яғни 20-30 кг бұлшық еттерге тиісті.

Адам денесіндегі ең үлкен бұлшық ет – сан бұлшық еті. Ол денедегі ең үлкен жамбас сүйегін қозғалысқа келтіреді.

Бұлшық еттердің ең көп шоғырланған жері – адамның беті. Осы себепті біздің мимикамыз сан алуан түрлі бола алады.

Адам денесіндегі ең мықты бұлшық ет жақтың бұлшық еті екен. Сіз тамақ шайнағанда ол 190 кг күшпен қыса алады.

Аяқты қозғалысқа келтіретін бұлшық еттердің саны 19 екен. Олар бір-бірімен байланысқан жұмыс нәтижесінде табаныңызды қозғалтады.

Ал бір қадам жасау үшін сіздің 200 бұлшық етіңіз іске қосылады. Күнделікті орташа бір адам 10 000 қадам жасайтынын есепке алсақ, аяқ бұлшық еттері өте мықты екенін айта аламыз.

Жүрек адам денесіндегі мықты бұлшық еттердің бірі. Өз күшімен ғана ол адам ағзасындағы бар қанды 4 қабатты үйдің биіктігіне көтере алады.

Сіздің денеңіздегі бұлшық еттің 50%-ы аяқ бұлшық еттері, 30%-ы қолға, 20%-ы бас және басқа бөліктерге тиесілі.

Қарапайым күлкі адам бетінің 40 бұлшық етін іске қосады.

10 жылда адам өзінің бұлшық етінің 3%-ын жоғалтады.

Бұлшық еттердің саулығы адам өмірінің ұзақтығына тікелей әсер етеді екен. Сондықтан бұлшық еттерді жаттықтырып, шымыр қылу өте маңызды.

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКА

6-ЖАТТЫҒУ. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыз.

Әдетте, біз аурудан сақтана білеміз бе? Меніңше, біз соңғы кезде денсаулыққа көп бөлмейміз. Күнделікті жұмыс,,, –

бейнаны бәрі денсаулыққа зиян. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын ізде» дейді халқымыз. Сондықтан біз күнделікті өмірде бірнеше минутты денсаулық бөлуіміз керек. Яғни, кем дегенде жылына екі рет тұруымыз керек.

7-ЖАТТЫҒУ. Көп нүктенің орнына тиісті септеулік шылауларды қойыңыз.

Үгіт: Ауырмау үшін зиянды нәрселерден аулақ болыңыз!

1. Ауа райына ... дұрыс киіну керек.

2. Сергек жүру... уақытымен ұйықтау керек.

3. Тонбау... жылы киіну керек.

8-ЖАТТЫҒУ.

1. Ұлттық зергерлік бұйым атауы бар сөйлемді белгілеңіз.

A) Ұзын шаш ерекше күтімді қажет етеді.

Ә) Шаш күтіміне қатысты ақпарат өте көп.

Б) Ұзын шаш қыздарға ерекше көрік береді.

В) Шашқа шолпы тағу сәнге айналып келеді.

2. Ұлттық музыкалық аспап атауын табыңыз.

A) даңғыра

Ә) қапсырма

Б) бастырма

В) жаубүйрек

3. Мақсат мәнді сөйлемді табыңыз.

A) Гимн аспаптың бірінші қабатын жалға алу үшін келісімшарт жасауға кетті.

Ә) Анықтамаға ұйым жетекшісінің қолы қойылған соң мөрмен бекітіледі.

Б) Бұйрық тіркеліп, үш күннің ішінде барлық қызметкерге таныстырылады.

В) Жобаға қатысатын шетелдік ғалымдарды әуежайдан күтіп алдық.

4. Аяқталған іс-әрекетті білдіретін сөйлемді белгілеңіз.

А) Болжам бойынша, биылғы қыс жылы болуы ықтимал.

Ә) Күн күрт суытып, кешеден бері үздіксіз жаңбыр жауып тұр.

Б) Қатқан мұзды еріту үшін тұз бен құм аралас қоспа қолданылады.

В) Олар көшенің қарын тазалап, көктайғақ жерлерге тұз сеуіп шықты.

5. Асты сызылған сөзге қойылатын сұрақты көрсейіңіз.

Жақсының айтқаны келмейді, жаманның сандырағы келеді (Мәтел).

А) не?

Ә) кімі?

Б) қандай?

В) не істеп?

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

Қазақ тілінде ер адамның жасын білдіретін 15-тен астам сөз бар: шақалақ (жаңа туған бала), шарана (40 күнге дейін), нәресте (1 жасқа дейін), бөбек (1-ден 2 жасқа дейін), сәби (2 жас), бүлдіршін (2-ден 3 жасқа дейін), балдырған (3-тен 5 жасқа дейін), ойын баласы (8-ден 12 жасқа дейін), сығыр (12-ден 15 жасқа дейін), ересек бала (15-тен 16 жасқа дейін), бозбала (16-дан 19 жасқа дейін), жасжігіт (20-дан 30 жасқа дейін), құржігіт (30-дан 40 жасқа дейін), ер түлегі (40-тан 50 жасқа дейін), жігіт ағасы (50-ден 60 жасқа дейін).

Қорытынды тест

1. Барыс жалғауында тұрған өздік есімдігін табыңыз.

А) Өзіміз.

В) Өзімен.

С) Өзіне.

Д) Өзі.

Е) Өзінде

2. Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысқан қабысуды табыңыз.

А) Балаларды жинау.

В) Үйіне қарай кету.

С) Далағашығу.

Д) Ну орман.

Е) Гүл өсіру

3. Есім сөзден жасалған туынды зат есімді табыңыз.

А) Өзат.

В) Ойыншық.

С) Азамат.

Д) Үшқыш.

Е) Суырма

4. Есімді сөз тіркесін табыңыз.

А) Жоғары шық.

В) Торы алаат.

С) Келебер.

Д) Айтып сал.

Е) Ала кел.

5. Негізгі зат есімді табыңыз.

А) Егін.

В) Өке.

С) Бұрғы.

Д) Кітапхана.

Е) Балықшы.

6. Қосымша арқылы байланысқан сөз тіркесін табыңыз.

А) Мектепке дейін жүгіру.

- В) Кең дала.
- С) Бүгін келді.
- Д) Колхоздың бас агрономы.
- Е) Көпір арқылы өту.

7. Жіктік жалғауының екінші жағында сыпайы түрде тұрған сөзді табыңыз.

- А) Әкімге.
- В) Әкімсіз.
- С) Әкімбіз.
- Д) Әкімдер.
- Е) Әкіммін.

8. Есімшені анықтаңыз.

- А) Келген.
- В) Сөйлей.
- С) Қарап
- Д) Жазып.
- Е) Бергелі.

9. Туынды сөзді табыңыз.

- Қалада, әкемнің.
- Түндік, өнерпаз.
- Атадан, арамен.
- Көкесі, әкесі.
- Баладан, ұстаздан

10. Зат есімді тіркесті табыңыз.

- А) Күміс білезік.
- В) Ол жазып отыр.
- С) Сағын сындырды.
- Д) Оқыған менмін.
- Е) Он жеті мың.

11. Тұрлаулы мүше – бастауыш қай сөз табынан, белгілеңіз.
Білгенің – бір тоғыз,

Білмегенің – тоқсан тоғыз.

- А) Етістік.
- В) Есімдік.
- С) Есім.
- Д) Көсемше.
- Е) Есімше.

12. Тәуелдік жалғаулы сөзді көрсетіңіз.

- А) Тұлам.
- В) Сенім.
- С) Анарым.
- Д) Сөзді.
- Е) Айттық.

13. Туынды сөзді табыңыз.

- А) Еңбектен.
- В) Еңбегін.
- С) Еңбекші.
- Д) Еңбекті.
- Е) Еңбекпен.

14. Мына сөздердің қайсысы жіктеліп тұрғанын көрсетіңіз.

- А) Оқыды.
- В) Етті.
- С) Еңбекті.
- Д) Ақылды.
- Е) Оқыды.

15. Сөз тіркесінің байланысу тәсілін белгілеңіз. Жұқа кітап.

- А) Септік жалғау.
- В) Орын тәртібі.
- С) Дауыс ыргағы.
- Д) Шылау.
- Е) Жалғау.

16. Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөзді табыңыз.

- A) Зейнетпен.
- B) Зейнеткер.
- C) Зейнеті.
- D) Зейнетін.
- E) Зейнет.

17. Сөздердің жалғау арқылы байланысу тәсілін көрсетіңіз.

- A) Қызыл сиыр.
- B) Отыр екен.
- C) Өзің үшін үйрен.
- D) Үшінші сынып.
- E) Үйге келсем.

18. Орын тәртібі арқылы байланысқан сөздерді анықтаңыз.

- A) Атам сөйлесті.
- B) Күздік бидай.
- C) Басшылық етті.
- D) Күзге салым.
- E) Заводқа кірді.

19. Интонация арқылы байланысқан сөздерді анықтаңыз.

- A) Жолдас жігіт.
- B) Оның кітабы.
- C) Көркем шығарма.
- D) Тарс-тұрс.
- E) Асан – студент.

20. Сан есімнің сөйлемдегі қызметін белгілеңіз. *Жиынға алтысқа тарта адам жиналды.*

- A) Бастауыш.
- B) Анықтауыш.
- C) Толықтауыш.
- D) Пысықтауыш.
- E) Баяндауыш.



5. ПУНКТУАЦИЯ

Пунктуация – жазуда, оқуда, сөйлеуде, ойды басқаға түсіндіруде, сондай-ақ бөгде біреудің ойын түсіну мақсатында қолданылатын тыныс белгілері ережелерінің жиынтығы. Пунктуация жазба мәтіннің мазмұнын дұрыс түсінуге, оның анық-жанауын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Тыныс белгілері арқылы сөйлем жігі ажыратылады. Пунктуация орфография сияқты жазу тілінің дұрыс берілуін қамтамасыз ететін көмекші белгі. Пунктуациялық сауаттылық – адамның жалпы сауаттылығының айғағы.

Пунктуацияның бірнеше принциптері:

Грамматикалық принцип. Грамматикалық принцип дегеніміз – тыныс белгілерін грамматикалық ережелер негізінде қою.

Мағыналық принцип. Мағыналық принцип дегеніміз – сөйлемнің тыныс белгісін синтаксистік категориялар мен синтаксистік тұлғалардың мағынасына негіздеп қою.

Интонациялық принцип. Интонациялық принцип дегеніміз – сөйлемнің тыныс белгісін синтаксистік категориялар мен синтаксистік тұлғалардың сазына, нақышына, айтылуына және естілуіне қарай қою.

Интонация грамматикамен (синтаксиспен) тығыз байланысты, яғни сөйлемнің айрықша белгісі болып есептеледі.

Сөйлеуші тілінің шеберлігі, логикалық ойының өткірлігі, жазу, әдеби мәтіндерді талдау кезінде іске асырылады. Сөйлеуге байланысты мынадай талаптар қойылады: мазмұнды сөйлеу, дәл сөйлеу, жүйелі сөйлеу және мәнерлі сөйлеу.

Интонация екпінмен, дауыс кідірісімен (жазуда сызықшаның қойылуы) байланысты тыныс белгілерін дұрыс қолдана білудің негізгі шарты. Бұдан интонацияның тыныс белгілерімен тікелей байланысы келіп шығады.

Қазақ тілінің пунктуациясы грамматикаға, мағына және интонацияға негізделеді, екінші сөзбен айтқанда сөйлемнің

грамматикалық құрылысына, мағынасына, интонациясына қарап қойылады.

Пунктуациялық белгілерге жататындар: үтір (,), нүкте (.), сұрау белгісі (?), леп белгісі(!), нүктелі үтір (;), кос нүкте (:), сызықша (-), дефис (-), көп нүкте (...), жақша (), тырнақша («»). Бұлар да әріптер сияқты жазбаша тілдің элементтері болып табылады, ауызша тілді жинақы жеткізуге қызмет етеді.

5.1 Нүкте.

1-кесте

1. Нүкте тиянақталған ойды білдіретін хабарлы сөйлемдерден кейін және лепсіз айтылған бұйрық, тілек мәнді сөйлемдерден кейін қойылады. Хабарлы сөйлемдер құрылысына қарай толымды, толымсыз, атаулы, жай, құрмалас болып келе береді.	<i>Көкек айы. Мал төлдеп, құс ұялаған кез. Әмірқан, Дәулетжан үшеуіміз Керуенкөлге құс атуға бардық (Ж.Аймауытов).</i>
2. Әрі қарай кең түрде баяндауды ескертетін сөйлемдерден кейін кос нүкте қойылмай, нүкте қойылады. Бұл баяндаудың өзі бірнеше сөйлемдерден құралады, көбінесе, жаңа жолдан басталып жазылады.	<i>Мен іркіліп қалдым. Оның себебі төмендегі еді. Адамқұлды мен бірінші рет көтерілістің алғашқы күндерінде көрдім. О кезде таныса қоюға уақыт болған жоқ... («Адамқұл дегеніміз осы» дегенге дейін бір бетке созылады. (С.Мұқанов).</i>
3. Цифр немесе әріптер арқылы санамаланып айтылған сөйлемдерден кейін нүкте, нүктелі үтір, кейде үтір қойылады. Санамаланып айтылған бірыңғай сөйлемдердің әрқайсысынан кейін нүкте қойылса, әрқайсысы бас әріптен басталып жазылады.	<i>Барлық сілтілердің төмендегідей ортақ химиялық қасиеті болады: 1) Олардың концентрациялы ерітіндісі жануарлар мен өсімдіктер тінін бұзады. 2) Сілтілер майларды сабынға айналдырады. 3) Сілтілер ерітінділерінде лакмустың және фенолфталеиннің түсі өзгереді («Химия» оқулығынан). Санамаланып айтылған бірыңғай</i>

	құрылымдардың (конструкциялардың) арасына нүктелі үтір (немесе үтір) қойылса, олардың әрқайсысы кіші әріптен басталып жазылады.
4. Қыстырма сөйлемді алу үшін алынған жақшаның алдындағы сөйлем аяқталып, оған тиеті таныс белгісінің бірі қойылған болса, қыстырма сөйлемнен кейін жақшаның ішінен нүкте қойылады.	<i>Ендеше, егер рұқсат етсе, сонда түсейік. Бүгін ас ішетін жеріміз де жоқ. Жататын қуыс болса болады. (Итбайдың бұлай деуіне себеп - қызын көрейін дегендік еді.)</i>
5. Драмалық шығармаларда әр сөйлеуші кейіпкердің атынан кейін нүкте қойылады. Кейіпкердің атынан кейін ремарка келсе, ол кіші әріптен жақша ішіне алынады да, нүкте жабылған жақшадан кейін қойылады.	<i>Амангелді (атып тұрып). Кешігіп қалыпсыз, мырза! (Г.Мүсірепов)</i>
6. Дәйексөздің, келтірілген мысалдың қайдан екенін, несібін көрсететін сөздер жақшаға алынады. Егер ашылған жақшадан алдында ешқандай таныс белгісі болмаса, жақша жабылған жерге нүкте қойылады. Егер ашылған жақшаның нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі не көп нүкте тұрса, нүкте жақшаның ішіне қойылуы мүмкін.	<i>Қансонарда бүркітші шығады аңға (Абай). Егер жау берілмесе, оны құртар болар! (М.Горький.) Бұлақты таудан арна ақса, Теңіз болар аяғы. (Жамбыл).</i>
7. Бас әріптен немесе басқы буынан шартты түрде қысқартылып алынған адам, кітап, газет, журнал, шығарма, т.б. аттарының соң қысқартылған әріптен не буынынан соң нүкте қойылады.	<i>С.Мұқанов, А.Құнанбаев, Шығ.</i>
8. Драмалық шығармалардағы жақшаға алынатын	<i>Баян (аз ойланып). Үш түрлі шарт қойсам, орындармысың?</i>

ремаркалардың тыныс белгілерінің орналасу тәртібі мынадай: а) ремарка кейіпкердің атынан кейін қатар келгенде, нүкте жақшаның сыртына қойылады. ә) ремарка кейіпкердің сөзінің ішінде екі сөйлемнің арасында немесе кейіпкер сөзінің аяғында келсе, нүкте жақшаның ішіне қойылады; жақшаның алдынан сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады.	<i>Амангелді. Миша! (Жайнаққа.) Әкет мыналарыңды! (Жайнақ Жапарларды айдап әкетеді.)</i>
9. Тағысын тағы, тағы сондайлар, тағы басқа деген сөздер қысқартылып қолданылғанда, олардан кейін нүкте қойылады. Бұлардан басқа қысқартылып нүкте қойылатын сөздер:	<i>т.б., т.с., т.т. ж. - жыл; г. - ғасыр; сек. - секунд, мин. - минут; сағ. - сағат</i>
Ескерту: Мынадай қысқартуларға нүкте қойылмайды: 1) Бас әріптерден және буындардан қысқарған сөздердің әріптерінің немесе буындарының арасына 2) Ұзындық, көлем өлшемдерінің және басқаларының қысқартылып қолданылатын шартты белгілерінен кейін 3) Цифрдан немесе оның орнына алынған әріптен кейін жарты жақша (айшық) қойылса, одан кейін нүкте қойылмайды. ҚазҰУ, мемтерминком км, м, см, га, а(ампер), С(Цельсий)	<i>ҚазҰУ, мемтерминком км, м, см, га, а(ампер), С(Цельсий)</i>

5.2 Сұрау белгісі.

2-кесте

1. Кім? Не ? Қандай? Қашан? т.б. сұрау есімдіктері арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден кейін.	
2. Ма, ме, ба, бе, па, пе, ша, ше сұраулық демеуліктері арқылы жасалған сөйлемдерден кейін	
3. Шығар, болар, қайтеді сөздерінің баяндауыш құрамында келуі арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден кейін.	
4. Баяндауыш құрамында <i>ғой, -ау</i> демеулік шылаулары мен <i>ә</i> одағайы келген жағдайда сұрау белгісі қойылады.	
5. Мағынасына қарай сұрау интонациясы арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден кейін.	
6. Автор мәселенің талас я күдікті екендігін көрсетіп, оқушы назарын аударғысы келгенде, немесе бір пікірге келісе алмайтындығын білдіргенде, дәйексөздің ішінде белгілі бір сөзден не сөйлемнен кейін жақша ішіне алып не сұрау белгісін, не леп белгісін, не екеуін қатар қояды, кейде бір белгінің өзін екі-үш қайталап қояды. Бұл, көбінесе, сын библиографиялық шығармаларда кездеседі.	<i>Поэмадағы кейбір олақ құрылған сөз тізбектері мен әсерсіз шумақтарды да айтпай кетуге болмайды: Еңбек – кеме, матрос - мен кемеде Оны сүймек сыбаға пешенеме(!) (Қ.Шаңғытбаев «Ақын және өмір шындығы»)</i>

5.3 Сұрау белгісі қойылмайтын жағдайлар:

3-кесте

1. Құрмаласқан жай сөйлемдердің алғашқылары сұраулы сөйлем болса, олардан кейін де, сөйлемнің ең соңына да сұрау белгісі қойылмайды, тұтас сөйлемнің типіне қарай не нүкте, не леп белгісі қойылады.	<i>Бүгін қойды кеш сауып болған ба, немене, ымырт жабылып қатты (М.Әуезов).</i>
2. Сөйлем ішінде ма (ме,ба,бе,па,пе) және соған жалғас деп (деген) сөздерімен келген сұрау мағыналы тіркестерден (күрделі пысықтауыштан) кейін сұрау белгісі қойылмайды, сөйлемнің соңына тұтас сол сөйлемге тиісті тыныс белгісі қойылады.	<i>Абай Оспанды мерт бола ма деп қорықты.</i>
3. Ішінде сұраулы сөйлем жасайтын элементтері бар сәлемдескенде айтылатын сөйлемдерден кейін сұрау белгісі қойылмай, леп белгісі қойылады. Олар тікелей жауап қайтаруды тілемейді, сол сияқты сөздермен қайыра сәлемдесуді ғана қажет етеді	<i>- Есенсіз бе! - деді Асқар Айбалаға кеп, кім екенін танымай. (С.Мұқанов)</i>

5.4 Леп белгісі.

4-кесте

1. Қандай, неткен есімдіктері сұрау мәнін білдірмей, тандану, қуаныш мағынасын білдіріп тұрса, сөйлемнің соңынан леп белгісі қойылады.	<i>Әрі ақылды, әрі сұлу болып, құс падишасы атанудың өзі қандай! Неткен сұлу, сүйкімді құстар еді! (Ы.Кененбаев)</i>
2. Гажап, тамаша, керемет сияқты сөздерге де ерекше тандану мағынасын сыйғызып айтқанда дауыс көтеріңкі шығады. Мұндай жағдайда да леп белгісі қойылады.	<i>Қарап отырсаң, құмырсқалар тіршілігінің өзі – адам ақылына сыймайтындай гажап бір керемет нәрсе! (Ы. Кененбаев).</i>
3. Одағай сөздерден кейін және құрамда одағай сөздері бар сөйлемдердің соңына да леп белгісі қойылады.	<i>Қазақстан! Пай,пай, пай! Ардағым-ай! Сен менің Шолпанымсың жсанған ұдай, Өзіңде өмір сүрген қандай бақыт, Өлмейтін махаббатым, арманым-ай! (М.Мақатаев.)</i>
4. Қаратпа сөзден және көтеріңкі дауыспен айтылған қаратпа сөзді сөйлемдерден кейін де леп белгісі қойылады.	<i>Атырмай, Туған жер-ай! Теңдесер кім, Бұл жерге сен болмасаң келмес едім. (М.Мақатаев).</i>
5. Тілек, өтініш сарынындағы бұйрықты сөйлемдерден соң да леп белгісі қойылады.	<i>- Айганиша ана, пана бола көріңіз! (Г.Мүсірепов)</i>
6. Әллі, қатаң бұйрық мағынасындағы сөйлемдерден кейін леп белгісі қойылады.	<i>Сол арада Ербол, Абылғазы, Дәркембайдың үндері саналы ызамен екіленіп, бірлесе шықты: - Құлат мына үйлерді! Жық! Домалат! Ал жулып баспанасын! - десті. (М.Әуезов).</i>
7. Алғыс, рақмет, бата, тілекті сөйлемдерден соң леп белгісін қою қажет.	<i>Есік жақтағы Ііс келтірден бастап барлық қартаң әйелдер: - Айналайын,келінжар, оркенің өссін!</i>
8. Сәлемдескенде айтылатын, ішінде сұраулық шылауы бар тіркестерден кейін леп белгісі қойылады.	<i>Армысыз, ардақты ата! (Г.Мүсірепов).</i>

5.5 Көп нүкте.

5-кесте

1. Сөйлеуші белгілі бір себептермен (қатты асып-сасу, ентігу, тұтығу, әлсіреу т.б.) сөздерін, ойын бөліп-бөліп айтқанда, бір сөздің ішіндегі әріптердің арасына немесе сөйлем ішіндегі сөздердің арасына, ал ойы бітпей қалғанда, сөйлемнің соңына көп нүкте қойылады.	<i>Құдайберді есікке көзімен нұсқап: - Адам бола ма?!. Болар ма!.. Інілерің міне... Кім боларын...Не көрерін қайдан...білейін,-деді (М.Әуезов).</i>
2. Көп нүкте алынған цитаттың бас жағынан, ара-арасынан және соңынан сөйлем не сөздер қалдырылған жерге қойылады.	
3. Жазушы айтып келе жатқан оқиғаның жалғасын созбай, әрі қарай тоқтатады да, көп нүкте қояды.	<i>Абайдың ілгері созып келе жатқан оң қолы жібек шымылдыққа тиген кезде, алдынан қарсы қозғалып келе жатқан Тоғжанның ыстық саусақтары мұның бетіне тиіп еді. Дірілдеген демдері қосылып, ыстық еріндері енді айрылмастай табысқан-ды... (М.Әуезов).</i>
4. Айтылып келе жатқан ойға кенет, тосын, күтпеген немесе өте алшақ жатқан нәрсе (оқиға, зат, қимыл т.т.) қосылып кетсе, оның алдынан көп нүкте қойылады.	<i>XIX ғасырда қазақтың жалпы халықтық тілін негіз еткен үлгілерге Абай, Ыбырайдан бастап, қазақ әдебиеті уәкілдерінің мұралары, ауыз әдебиеті нұсқалары, шығыс классик әдебиетінің қазақша жырланған үлгілері, баспасөз, оқулықтар, жазылған көпшілік кітапшалар және... христиан дінін уағыздайтын миссионерлік әдебиет жатады (Р.Сыздықова).</i>
5. Айтуға, естуге қолайсыз, тұрпайы сөздердің орнына	<i>Қарашы, сөзін қарашы ... қаскөйдің, жоқ қылайын сен итті!- деп</i>

жазуда көп нүкте қойылады да, мағынасы контекст арқылы ұғынылады.	<i>Әзімбай тап берді (М.Әуезов).</i>
6. Тарихи, ғылыми деректердің қолжазбаларда уақыт әсерімен өшіп, жойылып кетуі де кездеседі. Оларды жариялағанда, сілтеме жасағанда осындай көрінбеген, түсініксіз болып тұрған жердің орнына көп нүкте қояды.	<i>Соғыстық. Күлтегін Баигы боз атқа мініп шапты. Екеуін өзі құртты. («Күлтегін» жырлан).</i>

5.6 Сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілері.

Сөйлем құрамында кездесетін тыныс белгілері сөйлем ішіндегі кей сөздердің мағынасын, қызметін, қолдану себебін анықтай, ерекшелік көрсету қызметін атқарады. Ойдың кімге бағытталғандығын немесе автордың көзқарасын, белгілі жайтты санапалап, дәлелдеп, түсіндіре отырып жеткізу мақсатын көздейді. Оларға үтір, сызықша, нүктелі үтір, қос нүкте, жақша, тырнақша жатады.

Үтір

Сөйлем ішіндегі ең көп қолданылатын белгінің бірі – үтір. Ол бірыңғай мүшелердің арасына, окшау сөздердің арасына, айқындауыш сөздер мен құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің ара жігіне қойылады. Үтірді қойғанда тыныс белгілерін қолданудың үш принципін толық есте сақтау керек. Олай болмаған жағдайда, сөйлемдегі ой айқындалмайды, тіпті түсініксіз болып, оқушысына, тыңдаушысына жетпейді.

1. Бірыңғай мүшелерге байланысты қойылатын үтір	
а) Бірыңғай мүшелер жалғаулықсыз келгенде, араларына үтір қойылады.	<i>Байдалы, Байсал, Сүйіндіктер Абайдың өзін ендігі ақылдарының ішіне ала отырып сөйлесті (М.Әуезов).</i>
ә) Да, де, әрі, я, яки, немесе не, әлде жалғаулық шылаулары бірыңғай мүшелермен қайталанып келсе, араларына үтір қойылады.	<i>Ашық түсті бояулары да, ұсақ шебер өрнектері де үйдің ішіне қызыл, жасыл көрік беріп тұр (М.Әуезов).</i>
б) Мен, және жалғаулық шылаулары қайталанбайды, ал бірыңғай мүшелердің арасында топтастыру, жинақтау мәнін білдіру керек болғанда, үтір бірыңғай мүшелердің ең соңғысының алдынан немесе бірыңғай мүшелерді жұптастырып барып қойылады.	<i>Ақан мен Орынбай, Алма мен Күміс Жеңістің отыз жылдығын өздеріңше тойлады (О.Бөкей).</i>
в) Да, де шылаулары етістіктен болған бірыңғай баяндауыштардың арасында қайталанбай келсе, шылаудан соң үтір қойылады.	<i>Базаралы үндеместен түйілді де, қатып қалды.</i>
Ескерту: Да, әрі, я, яки, немесе, әлде жалғаулық шылаулары екі бірыңғай мүшенің арасында қайталанбай тұрса, үтір қойылмайды.	<i>Тегінде, ертекіі, өлеңіі не басқа әңгімеіі адамға талай уақыт тапжылмай тесіле қарап қалу Абайдың кішкентай күнінен бергі әдеті еді (М.Әуезов)</i>

2. Оқшау сөздерге байланысты қойылатын үтір	
1. Қаратпа сөздерге байланысты қойылатын үтір а) Қаратпа сөз сөйлемнің басында келсе, үтір одан кейін қойылады. ә) Қаратпа сөз сөйлемнің ортасында келсе, үтір екі жағынан қойылады. б) Қаратпа сөз сөйлемнің соңында келсе, үтір оның алдынан қойылады.	- Әже, Ырысбектікіне мен де барайын ба? – Шырақтарым, жұмысты тоқтатпаңдар! (С.Мұратбеков). - Іше зой, айналайын, тағы ішіі. – Асықпаңыз, ата, балаларыңызды әлі-ақ көресіз (С.Мұратбеков). - Талаптарың жақсы екен, балалар! (С.Мұратбеков.).
2. Қыстырма сөздерге байланысты қойылатын үтір. Қыстырма сөздер, өздерінің аты айтып тұрғандай, айтушының сөйлемдегі ойға өзіндік пікірін білдіреді. Сондықтан олар үтірмен оқшауланып тұрады. Қыстырма сөздердегі үтірдің орны: а) Қыстырма сөз сөйлемнің басында келсе, үтір одан кейін қойылады. ә) Қыстырма сөз сөйлемнің ортасында келсе, үтір екі жағынан қойылады. б) Қыстырма сөз сөйлемнің соңында келсе, үтір алдынан қойылады.	Амал не, кітапты қойныма тықтым да, жатаққа келдім (Қ.Ысқақов). Бұл, шынында да, Нартай біле бермейтін даңалық еді (Қ.Жұмаділов). Аман-есен жүріп жатыр ма, әйтеуір (Қ.Жұмаділов).
3. Одағайға байланысты қойылатын үтір. Одағайлар көбінесе сөйлем басында келеді және адамның көңіл күйі сөзімдерін білдіретін болғандықтан, көтеріңкі интонациямен айтылады. Дауыс ырғағы көтеріңкі	- Әй, әже-ай, жоқты сұрайсың (Б.Майлин). - Ойбай, Шегендей емес шығарсың. Ол қандай ұн болғаны, атыр-ау? Білем, е, білем!

болғанда, одағайдан соң леп белгісі қойылады. Одағай көп жағдайда қаратпа сөздермен қатар келеді. Мұндай жағдайда одағай мен қаратпа сөздің арасына үтір қойылады. Одағай сөйлемнің басында келсе, үтір одан кейін, ал сөйлем ортасында келсе, үтір екі жағынан қойылады. Сөйлем соңында тұрған одағайдың алдында үтір қойылады.	
--	--

8-кесте

3. Оңашаланған айқындауышқа байланысты қойылатын үтір	
Оңашаланған айқындауыш – өзінің алдында тұрған мүшені мезгіл, мекен, заттық мағына жағынан дәлелдеп, айқындап тұратын сөздер. Сол себепті олар қай мүшені айқындаса, сол мүшемен тұлғалас келетіндіктен, сондай сұраққа жауап береді. Үтір айқындауыштың екі жағынан қойылады. Біздің ауылдың әу баста ұжымшар боп қалай құрылғанын біз, кейінгі жас ұрпақ, тек үлкендер айтқан әңгімелерден ғана білеміз (С.Мұратбеков).	Біздің ауылдың әу баста ұжымшар боп қалай құрылғанын біз, кейінгі жас ұрпақ, тек үлкендер айтқан әңгімелерден ғана білеміз (С.Мұратбеков).
4. Құрмалас сөйлемдерге қойылатын үтір	
а) Салалас құрмалас да, де, та, те, әрі жалғаулықтары арқылы байланысса, жалғаулықтардан соң; бірақ, дегенмен, әйтсе де,	Тоқтар оған қоштасып қол бұлтады да, арба соңынан жүріп кетті. Күн батып, ел орынға отыратын кез келді, бірақ бірде-бір адам тараған

сондықтан, өйткені, себебі жалғаулықтары арқылы байланысса, олардың алдынан; қайталанып келген әлде, кейде, бірде, біресе, не жалғаулықтары арқылы байланысса, екінші жалғаулықтың алдынан үтір қойылады.	жоқ. Ырысбек біресе гармонь тартты, біресе мондалині мен скрипкасын ойнады.
ә) Жалғаулықсыз ыңғайлас, себеп мәнді салалас құрмалас сөйлемдердің арасына үтір қойылады.	Әлдене сыбырлағандай болып еді, бір топ елік кесе көлденең өте берді (О.Бөкей). Мына сөз Нұрбекті де толқытқан болар, біразға дейін жасауға қатпады (Қ.Жұмаділов).
б) Сабақтас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдердің ара жігіне де үтір қойылады.	Енді кішкене жүрсек, өтіп те кетеміз. Шұға шын ауруға айналған соң, Есімбек жұмсайын деді (Б.Майлин).

9-кесте

5. Нүктелі үтір	
Нүктелі үтір – құрмалас сөйлемдер құрамындағы жай сөйлемдердің ара жігіне қойылатын белгі. Ол сөйлемдердің баяндауыш формаларына да байланысты болады. Нүктелі үтір төмендегідей жағдайларда қолданылады:	
а) Мағына жағынан жақын, бірін-бірі толықтырып тұратын және бірінші сөйлемдегі ойға екінші сөйлемдегі ой жалғас болып келетін, соған қарамастан, тәуелсіз, дербес мағыналы болғандықтан, жеке бөліп алып қолдануға болатын салалас құрмалас құрамындағы	Құбылып Бұрыл гүледі; Тау мен тасты өрледі; Төрт аяқты сермеді; Құлақтың түбі терледі («Қобыланды батыр»).

жай сөйлемдердің арасына нүктелі үтір қойылады.	
ә) Мағыналары жақын және бір-біріне тәуелсіз, кейде басыңқылары да, бағыныңқылары да бір сөзден жасалған не тұлғалас болып келетін, байланысу тәсіліне қарай аралас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдерінің басыңқысынан кейін нүктелі үтір қойылады. Бұлардың құрамындағы жай сөйлемдер саны үштен артық болады. Мағынасына қарай екі ұғымды қатар қойып салыстыру мәнін білдіреді.	<i>Тақыр жерге су төксең, тайғақ болар; Жаманға сырыңды айтсаң, тар жерде айғақ болар (Қазақ мақалдары).</i>
б) Өз ішінде үтірлері бар құрмалас сөйлемдердің баяндауыш тұлғалары әртүрлі болса да, жай сөйлемдердің арасын ажырату үшін нүктелі үтір қойылады.	<i>Ол аз десең, ақ бүйірін солқылдата жаншып, боздап тепловоз өтеді; соңында жылан құйрығындай шұбаған көмір, темір, сексеуіл тиеген төбесі ашық қызғылт вагондар. Үш-төрт көк ала қаз, үйрек жүзіп жүр екен; қаңқылдай қанаттарымен су сабалап қашып шықты (М.Сүндетов).</i>
в) Мағыналық тұтастығы бар болғандықтан, рет-ретімен әріптер не цифрлар арқылы санамаланып айтылатын сөйлемдерден кейін нүктелі үтір қоюға болады.	<i>Өмір шындығын қамту, адам мінезін ашу мүмкіндіктеріне қарай эпикалық жанр үш түрге бөлінеді: 1) шағын эпикалық түр; 2) орта көлемді эпикалық түр 3) кең көлемді эпикалық түр (З.Қабдол).</i>
г) Жайылмалы, әрі өз ішінде үтірлері бар бірыңғай мүшелердің арасына нүктелі үтір қойылады.	<i>Қала деген аты ғана болмаса, Н. қаласы екі қабат үлкен үйлер көшелерінде ғана бірен-саран кездесетін; өзге үйлерінің көбі бір қабат қана қарағай үйлер болатын; шет жақтарында ағаш үйден шым</i>

	<i>үй көп кездесетін; аз ғана жаңбыр себелеп өтсе, көшелерінен адам батпақтап жүре алмайтын; бірақ етек-жеңі мол; таусымақтау жерге жалпая салынған; Сібірде көп кездесетін үлкен бір деревня еді (С.Мұқанов).</i>
--	--

Сызықша

Сызықша – сөйлемдегі белгілі сөзді, сөйлемді, сөйлем мүшесін ерекшелеп, даралап, бөліп көрсету үшін және қызметі бірдей, мағынасы ыңғайлас сөздерді жинақтап, топтап, тұжырымдап айту үшін қойылатын белгі. Сондықтан ол сөйлемнің құрылысына да, сөйлемдегі жеке сөздердің мағынасына да, дауыс ырғағына да байланысты болып келеді.

10-кесте

1. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша	
а) Бастауыш зат есімнен немес заттанған басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та атау тұлғадағы зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады.	<i>Тіл – қоғамдық құбылыс. Соңғы келген үшеудің ортасындағысы – Құнанбайдың тағы бір тоқал шешесінен туған Жақып. «Ойтырмай» - өкінуді білдіретін одағай.</i>
Бастауыш та, баяндауыш та бір сөздің қайталануынан жасалуы мүмкін, бұл жағдайда да бастауыштан кейін сызықша қойылады. Баяндауыштың алдында не артында ғана, ғой т.б. сияқты шылаулар тұрса, сызықша қойыла береді	<i>Ар жазасы - бар жазадан ауыр жаза (М.Әуезов).</i>
	<i>Қаланың қасында көз толатын табиғат – шалқар көл ғана (С.Мұқанов). Адамды бақытты ететін – тек қана азат еңбек.</i>

ә) Бастауыш I,II жақты жекеше я көпше тұлғадағы есімдіктен, баяндауыш жіктік жалғауы түсірілген есімдердің біреуінен болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады	<i>Мен – тауда ойнаған қарт марал (Махамбет).</i>
б) Бастауыш та, баяндауыш та атау тұлғадағы сын есімнен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады.	<i>Жақсы – ісімен жақсы.</i>
в) Бастауыш та, баяндауыш та сан есімнен болғанда, екеуінің арасына сызықша қойылады.	<i>Үш жердегі үш – тоғыз.</i>
г) Бастауыш ол, бұл, мынау, сонау, анау деген сілтеу есімдіктерінен жасалып, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім немесе зат есім мағынасындағы басқа сөз табы болғанда, сілтеу есімдіктерінен кейін сызықша қойылады.	<i>Бірақ бұл – қайтқаны емес, толғанып қалып, бірнеше тәсіл тапқаны (Ғ.Мұстафин).</i>
ғ) Бастауыш - у жұрнақты етістіктен не ол араласқан тіркестен жасалса, баяндауыш атау тұлғадағы зат есімнен немесе - у жұрнақты етістіктен немесе керісінше болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады.	<i>Аз сөзді, көп мағыналы болу – мақал-мәтелдерге тән құбылыс. Мектептің міндеті – оқушыларға жан-жақты білім беру және тәрбиелеу.</i>
д) Бастауыш -ған, -ген, -қан, -кен жұрнақты есімшеден (не есімше аралас тіркестен) болса, баяндауыш не зат есім, не есімше, не есімдіктен жасалғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады.	<i>Бұған таяу отырған – Ыбырайдың Ысқағы (М.Әуезов). Менің жазып отырғаным – теңіз үстінде кездескен көріністерден, жолыққан адамдардан білгендерім (С.Мұқанов). Ән шырқаған – сол. Станцияға ең кең келген – осы.</i>
е) Бастауыш өзінен кейінгі сөзбен тіркесіп, сөйлемнің	<i>Отыз – алтыға қалдықсыз бөлінеді. Мен білмейтін – жер астында.</i>

басқа бір мүшесімен шатасып кететін болса, одан кейін сызықша қойылады (мұндайда баяндауыш қай сөз табынан, қандай тұлғадан жасалғаны шарт емес). Айтуда бастауыштан кейін пауза болады.	
ж) Бастауыш зат есім не заттанған басқа сөз табынан болып, баяндауыш болымсыздықты білдіретін емес сөзі тіркескен есімдердің бірінен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады.	<i>Туысым – аталасым емес, өзіммен мұңы бір, бейнеті бір жатақтар (М.Әуезов).</i>
з) Бастауыш алды (алдым, алдың), арты(артым, артың), қасым (қасы, қасың), үсті (үетім, үетін), асты сияқты көмекші есімдердің жалаң өзінен болып, баяндауыш та есім сөзден болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады.	<i>Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ (Абай).</i>
<i>Ескертулер.</i> Мынадай жағдайларда бастауыштан кейін сызықша қойылмайды: 1) Бастауыш атау тұлғадағы зат есімнен, баяндауыш жатыс септіктегі зат есімнен болғанда; 2) бастауыш зат есімнен, баяндауыш сын есімнен болғанда; 3) бастауыш зат есімнен, баяндауыш атау не жатыс тұлғадағы сан есімнен болғанда; 4) бастауыштан кейін оған жалғас сұрау есімдігі келген сөйлемдерде, баяндауыш атау тұлғадағы зат есім болғанымен, сызықша қойылмайды. 5) бастауыштан кейін сызықша қойылуға тиісті сөйлемдерде баяндауышқа еді,екен, болды, болады, болатын, болып табылады сияқты көмекші етістіктердің бірі тіркессе; 6) бастауыштан кейін сызықша қойылуға тиісті сөйлемдерде бастауыштан кейін қыстырма сөздер тұрса.	

11-кесте

2. Бірыңғай мүшелерден кейін қойылатын сызықша	
Сызықша бірыңғай мүшеден кейін келіп, өзінің алдындағы мүшелердің мағынасын жинақтап, топтастырып тұрған жалпылауыш сөздің алдына қойылады.	Үлкен үйде Ұлжан, Айғыз, Ділда – үшеуі ғана отыр екен (М.Әуезов).

12-кесте

3. Оңашаланған айқындауыш сызықшамен ажыратылатын жағдайлар	
а) Оңашаланған айқындауыш өз ішінде бірыңғай болып, үтір қажет болғанда, оны бірыңғай мүшеден ажырату үшін екі жағынан сызықша қойылады.	Біраздан кейін үйге Мақсұттың тағы бір-екі жолдасы – Жұмағұл мен Ақтай – кірді (М.Әуезов).
ә) Жалғаусыз зат есімнен жасалған баяндауыш өзін айқындайтын мүшеден сызықша арқылы бөлінеді	Бар тұлғасы Құнанбай тектес бұл жас әйел – осы үйдің келіні, Абайдың апасы – Мәкіш (М.Әуезов).

13-кесте

4. Құрмалас сөйлемдерге байланысты қойылатын сызықша	
а) Жалғаулықтары түсіріліп айтылған қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің арасына үтір мен сызықша қойылады.	Алдымызда Есімбектің үйі тұр, – Шұға көрінбейді (Б.Майлин).
ә) Жалғаулықсыз ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерде іс, оқиғаның бір мезгілде, бір ыңғайда тез, шұғыл өткенін білдірсе, арасына сызықша қойылады.	Оттың жарығына сағатын төседі – тоғыз болып қалған екен.

б) Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдердің баяндауышы сонша, соншалық, сондай, сол, мынау, себебі сөздерімен аяқталса, олардан кейін сызықша қойылады.	Ашуланғаны сонша – өңінде ызаның ұшқындары шашырап тұрды (Ғ.Мұстафин).
в) Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауышы шартты райдан жасалып, бағыныңқы сөйлемге ерекше мән беріле айтылса, одан кейін сызықша қойылады.	Отың жанбаса – қорлық, Құсың алмаса – қорлық («Қазақтың мақал-мәтелі» жинағынан).

14-кесте

5. Төл сөз бен автор сөзіне қойылатын сызықша	
Автор сөзі төл сөзден кейін келгенде, төл сөзден соң сызықша қойылады. Кейде автор сөзі де етістігінің көмегімен ақ келуі мүмкін. Егер төл сөз диалог түрінде болса, әр сөйлеушінің сөзінің алдынан сызықша қойылып, сөйлем жаңа жолдан жазылады.	– Қазақтың. Өзің де қазақтың ба? – деппін сасқанымнан, оның қазақша сөйлеп тұрғанын да ескермей. – Әрине. Бұл жақта негізін жүрсіз, ойбай-ау? (Т.Ахтанов.)
Автор сөзі төл сөздің ортасында тұрса, екі жағынан сызықша қойылады.	– Уай, мынауың болмайды, – деді, түсінемісің дегендей көзіме қадала қарап. – Ең алдымен, адамға бас керек (Ғ.Мүсірепов).

Қос нүкте.

15-кесте

а) Қос нүкте алдымен бірыңғай мүшенің алдына келген жалпылауыш және жалпылауыш мәнді сөзден кейін қойылады да, жалпылауыш сөздің мағынасын ашып көрсетіп тұрады.	<i>Абай жігіттері: Жиренше, Ербол, Базаралы, Мырзахандар да сол қонақ тосушылардың тобында жүр (М.Әуезов).</i>
ә) Салалас құрмаластағы біріне-бірі түсінік болып келген және өйткені, себебі деген жалғаулықтар түсіп қалып жасалаған жай сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады.	<i>Аюлар үйде жоқ: олар орман ішіне серуенге кеткен еді. Салған әні жан-дүниемді балқытты: даусы аса әсем екен.</i>
б) Төл сөздің алдынан келген автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады.	<i>Мені көріп қалған жерде: - Нәзира айналайын, сен біздің үйге неге келмейтін боп кеттің. Үйге жүр, – деп, үйіне ертіп әкелді (Т.Ахтанов).</i>
в) Бірыңғай мүшелерден бұрын келген мысалы, атап айтқанда деген қыстырма сөзден кейін қос нүкте қойылады.	<i>Адам баласының тамаша қасиеттері, атап айтқанда: табандылық, ерлік, қайсарлық – оның бойынан табылады.</i>

Жақша.

16-кесте

1) Сөйлемдегі негізгі ойды немесе бір сөйлем мүшесін айқындап, дәлелдеп, қосымша түсінік беру үшін қолданылатын қыстырма мәнді сөз, сөз тіркесі не сөйлем жақшаға алынады. Оның сөйлемнің басқа тыныс белгісіне қатысы жоқ. т.б.	<i>Жаз шыға бәріміз (әпкелерімді айтам) апам есіп берген жіпті алып тоғайға отынға аттанатынбыз. Елден келген азаматтарға бас-көз болып, олар да мені жан тартып (Құмырайдан басқасы), үйірсектеп жүргендіктен, бар жауапкершілік маған түскен (О.Бөкей).</i>
2) Драмалық шығармаларда кейіпкердің жүріс-тұрысын, іс-	<i>Нәзипа (кеудесіне басын қойып). Өкінейін бе? Солай ма? Мен дұрыс</i>

әрекет, көңіл күйін білдіретін автордың қосымша түсініктемелерін көрсететін сөздер, сөйлемдер жақшаға алынады.	<i>жасадым ба? Айтыңызшы ақиқатын?</i>
3) Алынған сөйлем, дәйексөздің және мысал қайдан, кімдікі екенін көрсету үшін, оның соңынан жазылған кітаптың аты, авторы жақшаға алынады.	<i>«Абайға сүтпен кіріп, сүйегіне сіңген әдебиет үлгісінің бірі – халық әдебиеті деп едік ... Бірақ ол мұның да қызығын ерте тояттап, ескірген ел даналығын көп ұзамай-ақ өзіне мұра санаудан қалған сияқты» (Қ.Жұбанов. қазақ тілі жөніндегі зеттеулер. Алматы. «Ғылым» баспасы, 1966, 296-бет).</i>
4) Белгілі бір сөздерді түсіндіру үшін оның аудармасы, синонимі т.б. беріледі де, жақшаға алынып жазылады.	<i>1900 жылдың желтоқсанында шетелге «Искра» («Ұшқын») газетінің бірінші нөмірі шықты.</i>
5) Мәселенің талас я күдікті екенін көрсетіп, оқушының назарын аудару үшін, біреуден келтірілген дәйексөздің ішіндегі жеке сөздерге не сөйлемге қойылатын леп, сұрау белгілері жақшаға алынады. (Сұрау белгісі тақырыбын қараңыз)	<i>Мұнда аудармашы сөзге сөз тауып, сан жағын ғана сақтаған: ломберный стол – төрт таған стол (?), салфетка – орамал, образ – сурет (?), выражение – болғандықтан, устремленных – телмеңдей, в больших – бадана, страстная – еміне. (Ә.Нұрпейісов «Анна Каренинаның» аудармасы).</i>

Тырнақша.

17-кесте

а) Дәйексөз тырнақшаға алынады.	<i>Бұл жөнінде М.Горькийдің әр заманда, әр ортада ескі ертегінің жаңғырып, өскелеңдеп, өзгеріп отыратыны турасында айтқан пікірін еске аламыз: «Ой мәдениеті мен халық шығармасын өсіруде көне ертегілерді әр жыныстың,</i>
---------------------------------	---

	ұлттың, таптың өзгертіп, қосымша жасап қолданудың рөлі өзгеше болғанына күдіктенуге болар ма екен» (М.Әуезов).
ә) Шығарманың ішінде келтірілген үлкенді-кішілі хаттар тырнақшаға алынады.	Екі қыз бұл хабарға қуанышты жүргенде, қысқаша жазылған хат та келіп қалды: «Бұл хатты партиялық билетімді қалтама салып алып жазып отырмын, – деп жазыпты ол, – жеке ісіме жазылатын сөгісім бар, оны ісіммен алдыруға сенем...» (С.Мұқанов).
б) Объект етіп алынған жеке сөйлемдер, сөздер не сөз тізбектері, сондай-ақ әріптер, буындар тырнақшаға алынады.	«Қалауын тапса, қар жанады» деген мақал – үлкен философия (Ғ.Мұстафин).
г) Біреудің айтқанынан алынған жеке-жеке сөздер тырнақшамен жазылады.	Ырғызбайдың осындай көпшілігі бас қосқан кеңесінде Зере сөйледі. – Бірі дарақы мақтанишақ, бірі ұрдажық, даңғой атанғанда, осындай көп жиын үстінде масайып, оспадарлық қылам деп, сондай атақ алатын! – деді. Соңғы айтқан «мылжың», «мақтанишақ», «даңғой» дегендері осы арада шынымен төрт көзі түгел отыр еді» (М.Әуезов).
ғ) Кекету, ажуалау және кері мағынада қолдану үшін айтылған сөз (не сөздер) тырнақшаға алынады.	Ақ көңіл Ақаң «баланың» сырғытпасын сезген жоқ (Ғ.Мұстафин). Қоян «батыр» қорыққанынан зыта жөнелді (Ертегіден).
д) Зауыт, фабрика, комбинат, трест, шаруашылық, ұйым, машина маркасы, ұшақ т.б. қойылған аттар тырнақшаға алынады.	«Азовсталь» зауыты, ал Алматыдағы ауыр машина жасайтын зауыт; «Донбасс» көмір комбайны, «Ертіс» парашоды, «У-2» ұшағы, «Қазақ тілі» қоғамы.

Ал олардың ресми атаулары тырнақшаға алынбайды.	
е) Газет, журнал, кітап, шығарма, қаулы, кино т.б. аттары тырнақшаға алынады	«Ана тілі» газеті, «Парасат» журналы, «Абай» романы, «Шаттық» симфониясы, «Топайкөк» әні.
ж) Кейбір ойын, әдет-салт аттары тырнақшаға алынады.	«Қол ұстату», «шап сипату» деген атақты ырымдар осы. Үлкендер зор меженің бірі деп білетін өмір белі «ұрын бару» болса, Абай содан асты (М.Әуезов).

ОҚЫЛЫМ

1-ЖАТТЫҒУ. Сұхбатты тыныс белгілеріне сәйкес оқыңыз.

«Сіз тәжірибеден өтуді неліктен дәл қазір, яғни оқу барысында қалайсыз?

«Рәкмет, өте орынды сұрақ. Мен қазір тағылымдамадан өтуге тырысамын, өйткені бұл маған мансаптық жолға түсуге көмектесетін құнды, шынайы тәжірибе алуға мүмкіндік береді деп ойлаймын. Студент ретінде сабақта үйреніп жатқан теориялар мен тұжырымдамаларды нақты жұмыс ортасына қолдану мүмкіндігінің болуы өте пайдалы болар еді. Бұл маған осы саладағы қызығушылықтың әртүрлі салаларын сынап көруге көмектесетін мансап жолы мен үшін ұзақ мерзімді перспективада ең қолайлы екенін растайды.

Сонымен қатар, қазір тағылымдамадан оту маған оқу орнын бітіргеннен кейін толық уақытты жұмыс іздеу уақыты келгенде басекелестік артықшылық береді. Жұмыс берушілер өздерінің белдеуінде тағылымдамадан өту тәжірибесі бар үміткерлерді көбірек іздейді.

- Сіз өзіңіздің командаңыздың ынтасын сақтауға және жеке тұлғалардың өз рөлдерінде өсуіне көмектесу үшін не істедіңіз?

Мен сондай-ақ олардың жетістіктерін тану және оқудың жаңа мүмкіндіктерін талқылау үшін жартыжылдық шолуларды жүзеге асырдым. Топ мүшелері өз жұмыстарын топтың қалған мүшелеріне ұсынып, көңіл-күйді көтеруге тырысады. Біз қиын кезеңдерде энергияны жоғары ұстау үшін үлкен жеңістерді де, кішігірім белестерді де атап өттік.


Адамдарға өздерінің дағдыларын кеңейтуге көмектесу үшін мен оларды аға әріптестермен тәлімгерлік етуге шақырдым. Мен басшылықпен олардың күшті жақтарын көтеру үшін қажетті оқу бюджеттері мен ресурстарды қамтамасыз ету үшін жұмыс істедім.

2-ЖАТТЫҒУ. Өлеңді тыныс белгілеріне сәйкес оқыңыз.

Ғашықпын

Ғашықпын! Шын ғашықпын сол адамға!
Мен болмасам, болмайын. Сол аман ба?!
О, тәңірім! Неткен жан қайрылмайтын!
Жүрегі еттен бе әлде қоладан ба?!
Ғашықпын. Қайтіп оны жасыра алам,
Бір алтын оның әр тал шашы маған.
Сағынайын, таусыла сағынайын,
Сағынышқа жаралған ғашық адам.
Шарықтап, қолым жетпес көкте Күнге,
Ақ қанат құсым менің кеткенің бе?
Шарқ ұрып бар ғаламды шыр айналып,
Мәңгілік сені іздеумен өткенім бе?
Сарғайған сағынышты басып толық
Бар үміт, бар сенімді шашып болып
Өтермін сірә да мен бұл өмірден
Мәңгілік қалармын мен ғашық болып.

/М.Мақатаев/



3-ЖАТТЫҒУ. Өлеңді тыныс белгілеріне сәйкес оқыңыз.

Үш бақытым

Ең бірінші бақытым – халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.
Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.
Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай-ақ кел дағы от ал менен.
Түтін түтет,
Ос, өрбі, көгере бер,
Немерелер көбейсін, шөберелер.
Жадында ұста:
Жақсылық күтпегейсің!
От емес, оқ сұрасаң менен егер!
Үш бірдей бақытым бар алақанда,
Мені мұндай бақытты жаратар ма?!
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!
/М.Мақатаев/

4-ЖАТТЫҒУ. Диалогті тыныс белгілеріне сәйкес оқыңыз.

**ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «ҚАР ҚЫЗЫ»
ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ДИАЛОГ**

- Тұр, тұр, жігітім, таң атты, күн шықты», - деді жалынып.
- Сен кімсің? Әлде періште, әлде адам...» - деді ернін зорға қимылдатып.

- Қар қызымын...
- Қар қызы... Мұнау сұп-суық өлкеде сыңсытып ән салатын ару сен екенсің ғой.

- Иә, менмін.
- Сенің мұңлы әніңді жер бетінде мен ғана ести алатынымды білесің бе?

Тек мен ғана тыңдай аламын.
- Егер оны білмесем іздеп келер ме едім.
- Көп іздедім ғой өзінді... Көп іздедім. Шаршадым, шаршатты мені.

Айыртауда Қар қызы бар екен, қыста қарлы шағылдардың арасында көзге көрінбей ән салып жүреді екен де, жаз шыға жеті қат жер астына сіңіп кетеді екен, - деген аңызды талай-талай естісем де, іштей иланбаушы едім. Енді міне, өзінді көріп отырмын. Қандай сұлусың.

- Қандай сұлу болсам, сондай суықпын.
- Рас, суықсың. Неге солай екен?
- Мені адамдар мәңгілікке өкпелеткен.
- Адамдарың кім сонда?
- Қоңқай шал...
- Ол адам емес, Қоңқай ғой.
- Қоңқайлар да адам. Олар керек. Олар жастарды адастыру үшін жаратылған. Ал адамдар ең әуелі адасып алмаса, бірін-бірі іздеп таба алмас еді.

- Рас айтасың, егер сол Қоңқай шал адастырмаса, сені ешқашанда іздеп таба алмас едім.

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКА

5-ЖАТТЫҒУ. Тыныс белгілеріне бірнеше мысал келтіріңіз.

Сұрақ белгісіне: _____

Леп белгісіне: _____

Көп нүктеге: _____

6-ЖАТТЫҒУ. Төмендегі сұрақтармен сұхбат құрастырыңыз.

Курстық жұмыста/жеке уақытыңызда қандай жобаларды өз бетіңізше жүргіздіңіз?

Сізді компанияға үлес қосқанда не қызықтырады?

Ең жақсы жұмысыңызды қалай орындайсыз? Қандай жұмыс ортасы сізді ынталандырады?

Сізге мақтаныш пен жетістік сезімін сыйлаған нақты тәжірибе туралы айтып беріңіз.

Сыныптастарыңыз сіздің жұмыс этикаңызды және мотивацияңызды қалай сипаттайды?

Сіз нені сәтсіз деп санайсыз және қиындықтардан қалай үйренесіз?

Тапсырмаларға қойылатын негізгі талаптардан асып түсуге сізді не ынталандырады?

Сәтсіздіктерге кезіккенде, мақсаттарды орындауға қалай бел буасыз?

7-ЖАТТЫҒУ. Берілген тіркестермен сөйлем құраңыз.

Пікір айту. _____

Пікір білдіру. _____

Пікір таластыру. _____

8-ЖАТТЫҒУ. Жай сөйлемдерді түріне қарай ажыратып, нүкте қойыңыз.

Түн аспан бұлт жұлдыздар көрінбейді поезд жақындады станцияның басы олай-былай жүгірген адамдарға толған поезд келіп тоқтады поездан адамдар түсе бастады айқайлар, дауыстар естіле бастады электр жарығында поездан бір қыз түсті басында бір жақ құлағына қисайта киген қызыл берет жүктерін жерге қойып тұрды қайтадан жүріп электр шамының астына келді енді бетін анық көруге болады

9-ЖАТТЫҒУ. Драмалық шығармалардағы нүктенің қолданысын негізге ала отырып, тиісті тыныс белгісін қойып, мәтінді көшіріп жазыңыз.

Мінсіз (Банудың ісіне үңіліп) ботам-ау, қып-қызыл ала қып құрттың ғой бұл бишараны?... Асан кімді, мама? Мінсіз Қайдан білейін, мына бір дәптердің беті қып-қызыл ала Банужан қызыл бояқпен сызып-сызып, «екі» деп қойды Бану (басын көтеріп) екі деген жаман ба, әже? Санның алды бір мен екі емес пе? бір ең алдыңғы, екі онан кейінгі деген сөз (Асан жымып отыр) Мінсіз ботам-ай, мені түк түсінбес түлей дейсіндер-ау... менің де өз әлімше сауатым бар тіпті сауатты былай қойғанда, аздың аты аз, көптің аты көп емес пе?! аз қайдан жақсы болушы еді... Бану (күліп) жеңілдім, әже, жеңілдім (әжесін құшақтап тұрып) (М.М.)

10-ЖАТТЫҒУ. Көп нүктенің орнына тиісті сұрау мәнді сөздерді қойып көшіріп жазыңыз.

- Өзің ...баласың? –деді әкем бір кезде апайға алыстан мал қарағандай, қолын көлегейлеп қарап
- Сапабектің жолдасымын ғой.
- ...дейді, ойбай! Сапабек дейсің бе?
- Иә. - Мына өзіміздің жаман жырық Жақанның...?
- Иә. - ...? –деді әкем тағы бір ауруының шетін шығарып.

- Мен ...Мен... – деді абыржыған ақ адам. - Ғафу өтінем, дұрыс айтпадым... - Мен испан тайпасынанмын. - ...?

- Иә, иә, Испания!

- Аяғыңа ...размер киесің? – дедім өз сөзіме өзім онша мән бермеген болып.

- Отыз алты... - ...?

Қажетті сөздер: Көйлектен, нешінші, не қай, ба, көксау, Испан

11-ЖАТТЫҒУ. Тиісті тыныс белгісін қойыңыз.

- Әй, кәпір, содан қосылған жау болды-ау Баланы алып, бізді баққан екен-ау - деп, ақ көк атты тепкілей берді. Артына қорқақтай қарап, шала бұрылып, көз қиығын тастап көрді. - Мас көзінді, мас, –деп, әзірейілдей төніп келе жатқан бірдеме. Атын да, кісісін де болжай алмады.

Енді не де болса жанды қармайын деп, тақымындағы шоқпарына жабысты. Соны суыра беріп: «Әй, анау да көк желкеден ұрады-ау»деп, жасқаншақтап келе жатыр еді. - Жаным-ау, айрандай аптап, күбідей күптеп болды ғой. Енді кім қалды Күзектегі Тақыртұмадан сонау жайлаудағы Байқошқарға шейін отыз көш жерде ылғи соның көктемі, күздеуі, қыстауы мен жайлауы! Қонысқонысының арасында, тіпті, түйенің қолтығы терлеп көшетін жырағы жоқ қой – деді. Соңғы рет Ақбаспен көріскелі келгенде, қарт адвокат Абайға ақыл айтты: - Сен жас болсаң да ақылды адамсың.

Халқыңа жаның ашиды екен...Оның зор қасиет. Бірақ сол елің мен өзіңнің қамынды шын ойласаң, білім жарығына ұмтыл Оқу ізде – деді. - Эттең, Абай аға, қадіріңді білер халқың аз, қайтейін Көзім жаңа жетті ғой «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол» деп өсиет айтушы ең.

Қысыр кеңесің емес, хан қақ жарғандай, хан қазынадай асылың, шының, шын иманың екен ғой Садағаң кетейін жақсы жан, әз аға -деп жіберді

12-ЖАТТЫҒУ.

1. Сөйлемге қандай тыныс белгісі қажет? *Тасбұлақтың сағасына жеткенде, бір тыныстап демалдық*

- а) сұрау белгісі
- ә) леп белгісі
- б) нүкте
- в) көп нүкте

2. Сөйлемге қандай тыныс белгісі қажет? *Шіркін, аққу болып самғап ұшар ма еді*

- а) сұрау белгісі
- ә) леп белгісі
- б) нүкте
- в) көп нүкте

3. Қате қойылған тыныс белгісін тап:

- а) Айналайын, келінжан, өркенің өссін!
- ә) Айғанша апа, пана бола көріңіз!
- б) Ендеше, үйреткен Абай шығар!
- в) Қайран, кешегі Тасбұлақ!

4. *Армысыз, ардақты ата* Қандай тыныс белгісі қойылады?

- а) сұрау белгісі
- ә) леп белгісі
- б) нүкте
- в) көп нүкте

5. *Иә, жобаға келеді, мына «данышпан қыз» дұрыс айтып отыр.* Тырнақшаның қойылу себебін анықта

- а) ажуа
- ә) кері мағына

- б) тура мағына
- в) басқа біреудің сөзі

ЖАЗЫЛЫМ

13-ЖАТТЫҒУ. Сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қойып, көшіріңіз.

Адам атын ардақта

Әскербек әкесімен әзілдей сөйлесіп, күлімдеп жүреді Әкесі Әлмен баласының көңілді жүргеніне мәз болады Бірақ бүгін көңіл деген нәзік нәрсені күте білмей Әскербек әкесін ренжітіп алды Оқиға ойда жоқта сөзбен шиеленісті Мектептен жақсы баға алып, жайрандап келген Әскербек әкесіне:

– Әлмен Әлменович, әдебиет сабағынан бес алғанымды хабарлаймын – деді Әншейінде танадай қара көздерін күлімдетіп, баласына елжірей қарайтын, бұл жолы қалың қасты қабағын қарс жауып алды

– Балам, бойың менен биік бола бастағанға, ойың да биік бола ма десем

– Құлдық ұрып, құлшылық етуге әзірмін, көке Не кінәм бар

– Әдептілік әкені құрметтеуден басталады

– Құрақ ұшып, құрмет көрсетіп тұрған жоқпын ба

– Мені «көке» деуші едің, енді тең құрбыңдай тергейтін болыпсың «Ұрыс «сен» деген сөзден шығады» дейді халық

– Аты-жөніңізді толық айту да айып па

– Қазақ атам ұрпағын әрбір адамды құрметтей білуге үйретеді Ал адамды құрметтеу үшін атын ардақтап, дәрежесін көтеріп, жасы мен туыстық қатысына қарай ата, әже, апа, шеше, көке, тәте, жәке, аға, ағатайым, нағашы, жиен, бөле деу керек–Көке, кешіріңіз, шынында да, сый-құрмет көрсету осындай ұсақ-түйектен басталады деп ойлаған жоқ едім

– Бұл рәсім ұсақ-түйек емес, ат тергеу – адамгершіліктің белгісі

– Ат тергеу келіндердің ғана міндеті емес пе

– Адамды өз атымен атамай, тіпті болмаса атының соңына сыпайылап «еке» деген жұрнақты қосып айту – үлкен дәстүр

«Көкем», «Апам», «Ағатайым», «Атам» деген сөзді қосып айту – сыпайылық Ол – халықтық дәстүр, мән қояр мәдениет белгісі

14-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді аударыңыз.

Жүйке жүйесі

Ағзалар тіршілігіндегі барлық әрекеттерді жүйке жүйесі басқарады. Жүйке жүйесінің маңызы мынандай:

Жүйке жүйесі денедегі мүшелердің жұмысын реттейді. Мысалы, жүрек пен бұлшық еттің жиырылуы, сүйектердің қозғалысқа келуі, тер, сілекей, сүт, асқазан сөлінің бөлінуі және т.б. Осы әрекеттердің барлығы да тікелей жүйке жүйесінің қатысуымен жүреді.

Жүйке жүйесі барлық мүшелердің бірімен-бірінің байланысын, үйлесімді жұмыс істеуін басқарады. Мысалы, адам жүгіргенде аяқ бұлшық етінің жұмысы күшейетіндіктен, зат алмасу үрдісі қарқынды жүреді, тыныс алу мен жүрек соғысы жиілейді.

Жүйке жүйесі ағза мен сыртқы ортаның байланысын қамтамасыз етеді. Сыртқы ортаның әр түрлі құбылыстарынан қорғану әрекеті адамның жүйке жүйесінің әсерінен болады. Мысалы, жақын келген көлікті өтіп кеткенше тоқтап күтіп тұру, аса ыстық немесе суықтан қорғану, денені зақымдайтын заттарға жоламау және т.б.

Жүйке жүйесі орталық және шеткі бөлім болып екіге бөлінеді. Орталық бөлім ми және жұлыннан құралады. Шеткі бөлімге жүйкелер мен жүйке түйіндері жатады. Жүйкелер адам денесінің барлық жеріне таралған, олар мүшелерді ми және жұлынмен байланыстырады. Жүйке түйіндері – өзара біріккен, байланысқан жүйке жасушаларының жиынтығы.

Жүйке жасушасын нейрон деп атайды, нейронның құрылысы күрделі. Нейронның денесінде цитоплазма мен ядро болады.

Жұлын омыртқа жотасының өзегіне орналасады, оның диаметрі 1 см, ұзындығы 42-45 см, салмағы 34-38 г. Жоғарғы

шеті сопақша мимен жалғасады, төменгі шеті екінші арқа омыртқаға дейін созылып жатады. Жұлынның дәл ортасында іші жұлын сұйықтығына толы жұлын өзегі бар. Өзектің айналасында пішіні көбелекке ұқсаған жұлынның сұр заты (нейронның денесі мен қысқа өсінділерінің жиынтығы) бар.


Сұр заттың сыртын ақ зат (нейронның ұзын өсіндісінің жиынтығы) қоршап жатады. Жұлын жүйкелері қолдың, тұлғаның және аяқтың қаңқа бұлшықеттеріне таралады. Жұлын екі түрлі қызмет атқарады: рефлекстік және өткізгіштік. Жұлынның қызметін ми реттеп отырады.

Жұлын зақымдалғанда өткізгіштік және рефлекстік қызметтері жойылып кетеді, яғни жұлын мен ми арасындағы байланыстар үзіледі. Ағзадағы қызметіне байланысты жүйке жүйесін үш бөлімге бөледі. Олар: сомалық, парасимпатикалық, симпатикалық. Жүйке жүйесінің сомалық бөлімі – тірек-қимыл мүшелерінің, парасимпатикалық бөлімі – ішкі мүшелер мен бездердің, симпатикалық бөлімі – қан тамырларының қызметтерін реттейді.

Парасимпатикалық және симпатикалық бөлімдерді біріктіріп, жүйке жүйесінің вегетативтік бөлімі деп атайды. Жүйке жүйесінің қызметтері рефлекстер арқылы іс жүзіне асады. Рефлекс – сыртқы немесе ішкі орта әсерлеріне ағзаның жауап қайтару реакциясы.

Ми бас сүйек қуысында орналасады. Оның орташа салмағы 1300-1400 г. Адамның миы 20 жасқа дейін өседі. Ми бес бөліктен тұрады: үлкен ми сыңарлары, аралық ми, ортаңғы ми, мишық, сопақша ми. Бұлардың атқаратын қызметі әр түрлі болғанымен, бір-бірімен тығыз байланысты.

15-ЖАТТЫҒУ. Ұсынылған диаграмма бойынша мәтіннің интеллект картасын жасаңыз.



Қорытынды тест

- Оқшау сөздерге байланысты қойылатын тыныс белгісі.
 А) Нүкте.
 В) Нүктелі үтір.
 С) Дефис.
 Д) Үтір.
 Е) Сызықша.
- Сөйлемдегі айтылған ойға сөйлеушінің түрліше көзқарасын білдіретін сөзді белгілеңіз.
 А) Одағай.
 В) Қаратпа.
 С) Айқындауыш.
 Д) Құрмалас.
 Е) Қыстырма.
- Қаратпа сөзді көрсетіңіз.
 А) Біздіңше, таныстарымыз көп.
 В) Е, жаңылмасам, Серік шығарсың?
 С) Сен мұнда неғып жүрсің?

- Сайра да зарла, қызылтіл!
 Е) Па, неткен келісім, әдемілік!

4. Жай сөйлемді табыңыз.

- Оны танығанмен, Сәуле сыр бермеді.
- Жаз шыққанда демалысқа шығайын деп едім, бірақ болмады.
- Үйге үлкендер де, кішілер де көңілді кірді.
- Жерге көк шығысымен, төлдерді жайылымға жіберді.
- Ауыл қыстауға көшкенде, ол қалаға кетіп еді.

5. Сәлем саған, Астана! Үтірдіңқойылу себебін анықтаңыз.

- Төл сөз.
- Одағай.
- Қыстырма.
- Бірыңғай мүше.
- Қаратпа.

6. Біздер, жастар, ел сенімінен шыға білейік! Үтірдің қойылу себебін түсіндіріңіз.

- Қыстырма.
- Одағай.
- Қаратпа.
- Бірыңғай мүше.
- Оңашаланған айқындауыш.

7. Үтірдің қойылу себебін белгілеңіз. Мүмкін, келіп қалар.

- Еліктеу.
- Шылау.
- Одағай.
- Қыстырма.
- Қаратпа.

8. Үтірдің қойылу себебін белгілеңіз. Тыңда, балам, Жамбылды!

- Оқшау сөз.

- В) Қаратпа.
- С) Одағай.
- Д) Бірыңғай мүше.
- Е) Қыстырма.

9. Сызықша дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз.

- А) Қойшы енді - бөлежан!
- В) Берсе - алам ғой.
- С) Құр барып қайтпа - алып қайт!
- Д) Болат-өз ауылының баласы.
- Е) Нем кетіпті – барып қайтам.

10. Хабарлы сөйлемді табыңыз.

- А) Бұл кісілер қай жердікі.
- В) Бір топ елік жайылып жүрді.
- С) Бізбен бірге жүрсеңші.
- Д) Уһ, шаршап қалыппын ғой.
- Е) Тіліңді тарт.

11. *Тіл атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.* Қойылмаған тыныс белгісін табыңыз.

- А) Үтір.
- В) Нүктелі үтір.
- С) Дефис.
- Д) Сызықша.
- Е) Қос нүкте.

12. Бастауыш, баяндауыш арасына қойылатын сызықша қатарын көрсетіңіз.

- А) Плащ-палатка.
- В) Естілер-естілмес.
- С) Оспан барған-ды.
- Д) -Жазған ба?
- Е) Отан-өз үйің.

6. ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ СТИЛЬДІК ТАРМАҚТАРЫ



Белгілі бір этникалық топ мүшелерінің бір-бірімен қатынасы үдерісінде бәріне бірдей түсінікті ортақ тіл – жалпы халықтық тіл деп аталады. Жалпы халықтық тілді этникалық қоғам мүшелерінің қолдану аумағы мен аясына қарай әдеби тіл және диалектілер деп бөлеміз. Осы орайдағы әдеби тіл дегеніміз – халықтың көпшілігіне түсінікті, жазу мәдениеті қалыптасқан, жанрлық-стильдік тармақтары бар, нормалары тұрақталған, қоғам өмірінің барлық саласында белсенді қызмет атқаратын ұлттық тілдің жоғары формасы. Әдеби тілдің жанрлық-стильдік тармақтары нормаларының орындалуын қазақ тілінің стилистикасы зерттейді. Әдеби тіл адам өмірі мен қоғамның барлық саласында ауызша, жазбаша түрде қолдану қызметіне ие, сол себепті бірнеше жанрлық-стильдік тармақтарға бөлінеді. Қазақ тілінде қалыптасқан бірнеше әдеби тіл стильдері бар, олар:

- ауызекі сөйлеу стилі (ауызекі тұрмыстық және ауызекі ресми);
- ресми іс қағаздар стилі (ресми іс қағаздарының түрлері, заң шығарушылық құжаттар, дипломатиялық және әскери құжаттар);
- публицистикалық (көсемсөз) стиль (баспасөз, теледидар, радио, интернет журналистикасы, мақалалар мен очерктер);
- ғылыми стиль (ғылыми-көпшілік және ғылыми-монографиялық, ғылыми-оқулықтардың жазылу тілдері);
- көркем-әдебиет стилі (поэзиялық, прозалық және драмалық).

6.1 Ауызекі сөйлеу стилі



Ауызекі сөйлеу тілінің формалары:

Ауызекі сөйлеу тілі адамдардың бір-бірімен күнделікті қарым-қатынаста пайдаланылады. Ауызекі сөйлеу тілі стилінің басқа стильдік тармақтардан бірнеше өзіндік ерекшелігі бар: 1) негізгі мақсаты хабар беру, хабар алу, пікір білдіру, пікір алмасу; 2) сөйлесуде қамтылатын тақырыптар әр түрлі болып келеді; 3) сөйлемнің модальдық түрлерінің (хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты) барлығы қолданылады; 4) экспрессивті (әсерлі), элюциональды (сезімдік), образды (бейнелі) және нейтралды (бейтарап) сөйлеу элементтерінің барлығы дерлік қамтылады; 5) лексикасында диалект, тұрпайы және варваризм сөздер де аралас болуы мүмкін.

Ерекшеліктері:

а) ауызекі сөйлеу стилі диалогқа құрылады. Қатысушы екі адам. Интонация ерекше қызмет атқарады. Сөйлеу тілінің тағы бір ерекшелігі монолог (бір кісінің шаршы топ алдында сөйлеуі, баяндама, дәріс, консультация);

ә) ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшеліктердің екінші түрі оның эмоциялылығы, себебі айтушы өз эмоциясын сол сөздің аясына сыйғызуға тырысады. Мысалы: «*Көп сөйлеп кеттің*» (бәсен түрі, бірақ эмоция сезіледі), «*Мылжыңдап кеттің ғой, сірә!*» (эмоция катан сезіліп тұр);

б) ауызекі сөйлеу стилі әдеби кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен мінезін таныту үшін ол өмір сүрген ортадағы жергілікті диалект сөздерді стильдік мақсатта әдеби қолданады;

в) ауызекі сөйлеу стилінде қыстырма, қаратпа, одағай сөздер жиі қолданылады. Мысалы: «*Шырағым, сені түсінеді деп айтып отырмын*». Сондай-ақ, сыйлау, құрметтеу, кішірейту, еркелету амал-тәсілдері көбірек пайдаланылады;

г) ауызекі сөйлеу стилінде тілдің көркемдегіш тәсілдері де қолданылады (теңеу, эпитет, гипербола). Мысалы: «*Алдымнан өгіздей біреу шыға келді*»;

д) ауызекі сөйлеу стилін басқа стильдерден өзгешелейтін, ерекшелейтін, ең алдымен оның сөйлем құрылысынан байқалады. Стильдің бұл түрінде сұраулы, лепті сөйлемдер белсенді қатысады. Диалогке құрылады. Ауызекі сөйлеу тілінің стилінде айтылмақ ой жарыққа көбінесе автоматты түрде шығады, (аяқ астынан) дайындықсыз айтылады.

6.2 Ресми іс қағаздар стилі

РЕСМИ ҚҰЖАТ СТИЛЬДЕРІНЕ ТӘН БЕЛГІЛЕР:

- мазмұнының қысқа әрі тұжырымды баяндалуы;
- тұжырымдардың дәл, нақты болуы;
- сөздер мен терминдердің нақты, тура мағынасында пайдаланылуы;

- терминдер мен тұрақты орамдардың бірегейлігі;
- терминнің ең қолданылу жиілігі жоғары, Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен нұсқаның пайдаланылуы;
- қалыптасқан мазмұндық-құрылымдық нормалардың қатаң сақталуы.

Көптеген сөздер белгілі стильге телулі болады, қолданылу жағынан шектеліп отырады. Мысалы: *тағайындалсын, міндеттелсін, осы анықтама берілді, қаулы етеді, жарлық етеді* т.б.

Ресми ісқағаздарында кейде бір заттың я ұғымның атауы қолданылу орнына қарай әртүрлі аталады. Мысалы, «адам» деген сөзді алатын болсақ:

Ресми құжаттарда – азамат, жолдас.

Телефон станциясында – абонент.

Ательеде – тапсырыс беруші.

Шаштаразда – клиент.

Ауруханада – науқас.

Шипажайда (санаторийде) – демалушы, тынығушы.

Көлікте (транспортта) – жолаушы т.б.

Мен, Асанова Сәуле Жанасқызы, 1964 жылы 15 тамызда Қарағанды облысы Шет ауданында тудым. Ұлым – қазақ. Әкем – Асанов Мұрат Сәбитұлы, орта мектепте мұғалім, шешем – Исаева Гүлім, аудандық ауруханада дәрігер.

1981 жылы Шет ауданында орта мектепті бітіріп, Қарағанды медицина институтына оқуға түстім. 1986 жылы үздік бітіріп, емдеу ісі мамандығы бойынша аспирантураға қабылдандым. 1989 жылы аталған институтқа оқытушылық қызметке қабылдандым.

1995 жылы кандидаттық диссертация қорғадым.

Тұрмыстамын, жолдасым – Омаров Берік Есенұлы, 1961 жылы туған, «Қарағандықұрылыс» акционерлік бірлестігінде бөлім меңгерушісі. Ұлым – Омаров Нұрлан Берікұлы, 1992 жылы туған, №34 гимназия оқушысы.

Мекен жайым:

Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі, 21 үй, 2-пәтер. Тел: 72-40-41.

ІС ҚАҒАЗДАРЫНЫҢ ҮШ ТҮРІ:

I. Азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін құжаттар:

СЕНІМХАТ; КЕПІЛХАТ; ӨТІНІМ; ТАПСЫРЫС;
КЕЛІСІМШАРТ; ЕҢБЕК ШАРТЫ; ЕҢБЕК КЕЛІСІМІ.

II. Жеке адам өміріне, қызметіне қатысты:

ОМІРБАЯН; ТҮЙІНДЕМЕ; ЖЕКЕ ІС ПАРАҒЫ; ВИЗИТ
КАРТОЧКАСЫ; ӨТІНІШ; АРЫЗ; МІНЕЗДЕМЕ;
КЕПІЛДЕМЕ; ЖЕДЕЛХАТ.

III. Басқару, ұйымдастыру, өкім шығару реттейтін құжаттар.

ҮКІМ; ӨКІМ; ЖАРҒЫ; ЖАРЛЫҚ; ЕРЕЖЕ; ХАБАРЛАМА;
БҮЙРЫҚ; НҮСҚАУ; ХАТТАМА; ХАБАРЛАНДЫРУ;
РЕСМИ ҚҰЖАТТАР.

Іс қағаздарының сипаттары:

- саяси (мемлекетшілік, мемлекетаралық, халықаралық қатынастарда);
- әлеуметтік (қоғамдық-әлеуметтік қатынастарда);
- ұйымдастырушылық (басқару қызметі жүйесінде);
- құқықтық (заңдық және жеке тұлғалар арасындағы қатынастарда);
- тарихи (әр дәуірдің, қоғамдық сатының өзіндік ерекшеліктеріне сай қатынастарда).
- ресмилік (міндетті түрде заңдық тұрғыда тіркелуінде).

НАЗАРЫҢДА ҰСТА....

Мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар бас әріппен жазылады:

«Парасат» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалі, «Халық қаһарманы» жоғары дәрежелік белгісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстанның Халық жазушысы.

Әскери және ғылыми атақтар, ғылыми дәрежелер кіші әріппен жазылады:

1. Авиация маршалы (Ескерту: Егер авиацияның Бас маршалы болса, бас әріппен жазылады)

2. Армия генералы, генерал-майор.

3. Профессор, академик, техника ғылымдарының докторы, доцент.

Мерзімді баспасөз атаулары тырнақшаға алынып, бас әріппен жазылады:

«Тіл» журналы

«Айқап» журналы

«Егемен Қазақстан» газеті

«Қазақстан әйелдері» журналы

«Мемлекеттік» деген сөз мынадай реттерде бас әріппен

жазылады:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны

Ескерту: Төмендегідей жағдайларда «Мемлекеттік» сөзі кіші әріппен жазылады:

мемлекеттік ұйым

мемлекеттік орган

мемлекеттік басқару органдары

мемлекеттік меншік

мемлекеттік комиссия

Дүниежүзілік қоғамдық ұйымдардың атаулары бас әріппен жазылады:

Біріккен Ұлттар Ұйымы

Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі

Ресми құжаттарда күрделі атаулардың қысқарған нұсқасы қолданылады және олар бас әріппен жазылады:

ЕтЗК – КЗoТ – Еңбек туралы заңдар кодексі

БҰҰ – ООН – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ҚР АҚ – ГК РК – ҚР Азаматтық кодексі

АҚ – АО – Акционерлік қоғам

ХҚО – ЦОН – Халыққа қызмет көрсету орталығы

ЖК – ИП – Жеке кәсіпкер

ҰБТ – ЕНТ – Ұлттық бірыңғай тест

Төмендегідей атауларда барлық сөз бас әріппен жазылады:

Қазақстан Республикасының Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасының Парламенті

Қазақшаланбайды!

САММИТ, УЕФА, ЮНЕСКО, НАТО.

(Бұларға жалғанатын қосымшалар дыбысталуына сәйкес жалғанады).

6.3 Публицистикалық стиль

Публицистика (лат. publicus – «көпшілік», «әлеумет») термині «қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау» деген ұғымда жұмсалады. Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Жазбаша түріне газет, журналдардағы мақала, очерк т.б. ауызша түріне шешендік сөздер жатады.

Публицистикалық стиль негізінен жұртқа үндеу, үгіт айту мақсатында пайдаланылады. Мұндай үндеуге, үгітке қоғам орын алған маңызды, дәл сол кезеңде мәні зор мәселелер тақырып болады.

Оларға саяси, экономикалық, экологиялық, мәдени, моральдық мәселелер жатады.

Үндеудің мақсат-міндеті – қалың жұртшылықты қоғамдық мәні бар іске қатыстыру, олардың санасына ықпал ету. Ол көбіне газет, журнал, радио, теледидар арқылы беріледі.

Публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктері:

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТЕРМІНДЕР МЕН СӨЗДЕР: ДЕМОКРАТИЯ, ӨРКЕНИЕТ, ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫ, САЯСИ ПАРТИЯ, ҚАРЖЫ ДАҒДАРЫСЫ Т.Б.

БАҒА БЕРУШІ СӨЗДЕР: ЕНБЕК ОЗАТЫ, КӨШБАСШЫ, ҰЛТЖАНДЫЛЫҚ, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ, ҰРПАҚ САБАҚТАСТЫҒЫ Т.Б.

СТАНДАРТ ТІЛДІК БІРЛІКТЕР: АРНАЙЫ ТІЛШІ РЕПОРТАЖЫ, ЖАҒАН ЖАНАЛЫҚТАРЫ, ТІЛШІМІЗ ӘҢГІМЕЛЕЙДІ, ХАБАРДАР ЕТЕМІЗ Т.Б.

ПЕРИФРАЗЛАР: АҚ АЛТЫН – МАҚТА, КҮРШІ ҚАРА АЛТЫН – КӨМІР, МҰНАЙ. КӨГІДІР ОТЫН – ГАЗ Т.Б.

ҚОС СӨЗДЕР: ҚОҒАМДЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК, БҰҚАРАЛЫҚ-САЯСИ, ҮГІТ-НАСИХАТТЫҚ Т.Б.

ҚАРАТПА СӨЗДЕР: ЖАРАЙСЫҢ, ДИМАШ! АРҒЫ БЕТТЕГІ АҒАЙЫН, ХАЛҢ ҚАЛАЙ? Т.Б.

БҮЙРЫҚ РАЙ ТҰЛҒАСЫ: АНА ҚАДІРІН БІЛЕЙІК, ЖҰМЫЛА ЖАСАЙЫҚ, ТАБЫСҚА ЖЕТІНДЕР Т.Б.

Публицистикалық стильдің жанрлық түрлері.

Публицистикалық стильдің жазбаша түрі:	мерзімді баспасөз; ауызша түрі: радио, теледидар хабарлары, деректі кино.
Жанрлық түрлері:	мақала, ақпараттық хабар, очерк, халықаралық шолу, репортаж және интервью.
Репортаж (латын report – «жеткізу») – баспа, радио,	Репортаж оқиға болған жердің топырағында туады. Сондықтан да

теледидарға оқиға орнынан берілетін ақпарат, әңгіме.	репортаж дегеніміз – оқиғаның өзі. Репортаждың басқа жанрлардан ерекшелігі – өткен оқиғаны емес, болып жатқан оқиғаны баяндайды, соны суреттейді.
Репортаждың мақсаты	Болған оқиғаны бұлжытпастан суреттеу ғана емес, солиоқиғаның әлеуметтік мәні мен маңызын ашу, өзінің пікірін білдіру.
Журналист оқиғаны неғұрлым тез, айқын, әсерлі түрде жеткізсе, ол соғұрлым бағалы, ықпалды да тартымды болады.	Репортаж өмір шындығына сүйенеді. Тілі нәрлі, стилі тартымды келеді.
Мақала	Мақала ғылыми және публицистикалық стильмен жазылады. Автор өзі жазатын мәселені анық білетін және оны белгілі деректерге сүйеніп баяндай алатын дәрежеде болуы керек.
Ғылыми мақала	Ғылым саласына қатысты өзекті мәселелер тақырып бола алады. Ал кәсіпорын, мекеме, шаруашылық саласы, оқу орындарындағы ұжымдық іс, еңбектегі қол жеткен табыстар, достық, жолдастық қарым-қатынастар, өнер, ғылым, алдағы үлкен міндеттер т.б. публицистикалық мақаланың басты тақырыптары болып табылады.

6.4 Ғылыми стиль

Ғылыми стиль ғылымның әр саласында жазылған еңбектерде қолданылады. Бұл стильге нақтылық, логикалық мазмұн дәлдігі тән.

Ғылыми стильдің лексикасындағы ерекшеліктер: сөз тек өзінің негізгі мағынасында жұмсалады, көпмағыналы, образды сөздер аз кездеседі.

Сөйлемдегі сөздердің қалыпты орын тәртібі, тіл нормасы қатаң сақталады және ой күрделі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негізделеді.

Монография, оқулық, мақала, ғылыми есеп, диссертация, реферат, баяндама, тезис, патент т.б. ғылыми стильде жазылады.

МАҚСАТЫ	ЗАТТАР МЕН ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕКШЕЛІГІН АШЫП, МӘЛІМЕТ БЕРУ.
ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ	ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕК, БАЯНДАМА, МАҚАЛА, ОҚУЛЫҚТАРДА ҚОЛДАНЫЛАДЫ
СТИЛЬДІК СИПАТЫ	РЕСМИ, АНЫҚ, ДӘЛ, НАҚТЫ, ДӘЛЕЛДІ.

Ғылыми стильдің тілдік амал-тәсілдері:

✓ Әр ғылым саласының өзіне тән терминдері мен атаулары қолданылады. Мысалы, химия ғылымында: элементтер, минералдар; физика ғылымында: атом, күш; лингвистика ғылымында: морфология, фонетика; биология ғылымында: ағза, жасуша т.б.

✓ Ғылыми стильдің өзіне тән синтаксистік құрылымы болады. Тұрақты үлгідегі сөйлемдер, сөз тіркестері молынан жұмсалады.

✓ Өткен шақ, осы шақтағы хабарлы сөйлемдер жиі қолданылады.

✓ Ырықсыз етістіктен жасалған баяндауыштар көп жұмсалады.

✓ Ойдың ағынын білдіретін үстеулер мен шылаулар кездеседі. Мысалы: *сондықтан, содан кейін, әрі қарай, бойынша т.б.*

✓ Сөйлемдердегі ойдың бір-бірімен өзара қатынасын білдіретін қыстырма сөздер де ұшырасады. Мысалы: *біріншіден, екіншіден, қорыта келгенде, зерттеу нәтижесінде т.б.*

6.5 Көркем әдебиет стилі

Көркем әдебиет стилі – тіл байлығының кеңдігімен ерекшеленетін, авторлық баяндау мен кейіпкерлер тілінен тұратын, проза, поэзия, драматургияда қолданылатын функционалды стильдің айрықша дамыған түрі. Бұл стиль әдеби шығармаларды жазу барысында қолданылып, адамның эстетикалық талғамын оятады. Көркем әдебиет стилінің басты мақсаты оқырманның сезіміне әсер ету арқылы адамның бойындағы ізгі қасиеттерді арттыру, жаманнан жирендіріп, жақсыға ұмтылдыру.

Жазушы шығарманы әсерлі, көркем көріністер, бейнелер арқылы жандандыра отырып, оқырман жанына әсер етеді. Әр жазушы бірін-бірі қайталамайды. Әрқайсысының өзіндік сөз саптауы, бөлек стилі болады. Көркем әдебиет тілі эмоционалды-экспрессивті болып келеді.

МАҚСАТЫ:	Шынайы өмір шындығын суреттеу, зат, құбылыстарды бейнелеу арқылы оқырман сезіміне әсер ету, ой тудыру.
ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ:	Әдеби туындыларда қолданылады.
СТИЛЬДІК СИПАТЫ:	Образды мәндегі қолданыс, эмоционалды-экспрессивті.
ТІЛДІК АМАЛ-ТӘСІЛДЕРІ:	Сөздердің әртүрлі ауыспалы мағынада қолданылуы, көркемдегіш, бейнелеуіш, суреттеме (тенеу, метафора, метонимия, антитеза, т.б.) құралдары еркін қолданылады. Шығарманы шынайы беру мақсатында диалект, кәсіби, ауыспалы мағынадағы

	бейнелі сөздер мен сөйлеу тілін де қолданады. Көп жанрлы (проза, драма, поэзия, т.б.). Әр жазушының өзіндік стилі болады. Ол әр суреткердің тілдік амал-тәсілдеріне қарай танылады.
ЕРЕКШЕЛІГІ:	Көрем әдебиет стилі образды ой тудыру, әсерлі суреттемелер, зат пен құбылысты шебер бейнелейтін сөздерді қолдану. Көркем шығарма қоғамдық-тарихи оқиғалар мен мәселелерді қозғауға, бағалауға үлес қосады. Көркем шығарма тілі акын-жазушы шеберлігімен, стильдік ерекшелігімен астасып жатады. Түрлі образдар, табиғат көрінісі, әр кезеңдегі іс-әрекетті сипаттау үшін автор қажетті сөздерді талғап, ойды беру мақсатына қарай сұрыптап қана қоймай, сөздерді қолдану барысында жаңа мағына, қосымша рең, тың бояу үстейтіні шындық.
КӨРКЕМ СТИЛІНДЕ	ӘДЕБИЕТ Фразеологизмдер, мақал-мәтелдер кеңінен қолданылып, ойды жандандырып, тіліміздегі қолданыстардың ұлтымызға тән сипатын айқындай түседі. Тұрақты сөз тіркестері (қанатты сөз, мақал-мәтелдер, идиомалар) аз сөзбен көп мағына беретін ықшамдылығымен, жинақылығымен тілдің стильдік сапасын арттыра түседі. Мақал-мәтелдерде астарлы, айшықты, кестелі, бейнелі, қорытылған ой-тұжырым көріністері басым. <i>Көп сөз – көмір, аз сөз алтын. Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі т.б.</i>

ОҚЫЛЫМ

1-ЖАТТЫҒУ. Мәтіндерді оқыңыз.

Ертеде патшаның екі қызы болыпты. Патша екі қызын да жақсы көріп, қолынан келгенше оларды ештеңеден қақпай, қалағандарын жасап, айтқандарын екі етпеуге тырысады екен. Дегенменде, екі қыз өсе келе мінездері өзгере бастапты. Бір күні білімді бір адам патшаға қонаққа келіпті. Патшаның қайғылы түрін көріп, себебін сұрапты. Патша: «Е-е-е... сұрама, күлмейтін бір қызым бар, дертін ешкім білмейді»-дейді. «Патшам, рұқсат етсең, сарайыңызға қонақ болайын.

Мүмкін қызыңыздың қайғысының себебін табармын», - дейді жолаушы. Патша қуана рұқсат етіпті. Сол күннен бастап саяхатшы екі қызды патша рұқсатымен жасырын аңди бастапты. Қараса екеуі түнде жатар алдында жастықтарының астынан бір дәптер шығарып, бір нәрселер жазып, таңертен жазғандарын оқып, орындарынан тұрады екен. Саяхатшы бір күні қыздар ұйықтағаннан кейін дәптерлерін алып оқыса, кіші қыз өзіне жасалған жақсылықтарды, ал үлкен қыз тек болмашы әділетсіздіктерді жазыпты.

Ертеңінде саяхатшы кіші қыздан рұқсат алып, оның дәптерін үлкен қыздың жастығының астына қояды.

Таң атысымен патшаның үлкен қызы жастық астынан дәптерді алып оқыпты. Сарайдағылар екеуіне де бірдей қарағандықтан ол дәптерде жазылғандарды жатырқамапты. Өзіне жасалған жақсылықтар есіне түсісімен жүзі жадырап, қуанғаннан ән сала бастапты. Патша үлкен қызының қуанғанын көріп, өз құлағы мен көзіне өзі сенбепті. Бірден саяхатшыны шақырып, бұны қалай жүзеге асырғанын сұрапты. Саяхатшы: «Патшам, өмір айна сияқты.

Оның жақсы жақтарын ойласақ, бізге әдемі көрінер. Сіздің үлкен қызыңыз өмірінің жаман жақтарын ойлағаны үшін бақытсыз болған», - деп жауап береді. Патша үлкен қызын

шақырып, оған енді дәптеріне тек жақсылықтарды ғана жазуға кеңес беріпті. Сол күннен бастап, патшаның екі қызы да бақытты өмір сүріпті.

(Мәртебе кз сайтынан)

Баяғыда өз империясын гүлдендірген, жарқын жеңістерімен тарихта өшпес із қалдырған, өте батыр, өте ақылды және өте керемет жетілген саясаткер патша болыпты. Ол бала кезінде тым ерке болса керек. Сабақ кезіндегі еркелігімен ұстазын шаршатып жіберетін. Ұрысқан жағдайда: «Мен патшаның баласымын, маған ештеңе істей алмайсың», - деп қорқытатын. Ұстаз патшаға шағымдану әдепсіздік болар деп біраз уақыт сабыр сақтап жүреді. Алайда еркелігі тым шектен шыға бастағанда, амалсыз әкесінің алдына кіруді ұйғарады.

Патшаға келіп жағдайды айтқанында, ол ұтаздық құлағына бұл жағдайдың шешімін сыбырлайды. Ұстаз патша сөзіне таң қалады. Мұндай әрекетке бара алмайтындығын айтса да, патша осы жоспарды орындау керектігіне сендіреді.

Ертеңіне кішкентай ханзада тағы бұрынғыша еркелейді. Ұстазы доғаруын айтқанында тағы да әкесімен қорқыта бастады. Сол сәтте ішке патша кіріп келеді. Ұстаз ашуланып патшаға ұрсып береді, бұлай жайбарақат кіруге болмайтындығын, есікті қағып рұқсат сұрап кіру керектігін айтып қуып шығады. Патша басы салбыраған күйде кешірім сұрап шығып кетеді.

Бұл жағдайды бақылап отырған ханзаданың тілі тұтылып не айтарын білмей абдырап қалады. Сеніп отырған әкесі көз алдында ұрыс естіген еді. Көздері алақ-жұлақ етіп отырғанында, есік қағылып патша кешірім өтініп, рұқсат сұрап ішке кіреді.

Жоспар керемет түрде жүзеге асқан еді. Осы күннен бастап ханзада еркелігін доғарып, ұстазының айтқанын екі етпейтін болыпты.

(Мәртебе кз сайтынан)

«Қазақ» газетіндегі көтерілген оқу – тәрбие мәселелері

«Қазақ» – қоғамдық – саяси және әдеби газет 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына бір рет, 1915 жылы аптасына екі рет шығып тұрған. Тиражы – 3000, кейбір мағлұматтарда 8000-ға жеткен. Бірінші редакторы белгілі ғалым, жазушы, қоғам қауіпкері Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы қоғам қайраткері, жазушы Міржақып Дулатов бастырушы «Азамат» серіктігі. Кәрімов баспаханасында басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы – Жанұзақ Жәнібеков.

Газетте XX ғасырдың басындағы қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінің ең түйінді мәселелеріне, қазақ шаруашылығының жағдайына, жер мәселесіне, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу ағарту, бала тәрбиесіне, әдебиет пен мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санаға, тарих пен шежіреге арналған құнды мақалалар жарияланды.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ өміріндегі екінші бір күрделі мәселе оқу – ағарту ісі болды. Қазақ даласында заман талабына сай жалпы білім беретін негізінен орыс-қазақ мектептері болды. Мұндай алғашқы бастауыш орыс-қазақ мектебі 1841 жылы Жәңгір хан ордасында ашылды. Екінші мектеп Орынбор шекаралық комиссиясының жанынан 1850 жылы ашылды. Ол негізінен орталық аппараттың төменгі орындарына писарлар мен тілмаштар даярлау мақсатын ұстанды. Алғашқы 30 баланың бірі ретінде онда қазақтың тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин оқыды.

Оқу-ағарту мәселесіне «Қазақ» газеті көп көңіл бөліп, қазақ даласында жаңадан мектеп медреселер салудың қажеттілігі осы істің барысы туралы хабарларды кеңінен жариялап отырды. Сондай-ақ қазақ тілінде шыққан кітаптардың бағыт-бағдары, алатын орны жөнінде қысқаша сын мақалалар өте көп жазылды.

Жер бетіндегі тіршілік иесі еркіндік үшін жаратылған. Өсімдік екең өсімдік те қалағанынша өркен жайып, өз қуаты жеткенше күнге қарай бой созуға ұмтылады. Жан-жануар атаулының да аңсары сол. Ал, адам ше?! Шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап, құндақтауға көңбей еркіндікке талпынған тірі

пенде қашан жер қойнына кіргенше өз мүддесі жолында тырмысып, тырбынып өтпей ме?! Тіпті, нағыз тәубәшіл де төзімді кісінің жан сарайына үңіліп қарасақ, оның да көкірегі еркіндікке бұлқынған арман мен мұратқа толы.

Шыққан тегі мен өскен тарихының, әдет-ғұрпы мен мінез-құлқының, табиғи ортасы мен шаруашылығының, ең соңында, тілі мен дүниетанымының ортақтығы бір ұлт етіп ұйытқан кез келген халық та әлгі жеке адам сияқты ғұмыр бойы азат ел болуды, жұмыр жер бетінен, адамзат тарихынан өзіне лайықты орнын алуды армандап өтеді. Арманынан айырылған, мұратын жоғалтқан адам да, халық та дара тұлғалық қасиетінен айырылып, азып-тозып, ақырында жоғалып бітеді.

(Мәртебе кз сайтынан)

Нұртөре ЖҮСП, ҚР Парламенті Сенатының әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы:

Газет оқу – үлкен мәдениет 1. Қазіргі күрделі жаһанданған әлемде баспасөз құралдары бұқаралық мәдениеттің пайда болуы мен дамуында шешуші роль атқарады. Тағы бір маңызды фактор – БАҚ өнердің және кейбір сәттерде ғылымның даму доминанттарын анықтайтын негізгі күш болып саналады. Иә, қазақ баспасөзі технологиялық жағынан көп жаңарды. Жаңа медиа пайда болды. Уақыт жылдам өтіп жатыр. Соған сәйкес ғаламдық ақпарат желісі ұлттық басылымдарды «жұтып» қоюға айналды. Еліміздің ақпараттық кеңістігі тосын сынақтар тұсында тұр. Журналистер қауымының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы соншалық керемет деп қазір ешкім айта алмайды. Сондықтан Міржақып атамыз айтқан сөз әлі де өткір тұр. 2. Газет оқу – үлкен мәдениет. Өкінішке қарай көп адам әлеуметтік желіге «басымен кіріп кеткен». Газет, журнал, кітап оқу ескіліктің белгісі сияқты қабылданатын болды. Оқыған халықтың санасы сергек болады. Қазір қалай? «Кітапты компьютерден де оқуға болады» дейді кейбіреулер. Оқуға болады. Бірақ, жанарың талады. Ай сайын интернетке белгілі

мөлшерде қаржы төлеуге тура келеді. Қазақстандағы барлық елді мекен интернетке жалғанып тұр ма? «Газеттерге кететін шығын көп, сондықтан жаппай интернетті пайдалануымыз керек» дейтіндер де төбе көрсетпей қалмайды. Ал, есептейік: сіз ай сайын интернетке 4-5 мың теңге төлейсіз, бір жылға 40-50 мың жұмсалады, газетке бір жылға жазылғанда 5-6 мың теңгеңіз кетеді, яғни бір жыл бойы үйіңізге «тегін» келіп тұрады. Айырма бар ма? Бар! Ақпараттық технология жағынан әлемнің алдына түсіп кеткен Жапония мен Оңтүстік Корея неге өз газеттерін жауып тастамайды? Негізі құстың қос қанатындай – дәстүрлі басылымдар да, әлеуметтік желі де қатар дамыса, жамандығы қайсы? Адамдарға таңдау мүмкіндігін беру керек. Газет оқып үйренген газет оқысын. Интернетке арқа сүйейтіндер интернетімен бола берсін. Заман, уақыт бәрін реттейді. Ал, газет оқыту үшін балалар басылымдарына мемлекеттік қолдау керек. Көптеген Еуропа елдерінде 18-ге дейінгі жасөспірімдерді қалаған басылымдарға жаздыртып береді. Біздің елде де сондай үрдісті қолға алу керек. Жас кезінен өздеріне арналған басылымды оқып үйренген жеткіншектер есейгенде қажет газет-журналдарды оқитын болады. Тек әлеуметтік желідегі ақпаратқа арқа сүйеу – ұлттың өрісін тарылтады. Сондықтан жүз жылдан бері қалыптасқан оқу мәдениетін сақтау керек деп есептеймін.

«Атырау» облыстық қоғамдық-саяси газетінен

ЖАЗЫЛЫМ

2-ЖАТТЫҒУ. Мәтіндердің стилін анықтаңыз. Мәтінге тақырып қойыңыз. Мәтіндерді өз ойыңызбен толықтырыңыз

Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы XX ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен.

Ол күні жер сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қора үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балалардың атына ұйқастыра ат берілген.

Әрине, ол күннен менің есімде қалған еш нәрсе жоқ. Болысым кім, патшам кім... табым кім, онда менің жұмысым болмауы керек. Кейін ондайды ұнатпасам да, ол кезде тістеген мен шаққанға да енжар болған сияқтымын, жылауық болмаппын.

Шыңғыс Айтматов 1928 жылы 12 желтоқсанда қырғыз жеріндегі Шекер ауылында дүниеге келген. Әкесі Төрекүл өте парасатты, пайымды адам болған екен. Төрекүл ел басқару қызметінде болып, 1937-1938 жылдардағы «халық жауы» деген жазықсыз жазаның құрбаны болды. Кішкентай Шыңғыс бауырларымен бірге көп қиындық көріп өседі.

Ш.Айтматовтың шын мамандығы – табиғат сыйлаған жазушылық өнер. Ол осы өнерін жетілдіру үшін М.Горький атындағы Әдебиет институтында оқиды. Шыңғыстың 1956 жылы жазылған «Жәмила» хикаясы бірден жұрт назарын аударып, көп ұзамай орыс тіліне, ілешала Парижде француз тілінде жарық көріп, жас суреткердің есімін әлемге паш етті.

Бұл күнде Шыңғыс Айтматовтың есімі дүниежүзіне мәшһүр. Шыңғыс ең көп аударылған қаламгерлердің бірі. Жазушы бейнелеген кейіпкерлер, тек қырғыз халқының перзенттері емес, әлем, халықтарына тән мінезбен, адамзаттық болмыспен бірігіп жатқан бейнелер. Сондықтан да оны ешбір халық жатсынбайды.

3-ЖАТТЫҒУ. Берілген құрылымдық үлгі бойынша (академиялық ұтқырлық; оқу төлемі; жатақхана, т.б.) сұрақтар бойынша өтініш жазыңыз.

Өтініш

Өтініш – мекеме басшысының атына жазылып, белгілі бір тілек - өтінішті білдіретін құжат.

«ҚМУ» КеАҚ Басқарма төрағасы – Ректор А.А.Тұрмұхамбетоваға
Жалпы медицина мамандығының 2-курс
студенті Г.Т.Абиловадан

Өтініш

Денсаулығымға байланысты маған академиялық демалыс беруіңізді өтінемін.

күні, айы, жылы

қолы

4-ЖАТТЫҒУ. Сөздер мен сөз тіркестерін аударыңыз.

Работающие по совместительству, работодатель, оплата труда, обязанности работодателя, права работника, срок соглашения, условия труда, временный работник, основное место.

5-ЖАТТЫҒУ. Үлгіге сай өмірбаяныңызды жазыңыз.

Өмірбаян

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіппен жазылған ресми құжат. Өмірбаянның деректемесі:

- құжаттың аты
- автордың аты-жөні, тегі;
- туған күні, айы, жылы; туған жері;
- ата-анасы туралы мәлімет (А.Ж.Т. жұмыс орны);
- білімі және білімі бойынша мамандығы;
- атқарған қызмет түрлері;

- соңғы жұмыс орны мен қызметі;
- қошеметтеу белгілері және наградалары;
- қоғамдық жұмыстарға қатысуы;
- отбасы жағдайы және құрамы;
- мекенжайы және телефоны;
- жазылған күні, айы, жылы; жеке қолы;
- аты-жөні, тегі

Өмірбаян үлгісі

Мен, Әділет Бақтиярұлы Әсетов, 1995 жылдың 16-желтоқсанында Павлодар облысы, Ақсу ауданы, Ақкөл ауылында туылдым. Әкем Бақтияр Әсетұлы – инженер, шешем Нұржамал Есентемірқызы – оқытушы. 2001 жылы Ақкөл ауылындағы орта мектептің бірінші сыныбына оқуға бардым. Мектепті 2012 жылы бітірдім.

2012 жылы Көкшетау педагогикалық институтының физика – математика факультетіне оқуға түстім. 2015 жылы аталған институтты бітірдім. Осы жылдан бастап Көкшетау қаласының № 2 орта мектебінде мұғалім болып қызмет етіп келемін. Үйленгенмін. Жұбайым – Айнаш Қожантайқызы – № 17 мектепте ағылшын тілі мұғалімі. Ұлым Қажымұқан 3 жаста, «Аққу» балабақшасына барады. Мекенжайым: Көкшетау қаласы, Абылай-хан даңғылы, 9-үй, 22-пәтер

6-ЖАТТЫҒУ. Үлгіге сай қолхат жазыңыз.

ҚОЛХАТ – белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алынғанын куәландыратын және оны белгілі бір мерзімде қайтарып беретіндігін міндеттеп, азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін ресми құжат түрі. Бұл бағасы төмен құндылықтарды уақытша пайдалану жағдайында рәсімделеді. Сондықтан қолхат негізінен мекемеішілік қатынастарда жиі қолданылады. Қолхаттың мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

- құжаттың аты;

- қолхат беруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі);
- қолхат алушы туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі);
- алынғат заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі);
- қайтарылатын нақты уақыты;
- қайтара алмаған жағдайдағы шарты;
- қолхат жазылған күні;
- тараптардың қолы;
- мекеме мөрі.

Үлгі:

Қолхат

Мен тобының студенті Асан Кәкенұлы, университеттің оқу залынан уақытша пайдалану үшін «Қазақстан» энциклопедиясын (бағасы 1000 теңге) алдым. Кітапты бір аптада қайтаруға беремін деп міндеттенемін. Жеке куәлік нөмірі ...

15 ақпан, 2024ж.
(қолы)

8-ЖАТТЫҒУ. Үлгіге сай түйіндеме жазыңыз.

ТҮЙІНДЕМЕ

Аты-жөні: Аманова Аружан Аманқызы
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы,
Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 1-үй, 1- пәтер
Телефон: 000000000000

Жалпы ақпарат

*Туған жылы: 2005 жыл, 6 тамыз

*Ұлты: қазақ

*Жынысы: әйел

*Отбасы жағдайы: тұрмысқа шықпаған (үйленбеген)

*Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Семей медицина университеті

Тілдік дағдысы: қазақ тілі – ана тілі, орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлейді

Компьютерлік сауаттылығы: Windows 98, Excel, Internet

Жеке қасиеттері: жауапкершілік, ұстамдылық, ұйымдастырушылық және басқарушылық қабілеттер т.б.

Қосымша ақпарат: медицина ғылымдарының магистрі

Қызығушылығы: кітап оқу, саяхат спортпен шұғылдану, ән айту, музыка аспаптарында ойнау.

9-ЖАТТЫҒУ. Үлгіге сай сенімхат жазыңыз.

СЕНИМ ХАТ

Сенімхат – белгілі, дәлелді себептерге байланысты өзі атқара алмайтын жағдайда нақты іс-әрекеттің орындалуын басқа адамға тапсыру үшін жазылады.

Сенімхат – құжат иесі басқа біреуге бір істі атқаруға, сөйтіп өз атынан оның құқын пайдалануға рұқсат беретін құжат түрі. Сенімхатты мынадай ақша түрлерін алу үшін пайдалануға болады: жалақы, зейнетақы, алимент, ақша аудару т.б. Сондай-ақ сатып алу, сату, үй ауыстыру, басқару, сыйлық алу, автокөліктерді сату т.б. операциялар. Сенімді өкілге сотта, кәсіпкерлікте іс жүргізуді, банктегі есепшотқа иелік етуді т.б. сеніп тапсыруға болады.

СЕНИМХАТ

«Балхаш» сауда үйі Әсетов Әділет Бақтиярұлына, жеке куәлігі №000 358225, 1996 ж. 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасы ІІМ берген, жүргізуші куәлігі АА № 1056118, «Тойота» маркалы автомашинаны (двигателі № ІВ 813772, шасси ІМЗ - НВ 12387, мемлекеттік № РНІ 02113, түсі-ақшыл сары) жүргізуді сеніп тапсырады. Сенімхат 2025 ж. 20 шілдеге дейін берілген.

Директор
Мөрі

З.А.Алибеков

10-ЖАТТЫҒУ. Талапқа сай түсініктеме хат жазыңыз.

Түсініктеме хат – (1-қосымша) негізгі құжаттың (жоспардың, бағдарламаның, есептің және т.б.) жекелеген ережелерінің мазмұнына немесе еңбек тәртібінің бұзылу және қандай да бір тапсырманың орындалмау себептеріне түсінік беретін құжат.

Негізгі құжатқа қосымша ретінде, оған түсінік беретін және толықтыратын түсініктеме хатқа ұйымның жетекшісі қол қояды. Мінез-құлық, қылық, оқиғалардың себебі түсіндірілетін түсініктеме хатты жекелеген қызметкерлер жазады. Ішкі баяндау хаттар сияқты олар да стандарт параққа қолжазба әдісімен ресімделе алады.

ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТТЫҢ

деректемелері мыналар болып табылады:

- 1) ұйымның, құрылымдық бөлімшесінің атауы – құжат авторы;
- 2) құжат түрінің атауы – ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ;
- 3) күні, нөмірі (егер бар болса);
- 4) мәтін тақырыбы;
- 5) мәтіні;
- 6) қолы;
- 7) құжаттың орындалғаны және оның іске жіберілгені туралы белгі.

11-ЖАТТЫҒУ. Талапқа сай әріптесіңізге мінездеме жазыңыз.

Мінездеме – түрлі мекеме, ұйым бірлестік, оқу орындарында белгілі бір адамды өмірбаяндық, біліктілік, кәсіптік, адамшылық тұрғыда жазбаша сипаттау мақсатында жиі жазылатын іс қағазының бір түрі.

Қызметтік мінездеме – мінездеменің айрықша кең тараған және әмбебап формасы. Қызметкерді объективті әрі нақты

мінездеу қажет болған жағдайда жазылады. Қорытынды бөлімі еркін стильде жазылады және құжат мазмұнын түйіндейді. Мінездеме қызметкерді басқа бір вакансияға я болмаса оқу орнына ұсыну мақсатында да жазылады. Мұнда ұсынылған адамның аталған вакансияға қажет деген мінез-қасиеттері, кәсіптік шеберлігі айтылады.

Аттестациялық мінездеме белгілі бір адамның атқарып отырған қызмет орнына лайық, лайық еместігін тексеру мақсатында жүргізілетін аттестация қорытындысына орай жазылады. Мұндай мінездеме қорытындысында «атқарып отырған қызметіне лайық», «қызмет бабында жоғары қызметке ұсынуға лайық» немесе «атқарып отырған қызмет орнына лайық емес» деген сияқты түйінді сөздер жазылады.

Жеке (функционалды) мінездемелер адамның жеке басының мінезін, білімін, шеберлігін, икемділігін және т.б. сипаттай отырып жазылады. Қорытынды бөлімінде мінездеме не мақсатпен жазылғандығы атап көрсетіледі. Мысалы, Еңбек келісімін ұзарту үшін т.б. Мінездеме А4 форматты параққа жазылады. Көлемі 1 беттен аспауы керек. Тақырыпты, өмірбаяндық мәліметтерді, қортынды мен негізгі түйінді үлкендеу шрифтімен беруге болады. Кейде мінездеме жоғары жағында мекеменің аты, логотипі, фирмалық белгісі көрсетілген арнайы бланкілерде де жазылады. Әр данасы есепте тұратын арнайы бланкілерге жазылған мінездемелер мінездеме беруші адамның және ұйым жетекшісінің қолымен расталады. Барлық мінездемелерге мекеме мөрі басылады. Мінездеме ресми стильде, бейтарап тонмен жазылады. Мәтін баяндаушы ашық райлы етістіктен жасалады (беріледі, орындады, көріне білді, көрсетті).

Мінездеменің мазмұндық-құрылымдық жүйесі:

- 1) тақырыбы;
- 2) мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәлімет;
- 3) негізгі мәтін;
- 4) қорытынды;
- 5) мінездемені талап етуші ұйымның аты;
- 6) мінездеме берілген күн, ай, жыл;

- 7) мінездеме берушінің аты-жөні, фамилиясы, қолы;
- 8) қосымша (егер болса).

Мінездеменің тақырыбы парактың жоғарғы жағын ала, орта тұсына қарай үлкен әріптермен жазылады.

Аттестациялық мінездеме. Мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәліметке мыналар кіреді: фамилия, аты-жөні, туған жылы, білімі, мекемедегі жұмыс стажы (жылдан бастап қызмет етеді), қазіргі атқаратын қызметі. Басқа да кейбір мәліметтер қосымшы берілуі мүмкін (мысалы, диплом бойынша мамандығы немесе білім түрі т.б.). Негізгі мәтінде атқарып жүрген қызметін, өз мамандығын қаншалықты меңгеретіндігі, кәсіптік білім деңгейі, біліктілігі, қызмет бабында жеткен жетістігі мен кемшілігі жазылады. Қысқаша әлеуметтік-психологиялық портреті беріледі. Әріптестерімен қарым-қатынас жағдайы, отбасы жағдайы, ұжымдағы орны, абыройы, сын көтеру қабілеті жазылады. Кей жағдайда (оқуға немесе іссапарға жіберу) денсаулық жағдайы да айтылады. Қажет деп табылған жағдайда негізгі мәтінге шетел сапарлары, зерттеу жұмыстары, өз бетімен жүргізген жұмыстары, жетекшілік, ұйымдастыру қабілеті де кіргізіледі. Мәтін көбіне жай сөйлемдермен, қалыптасқан сөз орамдары мен сөз тіркестерін, стандарт терминдерді қолдана отырып, басы артық қысқартуларсыз жазылады. Қорытынды негізгі мәтіннің түйінделген, жиынтықталған бөлігі болып табылады. Мұнда мінездеме беріліп отырған адамның перспективалық қызметіне байланысты бір-екі нақты ұсыныс енгізіледі. Негізгі мәтіннен кейін (қорытынды) сөзін азат жолдан, бас әріптермен жазып, негізгі түйінді немесе ұсынысты атап көрсетуге болады.

12-ЖАТТЫҒУ. Талапқа сай анықтама жазыңыз.

Анықтама – мазмұны белгілі бір фактіні я оқиғаны дәлелдейтін, растайтын, сипаттайтын акпараттық-анықтамалық іс қағазының түрі.

Өмірдің түрлі жағдайларына байланысты бізге әр кезеңде, түрлі мекемелерге барып әр мазмұнда анықтамалар алуға тура

келеді. Біздің жеке басымызды куәландыратын құжаттарды жоғалтып алғанда да анықтама оның орнын уақытша ауыстыра алады. Мекеме жетекшісі өз билігі мен өкілеттігінің шеңберіне анықтама беруге нұсқау береді және оны растап қол қояды.

Анықтама көп жағдайда жеке адамға байланысты нақты бір ақпаратты растау үшін беріледі. Мысалы, фамилиясы, аты-жөні, туған күні, туған жері, еңбек стажы, атқаратын қызметі, білімі туралы мәлімет, мамандығы т.б.

Анықтамада берілген мәлімет әркез мұқият тексерілуі қажет. Мәліметтің дәлдігін тексерумен кадр бөлімінің қызметкері я ұйым жетекшісі, өкілдік берген секретариат қызметкері айналысады. Анықтамадағы қызметтік сипаттағы мәліметті тиісті бөлім қызметкері тексереді. Мысалы, еңбекақы туралы мәліметті бухгалтерия бөлімінің қызметкері тексеріп, дайындайды. Анықтама беру журналындағы рет санының өсу тәртібіне орай әр анықтамаға нөмір қойылады және бірнеше дана берілсе, ол да көрсетіледі. Анықтама А5 форматты параққа дайындалады. Кейбір көлемі үлкен анықтамалар үшін А4 форматты қағаз парағы пайдаланылады.

Анықтаманың мазмұндық- құрылымдық жүйесі:

құжат аты;
негізгі мәтін;

анықтаманың қай ұйымға берілгені туралы мәлімет;
анықтаманың жарамдылық мерзімі жайлы мәлімет;

анықтаманы беріп отырған ұйымның мөрі мен анықтама беруші адамның қолы.

Құжат аты. Құжат аты үлкен әріптермен парақтың ортасына жазылады.

Негізгі мәтін. Негізгі мәтін анықтаманың берілу мақсатына қарай, жүйелі түрде жазылады. Мысалы, «Осы анықтама Бердібаева Айгул Оралбекқызына, оның Қарағанды медицина университетінің ІІІ курсында оқитынын растау үшін берілді».

Анықтаманың қай ұйымға арналып берілгені туралы мәлімет. Бұл мәлімет негізгі мәтіннен төмен, азат жолдан басталып жазылады. Мысалы:

«Анықтама Алматы қаласы Алмалы аудандық паспорт бөліміне көрсету үшін берілді». Немесе «Анықтама теміржол және аэрофлот кассаларына көрсету үшін берілді. Анықтаманың жарамдылық мерзімі туралы мәлімет.

Бұл мәлімет те жаңа жолдан жазылады және берілген анықтаманың қай мерзімге дейін күші бар екендігі көрсетіледі.

Мысалы, «Анықтама 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды» немесе «Анықтама берілген күннен бастап 3-күнге дейін жарамды, «Анықтама беруші адамның қолы. Бұл мәлімет анықтаманың жарамдылық мерзімінен кейін жаңа жолдан 2 см-дей қалдырылып жазылады. Анықтама беруші тұлғаның лауазымы жазылады, қолы қойылады және фамилиясы аты-жөні беріледі. Мысалы, Фармация факультетінің деканы И.В.Лосева (қолы) Анықтама беруші жауапты адамның қолы ұйым мөрімен расталады. Егер мөр қойылатын арнайы орын көрсетілмесе, мөр жауапты адам туралы мәліметтің сол жағына 1-2 см-дей жерге басылады.

Шақырухат – адресатты қандай да бір өткізілетін іс-шараларға қатысуға шақыру. Нақты тұлғаларға, сондай-ақ мекемелерге жіберіледі.

Хат «Құрметті ... іс-шараға қатысуыңызды сұраймыз», «Сізді шақырамыз», «Біз Сізді..... шақырғанымызға өте қуаныштымыз» және т.б. сияқты сөздер арқылы жазылады.

Шақырухатта іс-шараның сипаты беріледі, өткізілетін мерзімі мен уақыты көрсетіледі.

13-ЖАТТЫҒУ. Үлгіге сай шақырухат жазыңыз.

Құрметті талапкерлер!

Қарағанды медицина университеті Сіздерді 2024 жылғы 20 наурызда сағат 16.00-де Гоголь көшесі, 40 мекенжайында өтетін «Мен дәрігер мамандығын таңдаймын!» атты танымдық-шығармашылық кешке шақырады.

Кеш барысында әр талапкер медицина саласында қызықтаратын сұрақтарға жауап алып, университет өмірімен терең танысуға мүмкіндік алады.

Қарағанды медицина университеті,
Қоғамдық саламен жұмыс жасау бөлімі

14-ЖАТТЫҒУ. Үлгіге сай кепілхат жазыңыз.

Кепілхат – клиенттің немесе басқа бір адамның ақшалай немесе басқа да міндеттемелерді орындайтынына кепілдеме беретін іс қағазының түрі. Сол міндеттемелер орындалмай қалған жағдайда кепілші жауапты болады.

Сөздік

Кепілхат	гарантийное письмо
Кепілхатқа қол қойылды	гарантийное письмо подписан
...дейін берілген	действительно до ...
Куәландыру	удостоверить
Пайыз төлеу	выплачивать проценты
Үш дана етіп жасалған	составлено в трех экземплярах
Басқа талабым жоқ	других претензий не имею
Тараптардың қолы	подписи сторон
Шаралар қолдану	принять меры

«Қарағанды қаласының
Денсаулық сақтау басқармасы»
_____мырзаға

Кепілхат

«ҚМУ» КеАҚ 2025 жылдың 30 қаңтарына дейін «Астана медицина университетінің» 50 резидентін «ҚМУ» КеАҚ базасында тағлымдамадан өткізуге кепілдік береді.

Клиникалық жұмыстар проректоры _____

15-ЖАТТЫҒУ. Үлгіге сай баянхат жазыңыз.

Баянхат – деректер мен іс қорытындыларын баяндай жазылатын ісқағазының түрі.

Баянхаттар басшылықтың нұсқауы бойынша немесе қызметкердің өз тарапынан жазылады. Құжат мәтіні екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде жұмыс қорытындысының есебі баяндалса, екіншісінде өтініш, ұсыныс-тілектер айтылады.

Баянхаттар ағымдағы жұмыс туралы ақпарат беретіндіктен мекеме, ұйым жұмысында жиі жазылады.

Сөздік

баянхат	докладная записка
талап	претензия
міндеттену	обязаться
бас тарту	отказаться
мәлімдеу	сообщать
талап ету	требовать
мәжбүр болу	быть вынужденным
тексеру	проверить

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігіне

Баянхат

Қарағанды қаласының Денсаулық сақтау басқармасы онкологиялық ауруларға арналған химиялық препараттардың жетіспеушілігі туралы хабарлайды.

Басқарма бастығы _____

(аты-жөні)

16-ЖАТТЫҒУ. Төменде берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыздар.

Осы уақытқа дейін, заң арқылы, келісімшартқа сәйкес, ұзақ мерзімді, мәжбүр болу, жеткізілмеген жағдайда, қамтамасыз ету, өзара тиімді, талап ету.

17-ЖАТТЫҒУ. Үлгіге сай жеделхат жазыңыз.

Жеделхат – жедел түрде жіберілетін қысқа мазмұнды құжат. Жеделхаттың жазылу үлгісі еркін. Телеграф, факс, арқылы жіберілетіндіктен көлемі ықшам, нақты болады.

Сөздік

жеделхат	телеграмма
мәлімет	сведение
үлгі	образец
жіберу	отправить

Қарағанды Денсаулық сақтау басқармасына

Жеделхат

Қарағанды медицина университеті емдік жұмыстардың жарты жылдық есебін жібергені туралы хабарлайды.

Клиникалық жұмыстар проректоры _____

18-ЖАТТЫҒУ. Үлгіге сай алғысхат жазыңыз.

Алғыс – адамның ізгі ықыласын білдіреді. Алғыстың ресми түрі де бар. Үздік еңбегі үшін айтылатын ресми құрмет – алғыс хат деп аталады. Ол ұжымның, ұйымның белгілі адамға немесе адамдар тобына деген құрметін білдіреді.

Сөздік

Алғысхат	благодарственное письмо
Марапатталады	награждается
Құттықтау	поздравление
Көп рахмет!	большое спасибо!
Ықыласыңызға ризамын!	Я признателен за внимание!
Алғыс айтамын!	Благодарю!

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНЕ

Алғысхат

Құрметті _____!

Қарағанды облыстық балалар емханасына қажетті құрылыс жабдықтарымен қамтамасыз ету жолында демеушілік қолдау көрсеткендеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз.

Ұрпақ болашағы жолындағы еңбегіңіз ел мерейіне бөлене берсін!

Қарағанды облыстық балалар емханасының бас дәрігері

19-ЖАТТЫҒУ. Төмендегі сөздерді қазақ тіліне аударыңыз.

Входящий документ, входящий номер, заявитель, краткое содержание письма, срок исполнения, дата передачи на исполнение, благодарность, расписка в получении, кому и что поручено, написать благодарственное письмо, результат рассмотрения заявления, характер задания, подпись.

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКА

21-ЖАТТЫҒУ. Төмендегі сөз тіркестері мен сөздерді дұрыс формаға қойып, мәтін мазмұнына қарай орналастырыңыз.

Оқшауландыру, шығын, тікелей әсер, азаю, белсенді халық, қол жеткізу, төмендеу, құбылыс, едәуір, дағды, деңгей, адамдар, шығын, орталық проблемалар.

Жұмыссыздық әлемдегібірі болып табылады. Мұндай процесс Қазақстанда да жүріп жатыр. Жұмыссыздық проблемасы тығыз-байланысты және соларғаетеді. Жұмысынан айрылу олардың табысының а....., өмір сүру деңгейінің сонымен қатар психологиялық стресске алып келеді. Жұмыссыздық дегеніміз – әлеуметтік-экономикалық осы құбылыс кезінде елдің экономикалық бір бөлігі біршама уақыт не тұрақты жұмыссыз немесе жалақысыз болады. Жұмыссыздық адамдар мен үй шаруашылықтарының белгілі бір бөлігін (кейде едәуір көлемін) экономикалық әрекет жағдай жасайтын мүмкіндіктерге айырады. Олар үшін адам даму жағдайлары нашарлайды. Екіншіден, жұмыссыздық (әсіресе, ұзақ мерзімді, тоқыраулы) еңбек жоғалтуға, яғни жинақталған адам капиталынан айырылуға ұшыратады және осылайша ол адам дамуына теріс ықпалын тигізеді. Үшіншіден, жұмыссыздық тек жеке адамдардың ғана емес, сонымен бірге жұмыссыздардың әл-ауқатының қолдауға, мемлекеттердің жұмыспен қамту жөніндегі түрлі бағдарламаларын іске асыруға байланысты елеулі әлеуметтік ұшыратады.

22-ЖАТТЫҒУ. Берілген монологты диалогқа айналдырыңыз.

«Бір тал кессең, он тал ек» қағидасын мықтап ұстанған халқымыз үшін тал егу – маңызды істердің бірі. Қазақ әуел бастан Наурыз мерекесіне ерекше даярланған. Көктем келіп, күн қыза бастағаннан-ақ ауланы, тоғайлар маңын тазалап, ағаштардың түбін әктеп, күтім жасаған. Наурыз - мезгілдің, жылдың жаңаратын уақыты ғана емес, адамның да жандүниесін тазартатын, не тындырдым деп өткен жылға қайырыла қарайтын тұс.

Барша жұртты жұмылдыратын тал егу жұмысы арқылы балалардың табиғат-анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамитынын ұғындыру парыз. Егілген ағаштың, өскен өсімдіктің әуе алабына тигізер пайдасы зор. Жасыл желектің әсерінен ауа тазарып, қолайлы микроклимат қалыптасады және шу деңгейі төмендейді. Атап айтқанда, орман екпелерінің бір гектары ауадан 400 келі күкірт қышқыл газын, 100 келі хлоридті және 25 келі фторидті, жерге түсетін және ауада болатын барлық зиянды заттардың 60-80 пайызын жұта алады.

Қоршаған ортаның жақсаруына өз үлесімізді тигізу үшін сенбіліктер өткізіп, ауламыздың, қаламыздың, ауылымыздың аумағын тазартып, абаттандырып, жасыл желектер отырғызып, шырайын әрлендіре түсуіміз керек.

23-ЖАТТЫҒУ. Берілген мәтінді оқып, осы мәселе тоңірегінде шағын мақала немесе репортаж әзірлеңіз.

Жексенбі күні қала көшелерін аралап жүріп, көптеген келеңсіз көріністерге куә болдым. Сыра, түрлі сусын ішкен бір топ жастар саябақ ішіндегі орындықтың маңын ыбырсытып тастады. Босаған сан алуан құтылар, тәттілер оралған жылтыр қағаздар, пісте қабықтары шашылып жатты. Өкінішке орай, ұнамсыз әрекеттері арқылы көңілге көлеңке түсірген кейбір жастардан қалыспай бір ересек ағамыз да аяғының астына қақырынып-түкірініп қасымыздан өте шықты.

Әлдекім үйден алып шыққан қоқысты арнайы орындағы ыдысқа апарып салуға мойны жар бермей, көше бойында тізіліп

тұрған көліктердің тасасына қоя салды. Осындай адамдарға экологиялық сауаттылық, экологиялық мәдениеттілік туралы айтудың өзі әбестік болар. Барлық мәселе өзін-өзі сыйламаудан, немқұрайдылық пен салғырттықтан бастау алмай ма?! Мөлдіреп тұрған табиғаттың тыныштығын бұзып, нұқсан келтіріп жүретін де өзіміз ғой.

Әр ісімізге жауапкершілікпен қарауды, салғырттықтан алыстауды тез арада бойымызға сіңірмесек, экологиялық апатты өз қолымызбен өзіміз жасайтынымыз анық.

24-ЖАТТЫҒУ. Сөйлемдерді аяқтаңыз (жақша ішінде қандай сан көрсетілсе, сонша сөз болуы тиіс).

- Мәжілісте әр түрлі мәселелер (4)
Баяндамашыға көп сұрақ (5)
Алқа жиналысы екі қаулы (6)
Күн тәртібіндегі бір мәселеге назар (7).....
Хаттамаға қол (8)

Қорытынды тест

1. Қайсысы стиль түріне жатпайды?
А) Коммуникативтік
Ә) Ауызекі сөйлеу
Б) Публицистикалық
В) Ғылыми
Г) Ресми іс-қағаздар
2. Стиль ұғымын көрсетіңіз.
А) Дауласу, пікір алмасу үстіндегі қолданылатын сөздер
Ә) Лебіздің тілдесу үстінде сөйлеуші қойған коммуникативтік мақсатқа лайық түрі.
Б) Қарапайым сөздерді қолдану түрі

- В) Жергілікті сөйлеу түрі
Г) Терминдік атаулар

3. Қазақ тілінде стильдің қанша түрі бар?

- А) 4
Ә) 5
Б) 6
В) 3
Г) 2

4. Диалог көбіне қай стильде қолданылады?

- А) Ғылыми стиль
Ә) Ауызекі сөйлеу стилі
Б) Ресми іс-қағаздар стилі
В) Құжаттар стилі
Г) Публицистикалық

5. Ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшелікті табыңыз.

- А) Үндемей тыңдау
Ә) Термин сөздерді қолдану
Б) Тіл тазалығын сақтау
В) Қыстырма сөздерді қолдану
Г) Диалогке құрылмайды

6. «Келгем, келгім кеп, келгесін» сөздері қай стильде жазылған?

- А) Публицистикалық стилі
Ә) Көркем әдебиет стилі
Б) Ғылыми стиль
В) Ауызекі сөйлеу стилі
Г) Ресми іс-қағаздар стилі

7. Ресми іс-қағаздары стиліне жататын қатарды табыңыз

- А) Қоғамдық-саяси әдебиет
Ә) Көркем шығарма
Б) Газет-журнал тілі

- В) Ғылыми шығармалар
- Г) Өтініш мінездеме

8. «Кепілхат, сенімхат» стильдің қай түріне жатады?

- А) Публицистикалық стилі
- Ә) Ғылыми стиль
- Б) Ресми іс-қағаздар стилі
- В) Көркем әдебиет стилі
- Г) Ауызекі сөйлеу стилі

9. Оқиганы оқырманға жеткізуде автордың өз әсерін, сезімін қоса суреттеуі қай стильге тән?

- А) Публицистикалық стилі
- Ә) Ресми іс қағаздар стилі
- Б) Ғылыми стиль
- В) Көркем әдебиет
- Г) Ауызекі сөйлеу

10. Стиль түрін анықтаңыз.

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.....*

- А) Ғылыми стиль
- Ә) Публицистикалық стиль
- Б) Көркем әдебиет стилі
- В) Ресми іс-қағаздар стилі
- Г) Ауызекі сөйлеу стилі



7. ТЕРМИНДЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Сөз – терминнің ең басты белгісі. Қандай да бір ұғымның аты болуы терминді сөз етуге жетелейді. Ол сөз түрінде айтылып, сөз күйінде естіліп, қабылданып, сөз қалпында жұмсалады және қолданылады.

Терминнің сөз болып есептелуінің тағы бір себебі – ол тілдік бірліктерден құралады. Тілдегі кез келген басқа сөздер секілді олар да дыбыс, буын, түбір, қосымша, түбір сөз, туынды сөз, күрделі сөз, сөз тіркесінен жасалады, осылардың түрлі үйлесімінен жасалады.

Ол жер, су, тау, тас, қол, аяқ сияқты тілдің негізгі сөздік қорын құрайтын, онда о бастан бар түйсіктік атаулардан, атау сөздерден, қолөнер, шикізат, бұйрық, хаттама, баянхат, қолдаухат, тін, ұлпа, ұяшық, талшық сияқты ішкі құрлысы оқылып тұратын уәжді сөздерден, сутегі, мыс тотығы, күкірт қышқылы, ас тұзы, азу тіс, сүт тіс сияқты сипаттауыш, атауыш тіркестерден тұрады және бұл келтірілген сөздік бірліктердің бәрі дерлік өз кезегінде термин болады, белгілі бір сала термині болып табылады. Демек термин тілді – таңба, бірлік ретінде сөз болады.

Осы орайда, терминнің тілдегі басты қызметі ашылады. Ол өз кезегінде жалпы қатынастық, жалпы тілдік деңгейде қандай да түсініктің ат(ау)ы болады, сонымен қатар мұны *сөздік* немесе *жадтық* қызмет деп атаймыз.

ТЕРМИНГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР:

Терминнің бірмағыналылығы (однозначность термина).	Терминнің негізінен бір арнаулы сала ішінде ғана бір мағынаны білдіруі, синонимдерінің болмауы. «Бір таңбаланушыға – бір таңба, бір таңбаға – бір таңбаланушы» сәйкес келуі керек деген қағидаттан туындаған бұл талапты орындауға салалық мамандардың қай-қайсысы да мүдделі. Кейде бұл талаптың орындалмай қалып жататынын да кездестіруге болады. Терминнің бір мағыналылығы абсолютті және салыстырмалы болуы. Бұл талаптың негізінен белгілі бір арнаулы терминология шеңберінде қойылатындығын ұмытпаған жөн.
Терминнің қысқалылығы немесе ықшамдылығы (краткость термина).	Бірнеше сөздің тіркесуінен тұратын көп сыңарлы терминнің ұғым атауы ретінде, атаусөз ретінде қолдану мейлінше қолайлы бола бермейді. Атау сөздердің қысқа да нұсқа болғаны абзал. Себеі тіл қашан да үнемділікті ұнатады. Тіліміздегі көптеген көп құранды тіркестердің лексикалануы, біріккен, кіріккен сөздердің пайда болуы, күрделі атаулардың ықшамдалуы – осы үнемдеу заңының талаптары.
Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі (соответствие словообразовательным законам языка).	Терминдерге де жалпы әдеби тілдегі атау сөздерге іспеттес ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерін пайдалану арқылы жасалу сипаты тән. Салалық терминдердің көпшілігі әр сала ғалым-мамандарының қаламынан туындайтыны белгілі жайт.

Тілдік нормаға сәйкес келуі (соответствие нормам языка)	Кәсіби жаргондардың, фонетикалық және грамматикалық нормадан ауытқулардың болмауы.
Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы (derivационная способность термина).	Аталмыш талап терминнің ықшам болуы қажет деген ұғыммен түсіндіріледі. Қазақ тілі жалғамалы тілдер қатарынан болғандықтан неғұрлым қысқа, ықшам атауларға сөз тудырушы жұрнақтарды жалғау арқылы бір түбірден немесе негізден бірнеше туынды сөз, жаңа атау жасауға болатыны белгілі. Ал көп құрамды атаулар бұл талапқа жауап бере бермеуі мүмкін. Бұл талапты терминнің сөз тудыруға (деривациялық) қабілеттілігі деп те атайды. Ықшамды қысқа терминнен туынды термин жасау мүмкіндігі қашан да мол.
Терминде эмоционалдылық пен экспрессивтіліктің болмауы (отсутствие эмоциональности и экспрессии).	Фактологиялық зерттеулер негізінде ғылым тілі бейнелілік пен образдылықты емес, әр ұғымды дәлділікпен, нақтылықпен атауды қалайды. Осы орайда, ғылым тілінің негізін құрайтын терминдердің эмоционалдық тұрғыдан бейтараптық танытуы заңды құбылыс.
Эстетикалық талаптарға сай келуі (соответствие эстетическим требованиям).	Терминнің дыбысталуы жағымды естіліп, айтуға қолайсыздық туғызбауы қажет.
Синонимдердің болмауы (отсутствие синонимов)	«Бір ұғымға – бір ғана атау» терминологиядағы негізгі қағидаттардың бірі екені белгілі. Осы тұрғыда термин синонимдерінің болмауы талап етіледі.

Инварианттылық (инвариантность)	Фонетикалық, морфологиялық, сөзжасамдық және синтаксистік варианттардың болмауы.
------------------------------------	--

7.1 Ғылыми терминология. Термин жасалуының сөзжасамдық ерекшеліктері

Қазақ тілінің даму жолы терминжасамның төрт тәсілі бойынша қалыптасты.

1. Ұлттық тіліміздегі кейбір сөздердің терминдік мәнге көшуін семантикалық тәсіл дейміз. Бұл қазақ тілінің байырғы сөздері мен ертеде енген араб, парсы сөздерінің арнайы жаңа терминологиялық мәнде жұмсалуды. Жаңа қызмет сол байырғы сөздер мағыналарының бірінің негізінде өріс алады.

2. Терминжасамның екінші тәсілі бірнеше топқа бөлінеді. Қарапайым тілмен айтсақ, қосымшалау тәсілі, біріктіру тәсілі, қысқарту тәсілі.

3. Сөзжасамның синтаксистік тәсіліне келсек, бұның терминжасамға тигізер септігі мол. Бұл сөздердің біріктірілуі арқылы жасалатын тәсіл. Тек біріктірілу емес, тіркес арқылы да жасалады. Мысалы: өнер+кәсіп, кәсіп+орын, қол+өнер, саяси экономика, өндіріс өнімі, үстеме акы, ұлтаралық қатынас, экономикалық қор, қаржы саласы.

4. Калькалау тәсілі. Бұл да аударма үдерісінің жандануына байланысты кеңес дәуірінде пайда болған өнімді амалдардың біріне айналды. Мұның, әсіресе терминжасам мәселесіндегі ролі айрықша. Калькалау тәсілі арқылы жасалып, тілімізге енген терминдерді екі ыңғайда қарастыруға болады. Бірі – мағыналық калька, яғни сөзбе-сөз аударма емес, түбір сөздің негізгі мағынасын беру, екіншісі – мағыналық құрылымын беру. Бұл тәсіл бойынша термин сөзбе-сөз аударылады. Мағыналық (фонетикалық) калька қатарына кәсіпорын, өндіріс т.б. жатқызуға болады. Ал екінші топқа өзіндік құн, есепші, қайта құру, сарапшы, келісім, ұсыныс, жоспарлау т.с.с. терминдер, терминдік тіркестер мысал бола алады.

ОҚЫЛЫМ

1-ТАПСЫРМА. Мәтіндерді оқыңыз. Төменде берілген сызбаға сай интеллект картасын жасаңыз.

1-мәтін

Дәрі және оның түрлері

Дәрілер – ауруды емдеу және аурудан сақтандыру үшін қолданылатын шипалы заттар. Дәрі адам баласына өте ертеден белгілі. Біздің жаңа жыл санауымыздан IV-V ғ. бұрын грек дәрігері Гиппократ, Рим дәрігері Галеннің еңбектерінде дәрілер туралы жазылған. Галеннің пікірінше табиғатта дайын тұрған дәрі жок, бірақ өсімдік пен жануар ағзасында сол дәрі-дәрмектерді жасауға өте қажетті заттар бар. Атақты азиялық ғалым дәрігер – Ибн Синаның ғылыми еңбектерінде де дәрі мәселесіне зор мән берілген.


Фармакология ғылымы XIX ғасырдың ортасында дамыды. Осыған байланысты кокаин, ұйықтататын, жансыздандыратын тағы басқа дәрілер шығарыла бастады. Дәрілер жасалуына қарай бірнеше топтарға бөлінеді:

- а) химиялық синтез өнімінен;
- ә) тірі ағзадан (антибиотиктер, кейбір витаминдер, гормоналдық ферментті препараттар);
- б) дәрілік өсімдіктерден;
- в) мұнай, минералды тұздар, тас, көмір, тағы басқалардан жасалатын дәрілер.

Дәрілер қолданылуына және науқас адамдарға әсеретуіне қарай: антибиотиктер, антисептикалық дәрілер, ауруды басатын, жөтелді басатын т.б. болып бөлінеді.

Дәрілер фармацевтика зауыттарында жасалады, дәріханаларда дайындалып, сонда сақталады. Дәрілер ұнтақ, таблетка, микстура, тұндырма, ерітінді, паста тәрізді т.б. түрде болады. Дәрінің науқас адамға әсерету күші оның құрамына

және науқастың жасына, жалпы жағдайына байланысты. Дәріні дәрігердің рұқсатымен белгілі мөлшерде тамақтану алдында не тамақтан кейін пайдалану керек. Пайдалану мерзімі өткен дәріні тастау керек.



2-мәтін

Пиелонефрит

Пиелонефрит – бүйрек түбегі ұлпасының қабынуы. Бұл – бүйректің ең жиі кездесетін ауруы. Бұған несеп жолдарының тарылуы, қысылуы және несептің жүруін бұзатын басқа да себептер әсер етеді. Өту сипаты бойынша жедел, толқын тәрізді және латентті пиелонефрит болып бөлінеді. Жедел пиелонефрит кенеттен басталады.

Пиелонефриттің жедел түрінің негізгі белгілері: дене қызуы жоғарылауы, белдің ауруы, құсу. Зертханалық зерттеулер жүргізгенде қанда лейкоциттердің көбейгені анықталады. Несеп кейде макроскопияның өзімен-ақ қою көрінеді, ақуыз саны қалыпты немесе аздап көбірек болады, сондай-ақ, бактериялар көбейгені байқалады, бірлі-жарым эритроциттер кездеседі. Жедел пиелонефриттің диагнозын ертерек қоюдың маңызы зор,

өйткені 90 % жағдайда сырқат сауығуға және созылмалы түрге көшуден сақтануға болады.

Пиелонефриттің жедел кезеңінде аурудың негізгі белгілері жойылғанға дейін төсектен тұрғызбау керек. Науқасты дұрыс тамақтандырудың маңызы зор. Алғашқы күндерден бастап антибактериялық және қабынуға қарсы терапия жүргізу қажет. Антибиотиктер алғашқы 10-14 күнде енгізіледі, одан соң препараттарды ауыстырады.


Сульфаниламидтік препараттарды 3-4 күннен үзіліс жасап, 7-10 күн пайдаланады. Міндетті түрде ретинол, аскорбин қышқылы, В тобының дәрумендері, пангам қышқылы В15 дәрумені тағайындалады. Антибактериялық терапия циклдары арасындағы үзілісте шөптермен (шайшөп, жалбыз, итмұрын, қалақай т.б.) емдеу мейлінше қажет. Емдік шараларды бірі — диета, сырқат адамның тамағында тұзды шектеу керек. Сондай-ақ, пиелонефритпен ауыратындардың кешенді терапиясына шипажай емін енгізуге болады.

Қайталанбалы ауру кезінде науқастың халі ұзақ уақыт бойы қанағаттанарлық болуы мүмкін. Тек асқыну кезінде ғана дене қызуы көтеріліп, халі нашарлайды, белі ауырады. Қабыну үдерісінің үдей түсуі нефрондар қызметінің бұзылуы мен бүйрек кемістігіне әкеп соғады.

Латентті ауру жағдайында пиелонефриттің белгілері азырақ кездеседі, көбінесе жылдар бойы анықталмай қалады.

Ол кейде қайсыбір жедел ауру жағдайында кездейсоқ анықталады. Науқастың шағымдарында әдетте шаршағандықты, тәбеттің болмауын, кейде іштің ауруын, дене қызуын көрсететін белгілер болады. Антибиотиктер мен химиялық препараттар оларды қалай көтеретіндігін ескере отырып тағайындалады.

Алдын алу. Науқасты дұрыс тамақтандыру, жұқпалы аурулардан абай болу, сондай-ақ ағзадағы инфекция ошақтарын дер кезінде жойып, несеп жолдарының туа біткен ауытқуларын анықтау.



3-мәтін

Тірек-қимыл жүйесінің зақымдануы

Буын шығуы – буын сүйектерінің өз орнынан қозғалуы. Буын толық және жартылай шығуы мүмкін. Кейде баланың буыны іштен шығып тууы, күнделікті өмірде жарақаттанудан және түрлі ауру салдарынан шығуы мүмкін. Буынның іштен шығып тууы, көбінесе, жамбас, иық, шынтақ буынында жиі кездеседі. Буын таюы, яғни буынның шығуының өте жиі кездесетін түрі оқыс қимылдағанда жарақаттанудан болады. Буын шыққанда бір буынның басы екінші буынның ойысынан шығады. Кейде сіңір созылуы немесе буын қалтасы жарылып кетуі мүмкін. Буын шыққанда оны қоршаған сіңірлер, сүйектің түйіскен жеріндегі тері зақымданады. Мұндайда буын шығып қана қоймайды, сонымен қатар буынға жақын орналасқан қан тамыры және жүйке талшықтары да зақымдануы мүмкін. Мұндай кездерде буынның пішіні өзгереді, зақымданған аяқ немесе қолды қозғалту қиындайды. Буынның жаны ісіп, қызарады, қатты ауырады. Жәрдем көрсету үшін зақымданған буынды қозғалмайтын жағдайға келтіру керек. Буынды бинт, дәке немесе орамалмен мықтап таңып, буын шыққан жерге суық басу керек. Зардап шеккен адамды жедел ауруханаға жеткізу


қажет. Буынның патологиялық шығуы түрлі буын ауруының салдарынан (артрит, полиартрит, жүйке аурулары) да болады. Шыққан буынды тек маман дәрігерге көрсетіп емдеу қажет. Мезгілінде емделмеген, орнына түспеген буын «ескірген шығу» деп аталады. Мұндай буын тек дәрігердің көмегі арқылы қалпына келтіріледі.

Сүйектің сынуы. Адам қатты құлағанда немесе оқыс жағдайда сүйектің сынуы мүмкін. Сүйектің сынуы 2 түрлі: морт сыну, шытынап сыну. Әсіресе, ересек адамдардың сүйектері морт сынғыш. Морт сынғанды «ашық сыну» деп атайды. Морт сынған кезде сүйектердің ұштары қан тамырларына, бұлшық етке, теріге зиян келтіреді. Жарақаттанған жерге микробтар түсуі мүмкін. Сондықтан адам алдымен жараны тазалап, зарарсыздандырылған таңғышпен байлап, шендеуіш салып, таңу керек. Шендеуіш ретінде кез келген қатты заттар (тақтай, таяқ, қатты қағаз) жарайды. Алдымен жарақаттанған жерге жұмсақ мата салады. Матаның үстіне шендеуішті қойып, аяқ немесе қолмен бірге сынған мүшені қатты таңып тастайды. Ашық сыну өте қауіпті, өйткені сүйектер ұсатылып кетеді.

Шытынап сыну немесе жабық сыну – бұл сынудың жай түрі. Мұндай сүйектің сынған жерінде шытынаған сызат пайда болады. Морт сынудағыдай сүйек бөлініп, үгіліп теріні тесіп жарақаттамайды. Шытынап сыну да ауыртады, сынған жері домбығып іседі. Себебі сүйекте жүйкелер мен қан тамырлар болғандықтан, ауырған жері тез білінеді. Мұндай жағдайда жарақаттанған жерді қатты таңып, ауырғаны әбден басылғанша тыныштық қалыпты сақтау керек.

Остеомиелит – сүйек тінінің және сүйек кемігінің (майының) іріңдеп қабынуы. Бұл ауру сүйек тініне қан арқылы инфекция түскенде (іштен) және жаралану салдарынан инфекция пайда болғанда (сырттан) дамиды. Яғни инфекцияның ену жолына байланысты: А) гематогенді Б) жарақаттық болып бөлінеді. Остеомиелит ауруының пайда болуына, сондай-ақ, ағзаның өз бейімділігі де әсер етеді. Бейімделу жағдайына адамның жалпы имунитетінің төмендігі, тоңып-мұздау, инфекциялық ауруларға жиі-жиі шалдығуы, ағзада

дәрумендердің жетіспеуі, сүйектің жиі жарақаттануы, адамның әлсіреп жүдеуі – осылардың бәрі остеомиелит ауруының пайда болуына әкеледі.



4-мәтін

Жүйке жүйесінің аурулары

Бас сақинасы кезінде бас қатты ауырады. Бұл ауру – кең таралған созылмалы сырқат, әйелдерде жиі кездеседі, ер адамдар сирек ауырады. Ол үнемі қатты ауыру сезімімен, ұстамаларымен сипатталатын неврологиялық ауру болып табылады.

Бас сақинасы жеңіл ұстамалардан басталып, күнделікті мазалайтын ауруға ұласады. Бірақ бұл аурудың ұстамалары айына 2-8 рет толқын тәрізді кездеседі. Бас сақинасы ұстамалары кезінде жиі фотофобия, яғни *жарықтан қорқу*, фонофобия – *дыбыстан қорқу*, гиперосмия *иістерге гиперсезімталдық* және жүрек айнуы, локусу, сирек жағдайларда құсу, кеңістіктегі ориентацияны жоғалту мен бас айналу сияқты белгілер пайда болады. Кенеттен пайда болған қозушылық (дисфория) немесе тежелу, көңіл-күйдің түсуі, ұйқышылдық, әлсіздік те жиі кездеседі. Бас сақинасы кезіндегі ауру сезімі көбінесе, бастың бір бөлігінде орналасады (кейде екі бөлігінде де орналасуы мүмкін), көзге, жоғарғы жаққа, мойынға таралады,

үнемі солқылдап ауырады, әртүрлі қоздырғыштар әсерінен күшейеді (шуылдар, күн сәулесі, иіс). Тіпті бас сақинасы ұстамаларының ұзақтығы бірнеше минуттан бірнеше сағатқа дейін созылады. Ауыр ұстамалар бірнеше тәулікке дейін созылады.

Емі. Медикаментозды және медикаментозды емес әдістермен алдын алуға болады, сонымен қатар бас сақинасының жедел түріндегі ұстамаларын бірден тоқтатуға болады. Алдын алу шаралары, көбінесе, бас сақинасы ұстамаларын 100 % тоқтатпайды, бірақ, оның белгілерін азайтады және ауырлық дәрежесін төмендетеді.

Эпилепсия – грекше *epilambano* – шап беріп ұстау, шабуыл жасау дегенді білдіреді, халық арасында «қояншық» немесе «талма» деген атаумен белгілі. Эпилепсия – жиі кездесетін ұстамалы аурулардың бір түрі. Бұл ауру туралы алғашқы деректер біздің заманымызға дейін 400 жылдары Гиппократ еңбектерінде айтылған. Ғұлама дәрігер талма ауруының табиғатын тұқым қуалаушылық пен ми ақауларымен байланыстырған. Ал, Әбу Әли ибн Сина ұстамалы аурудың клиникалық көріністері мен емін толық сипаттап жазған.


Эпилепсия белгілі бір уақытта қайталанып, науқас есінен танады кейде тұнжырап, мінезі өзгеріп, ой-қабілеті төмендейді. Эпилепсия ауруының себебі әлі толық анықталмаған.

Ауру ұстар алдында адамның басы ауырып, мең-зең болады, қолы дірілдеп, көзі қарауытады, бір жерді шыр айналып айқайлап. есінен танып құлайды. Аузынан көбік ағады, басын соғып, тілін шайнайды. Денесі сіресіп, көгеріп қатып қалады да, бірнеше секундтан кейін басын соққылап, селкілдей бастайды. Бұдан кейін науқас адам біразға дейін есін жия алмай, ұйықтап кетеді. Ояғанда не істеп, не қойғанын білмейді. Кейде ауру жеңіл ұстап. селкілдемей-ақ есінен танып құлайды, ұстама тез басылады.

Эпилепсияның қайталап ұстауы көбіне ешбір себепсіз болады. Кейде қорыққанда, бір нәрсеге ашуланғанда, шаршағанда жиілеуі мүмкін. Эпилепсияның ұзақ уақыт ұстайтын түрі де болады. Мұндай кезде науқас адам селкілдеп

құламайды. Науқас тұнжырап, айналасында болып жатқан жағдайға көңіл бөлмей, өзіне қойылған сұраққа жауап бермейді. Оның көз алдына әр түрлі зат елестейді, дыбыс естіледі, әр жерден бірдене іздеп әуреге түседі. Қасындағы адамға ретсіз тиісіп ұрысады, үйден шығып кетуі де мүмкін.

Емі аурудың түріне, себебіне және ағымына қарай тағайындалады. Аурудың белгісі білінісімен емдеуді ерте бастаған тиімді болады. Ауру ұстаған кезде оны таркататын препараттармен қатар, науқас ағзасын әлдендіріп, иммунитетін көтеретін дәрі-дәрмек беріледі. Дұрыс тамақтану, мезгілімен ұйықтау, диета сақтау маңызды.



5-мәтін

Остеохондроз

Остеохондроз латынның «остео» – сүйек, «хондрос» – шеміршек деген мағынаны беретін сөздерінен құралған, демек ол омыртқааралық шеміршек дискілерінің сүйектік ұлпаға айналуы. Ауыр дене еңбегі мен шағын жарақаттар және салқын тию факторлары остеохондрозды асқындыра түседі, әсіресе, омыртқааралық дискілерде дистрофикалық үрдіс жүреді.

Ауру үш кезеңнен тұрады:

I кезең – люмбаго немесе дискальгия кезеңі дискідегі өзгерістермен сипатталады;

II кезең — диск протрузиясы;

III кезең – диск жарығы.

Негізінде остеохондроз – буын арасына минералды тұздың жиналуы. Омыртқа дискілерінің қоректенуі төмендеп, қан айналымы өзгеріп, олардың созылғыштығы әлсіреп сызаттар түседі, кейінірек сүйекті ұлпаға айналады. Мүсіннің дұрыс қалыптаспауы, арқа бұлшық еттерінің нашар дамуы, ауыр зат көтеру патологиялық ауыр үрдістерді жылдамдатады.

Остеохондроз орналасуына байланысты: мойын, кеуде, бел остеохондрозы болып бөлінеді. Мойын остеохондрозында ауру сезімі шүйде, мойын, жауырын, иық аймағына беріледі.

Кеуде омыртқасының остеохондрозы ауру сезімі кеуде аймағында орналасқандықтан тенокардияға ұксас болып келеді.

Бел омыртқаның остеохондрозы аяқтың жансыздануына, рефлексстердің төмендеуіне әкеп соқтырады. Кейбір жағдайларда сезімталдықтың нашарлауы, аяқ-қолдың ісінуі байқалады.

Аурудың бастапқы сатысында емдік дене шынықтыру, массаж, физиотерапиялық ем (емдік ванна, балшық, парафин, т.б) ауру сезімін басу үшін аналгетиктер тағайындалады. Егер ауру асқынып жүлын қысылса, оперативтік ем қолданады.

Алдын алу шаралары:

Жастық аласа, төсек қатты болу керек.

Үстелдің, партаның биіктігі бой мен дененің деңгейіне сәйкес келуі керек.

Омыртқа жотасын тік ұстау керек.


Дене жаттығулары:

Қандай жұмыс болмасын мезгіл-мезгіл тұрып, аяқты нық басып, басты артқа шалқайтады, оңға, солға бұрады.


Басты шалқайта ұстай отырып, кеуде тұсына қолдарды қойып, кеудені артқа қарай шалқайтады, 3-5 рет қайталайды.

Аяқты иықтың енімен сәйкес қойып, бүгілген қолдарды кеуде тұсына көтереді. Бас пен жамбасты тік ұстайды. Иықпен оңға бұрылып, тыныс шығарады, бастапқы қалыпқа келіп, тыныс алады. Солға бұрылып, мұрынмен дем алады, 5-7 реттен қайталайды.

Көңіл бөліңіз.



БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...



БҮЛШЫҚ ЕТ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТТЕР.

Мамандардың айтуынша адам денесінде 400-ден 680-ге дейін бұлшық ет түрлері бар. Бірақ олардың нақты санын айту мүмкін емес.

Сіздің салмағыңыздың 40%-ы, яғни 20-30 кг – бұлшық ет.

Адам денесіндегі ең үлкен бұлшық ет – сан бұлшық еті. Ол денедегі ең үлкен жамбас сүйегін қозғалысқа келтіреді.

Адам денесіндегі ең мықты бұлшық ет жақтың бұлшық еті екен.

Аяқты қозғалысқа келтіретін бұлшық еттердің саны 19 екен. Олар бір-бірімен байланысқан жұмыс нәтижесінде табаныңызды қозғалтады.

Ал бір қадам жасау үшін сіздің 200 бұлшық етіңіз іске қосылады. Бір адам орташа есеппен 10 000 қадам жасайтынын ескерсек, аяқ бұлшық еттері өте мықты екенін аңғарамыз.

Жүрек – адам денесіндегі мықты бұлшық еттердің бірі.

Сіздің денеңіздегі бұлшық еттің 50%-ы аяқ бұлшық еттері, 30%-ы қолға, 20%-ы бас және басқа бөліктерге тиесілі.

Қарапайым күлкі адам бетінің 40 бұлшық етін іске қосады.

10 жылда адам өзінің бұлшық етінің 3%-ын жоғалтады.

Бұлшық еттердің саулығы адам өмірінің ұзақтығына тікелей әсер етеді екен. Сондықтан бұлшық еттерді жаттықтырып, шымыр қылу өте маңызды.

БҮЙРЕК АУРУЫНЫҢ БАСТЫ БЕЛГІЛЕРІ

1. Бүйрек әлсіздігінен бет, аяқ-қол, көздің айналасы іседі. Оның жұмысы бұзылса, қан айналымы нашарлайды. Мұны ретке келтірудің оңай шешімі – ұйқы алдында суды аз мөлшерде ішіп, белге арналған жаттығу жасау.

2. Әйелдердің тез тоңу себебі – бүйрек әлсіздігінен болады. Мұндай құбылысты жеңу үшін тамақтану рационын қадағалап,

қой, сиыр етін, ащы бұрыш, пияз, зімбірді көбірек пайдаланған жөн.

3. Бастың ауруы, ұйқының бұзылуы, мидың шаршауы, ойдың үнемі бөлініп кетуі де бүйрек әлсіздігінен болады. Ағзадағы мұндай өзгерістерді жеңу үшін қаздың етін, саңырауқұлақ, жүзімді үнемі пайдалану керек.

4. Бүйрек әлсіздігінен әйелдердің ішкі секреция жүйесі әлсіреп, бүйрек үсті безінен адреналин бөлінуі азайып, денедегі зат алмасу үдерісі бұзылады. Ол артық май жиналуына себеп болады..

5. Бүйрек әлсіздігінен қан қысымы артады. Мұндай белгілер байқалысымен дәрігерге көрініп, емдік шаралар қолданбаса, бүйрек істен шығып, өмірге қауіп төндіруі мүмкін. Өз денсаулығыңыз – өз қолыңызда.

ЖАЗЫЛЫМ

Төменде берілген дәрігердің жиі қолданатын кәсіби сөздерін жаттап алыңыз

Аурудың төсегін ауыстырыңыз – Смените постель больному.

Аурудың басына суық компресс қойыңыз – Положите больному на голову холодный компресс.

Ауруға судно беріңіз – Дайте больному судно.

Катетр қойыңыз - Поставьте катетр.

Тазарту клизмасын жасаңыз – Сделайте очистительную клизму.

Ауруға грелка беріңіз – Дайте больному грелку.

Қазір ауыртпайтын дәрі салыңыз – Сделайте сейчас обезболивающие.

Кислород жастығын беріңіз – Дайте кислородную подушку.

Анализ өткіздіңіз бе? – Вы сделали анализ?

Диета сақтайсыз ба? – Соблюдаете ли диету?

Бұл кісіге система қойыңыз – Поставьте ему систему.

Дәріні түнде беріңіз – Лекарство дайте на ночь.

Қан қысымын өлшеймін – Измерю давление.

Сұйықты көп ішпеңіз – Не пейте много жидкости.

2-ЖАТТЫҒУ. Сөз тіркестерін жасалуына қарай топтаңыз.

а) матаса байланысқан сөз тіркесінің лексикалануы арқылы жасалған терімсөздер:

ә) қабыса байланысқан сөз тіркесінің лексикалануы арқылы жасалған терімсөздер:

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы, адам құқығы, Біріккен Ұлттар Ұйымы, БҰҰ-ның Бейбітшілікті Қолдау жөніндегі операциялары, шекаралық өзендер БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесі, кеден салықтары, әуе құқығы, Ғарыш құқығы, баспасөз конференциясы, Заң ғылымдарының халықаралық Ассоциациясы, халықаралық еңбек ұйымы, халықаралық теңіз құқығы, халықаралық ұйымның жарғысы, аймақтық келісімдер, арнайы атташе, бейтараптық жүк, қабылдаушы мемлекет, қысқаша қол қою, мемлекеттік сапарлар, уақытша сенімді өкіл, халықаралық қатынастар, халықаралық құқық, баспана құқығы, шекаралық шарттар, халықаралық шарттар, халықаралық терроризм, халықаралық валюта қоры, ортақ нарық, суық соғыс, сенім хат, сыртқы қарыз, қоғамдық пікір, ұлттық күш.

3-ЖАТТЫҒУ. Ата-анаңыздың кәсібіне қатысты термин сөздерді қатыстырып әңгіме жазыңыз.

4-ЖАТТЫҒУ. Төмендегі сөздер бойынша сөйлем құраңыз:

Шипалы, жөтелді басатын, қызуды төмендететін, ауруды басатын, жансыздандыратын, терлететін, химиялық өнім.

5-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап жазыңыз.

Кәсіби тіл – белгілі бір мамандық, не кәсіп саласы шеңберінде жиі қолданылатын тілдік құрылымдар жиынтығы. Кәсіби тіл – өз саласына сай терминологиясы, кәсіби-ғылыми ұғымдық аппараты бар, сөз қолданысы мен тіркесуінде қалыптасқан нормалары бар тіл. Бүгінгі студент – ертеңгі болашақ маман. Әр студент маман ретінде өзінің кәсіби тілінде, яғни мемлекеттік тілде қарым-қатынасқа түсе біліп, мамандығына қатысты термин сөздерді меңгеріп, белсенді қолдана білуі тиіс. Кәсіби қазақ тілі пәні білім алушының болашақ маман ретінде кәсіптік шеберліктерін мемлекеттік тілде меңгеруіне негіз бола отырып, сөйлеу әрекетінің төрт қағидатына (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) негізделген. Болашақ маман, яғни студент тілді меңгерген немесе түсіне алатын, сөйлеуге талпыныс жасайтын, грамматикалық тұлғалардан, тілдік нормалардан хабары бар тұлға болса, өзінің болашақ мамандығына тән барлық аспектілермен жете танысып, игерген теориялық білімдерін тиянақтап, мамандығына деген өз көзқарастарын жан-жақты қалыптастыра бастайды.

Кәсіби бағдар бере отырып оқыту қазақ тілінде сөйлеу тілін қалыптастыру мен дамытудың ең маңызды факторы болып табылады. Кәсіби тілде оқыту – қолайлы жағдай туғыза отырып, білім алушыларды мамандығына сәйкес оқыту, яғни мамандықтарына қатысты лексикалық минимумды меңгерту. Кәсіби бағытты ескере отырып оқыту білім алушының таңдаған, мамандықтарына қажетті білімді толық игерген, кәсіби мүмкіндігі мол маман иесін даярлауға бағыттайды.

1. «Кәсіби тіл» дегеніміз не?

2. Қазақ тілін кәсіби бағытта оқытудың ерекшеліктері қандай?

3. Кәсіби бағытта оқытудың маңызды факторы не?

4. Кәсіби тілде оқыту білім алушыларға қандай мүмкіндіктер туғызады?

5. Сіз өзіңіз қазақ тілін қандай дәрежеде білесіз? Өз ойыңызды жазыңыз.

6-ЖАТТЫҒУ. Төмендегі сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. «Жаһандану» ұғымын қалай түсінесіз?

2. Жаһандану заманында ұлттық сананы қалай қалыптастыруға және дамытуға болады?

3. Соңғы жылдары жаһанданудың бір тетігі – батыстану. Батыстануға көзқарасыңыз қандай?

4. Жаһандану үдерісінде ұлттық тәрбиеге көңіл бөлген дұрыс па?

5. Ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін не істеуіміз қажет?

7-ЖАТТЫҒУ. Кестені толтырыңыз.

Сөз	Сөз тіркесі	Сөйлем
Бағдарлама		
Құндылық		
Тұрақтылық		

8-ЖАТТЫҒУ. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Бұқаралық ақпарат құралдары дегеніміз не?

2. Бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі міндеттері қандай?

3. Ғаламтор жүйесі қандай мақсатта пайда болды?

4. Әлеуметтік жүйе арқылы жүргізілетін жарияланым түрлері?

5. БАҚ арқылы сіз қандай ақпарат ала аласыз?

9-ЖАТТЫҒУ. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Терминдер қандай салада қолданылады?

2. Термин сөздердің ерекшелігі неде?

3. Кәсіби терминология дегеніміз не?

4. Арнаулы сөздер дегеніміз не?

5. Медициналық терминдерді күнделікті өмірде қолданасыз ба?

10-ЖАТТЫҒУ. Жағдаяттық тапсырма.

Іскерлік маңызды кездесуге жарты сағатқа кешігіп қалдыңыз. Келсеңіз адамдар әлі отыр екен. Алайда Сіз келген сәтте кісілер жарты сағат күткендерін мәлімдеп, келісімсөздің болмайтынын хабарлады. Сіздің әрекетіңіз.

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКА

11-ЖАТТЫҒУ. Нұсқаларды сәйкестендіріңіз.

Өмір сүру ұзақтығы	Лица без гражданства
Халық санағы	Процесс переезда (с одного места в другое)
Кәмелетке толмағандар	Перепись населения
Азаматтығы жоқ адамдар	Продолжительность жизни
Көшіп-қону үдерісі	Несовершеннолетние

12-ЖАТТЫҒУ. Төмендегі сөздерді, сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз, 5 сөйлем құраңыз.

Провести заседание, требовать незамедлительного решения, обмениваться мнениями, малый бизнес, договаривающиеся стороны, принять меры, со стороны правительства, деловые качества, принять во внимание, преступный мир, оказывать почет, недостатки, пустить в оборот, дать характеристику, трудовой договор, быть информированным, основание.

13-ЖАТТЫҒУ. Берілген медициналық терминдерді аударыңыз. Кез келген 5 терминмен 5 (бес сөйлем құраңыз).

Үлгі: Ятрофобияға (дәрігерден қорқу) шалдыққан адамдар қоғамда жиі кездеседі.

Гипертермия –

Гипертония – Гипотония – қан қысымының түсуі
 Тахикардия –
 Брадикардия –
 Гипертериоз –
 Гидрофобия –
 Фармакофобия –
 Анурия –
 Олигурия –
 Галлюцинация –

20-ЖАТТЫҒУ. Көп нүктенің орнына тіркестердің мағынасына қарай керекті қосымшаларды қойыңыз.

ауру ... шағымдары	аурухана ... қабылданған ем
қазір ... жағдайы	отбасы ... жағдайы
аурухана ... түскен күні	тұрмыс ... шығуы туралы
ауру... шағымдары	ауру ... пайда болуы
асқазан ... қатты сыздауы	кейін ... жылдары
сол жақ бел ... берілуі	асқазан ... қыжылдауы
дәрі қабылдаған ... кейін	көрші аумақтар ... берілуі

Қорытынды тест

1.....термині қазақ тілінде қылтамыр деп аталады.

- А) Клапан
- Ә) Цистерна
- Б) Капилляр
- В) Лимфа
- Г) Сосуд

2. Артериовенозный анастомоз –

- А) артерия-веналық қосылым
- Ә) артериялық тор
- Б) тамыр нервтері

- В) қойнаулық тамыр
- Г) талшықты жүрекқап

3. ... - терең вена терминінің аудармасы.

- А) Кожная вена
- Ә) Поверхностная вена
- Б) Глубокая вена
- В) Сопровождающая вена
- Г) Венозная сеть

4. Орыс терминологиясындағы лимфатический фолликул термині қазақша лимфа ... делінеді.

- А) түйіншесі
- Ә) лимфа
- Б) лимфа
- В) лимфалық
- Г) лимфа

5. Предсердие терминін деп аударамыз.

- А) сабау
- Ә) жүрекқап
- Б) аяқша

- В) жүрекше
- Г) қолқа

6. Правый желудочек деген анатомиялық атауды ... деп аударамыз.

- А) артқы жарма
- Ә) оң қарынша
- Б) оңжүрекше
- В) оң құлақша
- Г) оң жартыайлы жапқыш

7. Аорта терминінің қазақша баламасы -

- А) түйін

- Ә) қойнау
- Б) сабау
- В) негіз
- Г) қолқа

8. «Ми қабықтары» термині орыс тілінде

- А) мозговые оболочки
- Ә) диафрагма седла
- Б) серп мозжечка
- В) нить спинного мозга
- Г) спинной мозг

9. «Мойындық буылтық» тіркесіне орыс тіліндегі ... атауы сәйкес келеді.

- А) передний столб
- Ә) мозговой конус
- Б) шейное утолщение
- В) центральный канал
- Г) серое вещество

10. «Спинной мозг» термині қазақ тілінде ... деп аталады.

- А) қалқа
- Ә) мишық
- Б) қарынша
- В) жұлын
- Г) жүлге

11. «Головной мозг» атауы қазақ тілінде ... деп аталады.

- А) мишық
- Ә) сопақша ми
- Б) ми
- В) ми сабауы
- Г) буылтық

12. «Продолговатый мозг» терминінің қазақша нұсқасы -

- А) буылтық

- Ә) ромбтәрізді ми
- Б) ми сабауы
- В) мишық
- Г) сопақша ми

13. «Блуждающий нерв» терминінің қазақша баламасы -

- А) дербес жіпше
- Ә) тіласты нерв
- Б) кезбе нерв
- В) листки мозжечка
- Г) латеральный карман

14. «Аралық ми» тіркесі ... мозг деп аударылады.

- А) передний
- Ә) промежуточный
- Б) продолговатый
- В) ромбовидный
- Г) большой

15. Вегетативные сплетения дегеніміз -

- А) құрсақ өрімі
- Ә) автономды нерв жүйесі
- Б) вегетативтік өрімдер
- В) төменгі шажырқай түйіні
- Г) бүйрек өрімі

16. Жүрек түйіндері деген термин орысша ... делінеді.

- А) почечные узлы
- Ә) средечное сплетение
- Б) чревные узлы
- В) сердечные узлы
- Г) легочные ветви

17. Сегізкөз түйіндерін орыс терминологиясында ... деп атайды.

- А) шейнорудной узел

- Ә) поясничные узлы
- Б) грудные узлы
- В) шейные узлы
- Г) крестцовые узлы

18. Глазничная часть термині ... деп аударылады.

- А) көру нерві
- Ә) көзішіндегі бөлік
- Б) көзұялық бөлік
- В) көз алмасы
- Г) көру білігі

19. Хрусталик -

- А) қарашық
- Ә) мөлдір қабық
- Б) көз алмасы
- В) көзбұршақ
- Г) нұрлы қабық

20. Есту мүшелеріне қатысты «жарғақты лабиринт» термині орыс тіліне ... деп аударылады.

- А) перепончатый лабиринт
- Ә) полукружные протоки
- Б) улитковый лабиринт
- В) перилимфатическое пространство
- Г) костный лабиринт

21. Внутренний слуховой проход -

- А) ішкі есту тесігі
- Ә) ішкі есту өтісі
- Б) көлденең қыр
- В) жалғыз тесік
- Г) ұлулық өсінді

22. Ушная раковина деген орыс тілінің термині қазақша

- А) есту түтігі

- Ә) сыртқы құлақ
- Б) құлақ түтігі
- В) құлақ қалқаны
- Г) дабыл жарғағы

23. Дәм сезу мүшесіне қатысты «вкусовая почка» термині қазақша

- А) дәм сезу бүршігі
- Ә) дәм сезу тесігі
- Б) дәм сезу аймағы
- В) иіс сезу мүшесі
- Г) иіс сезу бездері

24. Иіс сезу бездері -

- А) вкусовое отверстие
- Ә) обонятельная область
- Б) вкусовая почка
- В) обонятельные железы
- Г) орган обоняния

25. «Меншікті тері» мағынасында жұмсалатын халықаралық термин -

- А) дерма
- Ә) тырнақ
- Б) нерв шеттері
- В) склера
- Г) конъюктива

26. Фолликул волоса ұғымы

- А) шашты көтеретін бұлшықеттер
- Ә) шаш түйіні
- Б) шаш иірілуі
- В) шаш қиылыстары
- Г) түбіт

27. Сүт қойнаулары ұғымы орыс тілінде

- А) млечные синусы
- Ә) млечные протоки
- Б) дольки молочной железы
- В) тело молочной железы
- Г) сосок молочной железы

28. Области свода черепа -

- А) беттің алдыңғы аймағы
- Ә) маңдай-шеке-шүйде аймағы
- Б) бассүйек күмбезінің аймақтары
- В) көзұя аймағы
- Г) мойын аймақтары

29. Көзұя аймағы аймағына жатады.

- А) кеуде
- Ә) омыртқа
- Б) мойын
- В) бассүйек күмбезі
- Г) бет

30. атауы бет аймақтары тарауына қатысты термин.

- А) Шүйде аймағы
- Ә) Мойынның алдыңғы аймағы
- Б) Ұрт аймағы
- В) Қолтықтың алыңғы сызығы
- Г) Төс аймағы



8. КӘСІБИ ТІЛ. КӘСІБИ ЛЕКСИКАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тілдің сөздік құрамының үлкен бір саласы – кәсіби сөздер, яғни профессионализмдер. Мамандыққа байланысты лексика – *тек белгілі бір кәсіп саласына байланысты қолданылатын сөздер. Мамандыққа байланысты сөздерді негізінен сол маманның иесі болып келетін тұлғалар қолданады.* Кәсіби сөздер белгілі бір мамандыққа, кәсіпке, шаруашылыққа т.б. қатысты болып келеді де, көп жағдайда терминдермен қабысып жатады. Мұндай сөздерді **кәсіби лексика немесе кәсіби тіл** деп атайды

Дүние жүзі бойынша медицина тілі барлық елдердегі ең қиын тіл санатында. Дәрігерлердің бұл тілді түсініп, осы тілде еркін сөйлеуі үшін жоғары оқу орындарында жан-жақты білім беріледі. Келешекте еңбек жолында іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізу барысында біршама қиындықтардың туындайтыны белгілі: 1) медициналық терминдердің толықтай біріздендірілмегені, соның нәтижесінде терминдердің талапқа сай аударылмайтын кездері өзекті мәселелердің бірі. 2) латын тіліндегі терминдерді қазақ тіліне аудару нәтижесінде мағынасы түсініксіз сөздердің орын алуы; 3) сөйлем құрау барысында стильдік қателердің жіберілуі.

Медициналық терминдердің бірізге түсіп, жүйеленген қорының қалыптасуы – медициналық ғылыми тілдің дамуы. Медициналық терминдермен қатар медициналық құжаттардың да мемлекеттік тілде дұрыс ресімделуі мемлекеттік тілдің медицина саласындағы даму көрсеткіші болып табылады. Бұл ретте, стационарлық науқастың медициналық картасы медициналық көмек көрсетудің сапасын бағалауда маңызды рөл атқарады. Медициналық құжаттарды сауатты ресімдеу медициналық (емдік-диагностикалық, ғылыми-практикалық) мәселелерді ғана емес, заң тұрғысындағы мәселелердің шешімін табу үшін де маңызды фактор болып табылады. Медициналық

құжаттардың заңдылық мәнін іздестіру кезінде немесе дәлелді қажет ететін талқылауларда стационарлық науқастың медициналық картасы тиісті ақпарат алудың негізгі көзі болып табылады, сондықтан ондағы жазбалар науқастың жағдайын анық, айқын көрсететіндей әрі түсінікті, әрі сауатты жазылуы тиіс. Сол себепті медицина ұйымдарындағы медициналық құжаттардың мемлекеттік тілде жүргізілу сапасын арттыру бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерінің бірі.

Медициналық құжаттарды ресімдеудің ерекшелігі – баяндау стилінің өзгешелігінде, қабылданған жазба нысанында, терминологиясында. Медициналық нұсқаулықтар ғылыми түрде мазмұндауға арналған қалыпты сөздер жиынтығы, ережелер және қосымша белгілер жүйесінің бай қорымен ерекшеленеді. Белгілі бір синтаксистік, морфологиялық құрылымдар, бірыңғай орамдағы сөздер, бірыңғай стиль қалыптасқан. Әр сөз медициналық мәтінді сипаттау, талдау түсіндіруге бағытталады. Медициналық мәтін когнитивтігі (танымдылығы) ақпаратты жеткізуге арналған. Мұндағы сөйлемдер құрылымы күрделі және олар сөз жасау моделі бойынша құрылады. Әр сөздің деректілігі, ақпараттық мағынасы бар. Мағыналық жақындықтағы сөздер термин қызметін ауыстыра алмайды. Мұнда терминологияның жалпы ғылыми қабатын құрайтын лексикалық бірліктер қолданылады.

- емделушілердің амбулаториялық карталары, сараптама қорытындылары, эпикриздер, мамандардың тұжырымдары, ауру-сырқау тарихынан көшірмелер, анықтамалар, ауруханалық қағаздар, емделушілерге арналған ескертпелер, операциялар хаттамасы);

- фармацевтикалық құжаттар (дәрі-дәрмектердің сапалылығын бақылау және оларды тіркеу жайындағы нормативті құжаттар, медикаменттердің аннотациялары, дәрілік затты қолдану жөніндегі нұсқаулықтар, фармацевтикалық өнімдердің сертификаттары, клиникалық зерттеу мен дәрілік препараттарды сынақтан өткізу құжаттары);

- медициналық машина жабдықтары мен саймандарды, құралдарды, аппаратураларды қолдану нұсқаулықтарының

аудармасы (қолдану жөніндегі нұсқаулықтар, сертификаттар, каталогтар, патенттер (иекүжат), лицензиялар т.с.с.)

- медициналық сайттар;

- медицина жайындағы ғылыми жұмыстар (денсаулық сақтау саласындағы соңғы жетістіктер туралы медициналық мәтіндер, медициналық мақалалар, ғылыми сипаты бар басқа да медициналық құжаттар);

- медициналық сақтандыру полистер, дерттік-анатомиялық тұжырымдар.

Шартты түрде барлық медициналық құжаттаманы бірнеше түрге бөлуге болады:

➤ Науқастың жағдайын, диагнозын, оны емдеу, бақылау кезіндегі дәрігерлік тағайындауларын сипаттайтын құжаттар. Мысалы, «Амбулаторлық немесе стационарлық кестелер», «Босану тарихы», «Жүктіліктің жеке картасы».

➤ Әртүрлі медициналық мекемелер арасындағы байланысты қамтамасыз ететін құжаттар. Әдетте, оларда науқастың қазіргі жағдайы және белгілі бір шараларды қолдану қажеттілігі туралы ақпарат болады (мысалы, «Медициналық картадан үзінді»).

➤ Медициналық персоналдың жұмысын тікелей көрсететін құжаттар («Ресімдер тізілімі», «Дәрілік заттардың тізілімі»).

ОҚЫЛЫМ

1-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді оқыңыз.

СЫРҚАТНАМА ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Сырқатнама мынадай бөлімдерден тұрады:

- Төлқұжат бөлімі;
- Аурудың шағымдары;
- Қазіргі (осы) аурудың даму тарихы;
- Науқас адамның өмірбаяны;
- Аурудың қазіргі жалпы жағдайы.

Толқұжат бөлімінде науқастың аты-жөні, жасы, ұлты, жынысы, қызметі және ауруханаға қай күні түскені көрсетіледі.

Науқастың шағымдары: бұл бөлімде науқастың ауруханаға түскендегі өзін мазалаған шағымдары сипатталады. Олар негізгі шағымдары және қосымша шағымдары деп жеке-жеке жазылуы керек.

Негізгі шағым әр мүшенің, не әр жүйенің ауруына тән шағымдар, мысалы, тыныс алу жүйесінің – жөтел, қақырық, еңтігу т.б. Негізгі шағымдар аурудың пайда болу кезеңіне сай сипатталып жазылады. Мысал үшін, аурудың сипаты: *шаныып, сыздап, солқылдап, бүріп ауыру т.б.* Ауру ұзақтығы көрсетіледі: *жиі немесе кейде*, аурудың орналасқан аумағы, ауырудың көрші аумақтарға берілуі, аурудың күшінің қарқындылығы: *бәсең, күшті, ақырындап, өте қарқынды*. Мысалы: асқазанның тамақ ішкеннен кейін қатты сыздап, жиі ауыруы, тамақ қабылдағаннан соң аурудың 1,5-2 сағаттан соң оң жақ белге берілуі, дәрі қабылдағаннан соң бәсеңсуі. Кейде асқазанның кекірік болуы, қыжыл пайда болуы, т.б.

Науқастың *қосымша шағымдары* ағзаның патологиялық үрдісіне байланысты жалпы жағдайын көрсетеді. Қосымша шағымдар ретінде адам бойындағы әлсіздік, дел-сал болу, тершеңдік, ұйқысыздық, күйгелектік т.б. сияқты жайттар көрсетіледі.

Қазіргі (осы) аурудың даму барысы. Аурудың дамуын зерделеу барысында келесі жайттар анықталуы тиіс: аурудың қашан және қалай басталғаны, аурудың дамуындағы атап өтерлік жайттар, аурудың пайда болуына не әсер етуі мүмкін (жұмыстың ауырлығы, көңіл-күй күйзелістері, суық тигізіп алу, жағымсыз тамақ қабылдау), аурудың алғашқы белгілері мұқият анықталуы керек. Дерттің нашарлауы мен бәсеңсіген кезеңдеріне жүргізілген тексерулер мен олардың нәтижелері, ауруханада жүргізілген ем және оның нәтижелері көрсетіледі. Соңғы жылдары ауру қайталанады ма, қандай асқыну себептері мен жаңа белгілері пайда болды ма, дәріні көтеру қабілеті, ауруханаға қандай жолмен түсті (жедел жәрдем шақырту

арқылы, әлде өз дәрігерінің жіберуімен) – осы мәліметтер берілуі керек.

Науқастың өмірбаяны. Ауырған адамның өмірбаяны (қысқаша): туған жері, әлеуметтік жағдайы, ағзасындағы туа біткен ақаулары, бұрын сары аурумен немесе қандай да бір созылмалы аурулармен ауырғаны немесе ауырмағаны, бала кезіндегі және мектеп жасындағы аурулары, еңбекке араласуы, мамандығына байланысты, жұмыс орнындағы жағдайлар, үйленуі, тұрмысқа шығуы жөнінде мәліметтер, тұрмыс жағдайы, тамақтану тәртібі, зиянды әдеттері, алған жарақаттары, осы аурудың пайда болуына себеп болды дейтіндердің бәрі және аллергиялық анамнез – дәріні, вакциналар мен тағамдарды қалай көтергені көрсетілуі керек.

Аурудың қазіргі жалпы жағдайы. Аурудың жалпы жағдайы, яғни кеселдің ауырлық деңгейі: қанағаттанарлық, орташа, ауыр, өте ауыр деп анықталуы тиіс. Сонымен қатар, ақыл-ес деңгейі (есі бар, есін білмейді, не есінен танады, сандырақтайды, т.б.) көрсетіледі. Науқастың өзі қозғалып жүріп-тұруы, өз қозғалып жүріп-тұра алмауы, бет-әлпеті (әдеттегідей, мұңды, немқұрайлы кескін), бойы, салмағы, дене қызуы, дене терісінің (қуқыл, қызарған, көгерген, сарғайған, сұрланған, т.б.) түсі жазылады.

ЖАЗЫЛЫМ

2-ЖАТТЫҒУ. Үлгіге сай Ауру тарихын жазыңыз.

Үлгі:

АУРУ ТАРИХЫ

Науқас: Ильясова Айжан Қанатқызы

Клиникалық диагноз:

а) Негізгі ауру: Біріншілік жедел екі жакты пиелонефрит.

ә) Негізгі аурудың асқынуы: жоқ

б) Ілеспелі ауру: ренит

РЕСМИ МӘЛІМЕТ (паспорттық бөлім)

1. Фамилиясы, аты: Ильясова Айжан Қанатқызы
2. Жасы: 15 03 1984 ж
3. Жынысы: Әйел
4. Білімі: жоғары
5. Жұмыс орыны: Мұғалім
6. Аурудың мекен-жайы: Алматы қ, Достық № 32
7. Ауруханаға түскен күні, сағаты: 17.12.2024.
8. Ауруханадан шыққан күні: 27.12.2024.
9. Клиникалық диагноз:
 - а) Негізгі ауру: Біріншілік жедел екі жақты пиелонефрит.
 - б) Негізгі аурудың асқынуы: жоқ
 - в) Қосымша (ілеспелі) ауру: Алергиялық ренит

НАУҚАСТЫҢ ТҮСКЕН КЕЗДЕГІ НЕГІЗГІ ШАҒЫМДАРЫ

Екі жақты бел тұсының тұрақты түрде, суыққа күшейетін, іштің төменгі жағына берілетін, спазмолитиктерге берілмейтін, үнемі сыздап ауырсынуына, температурасы 39-градусқа көтерілгеніне жалпы әлсіздікке шағымданады.

АУРУДЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Бұрын соңды ешқандай аурумен ауырмаған. Бұл сырқатпен бірінші рет ауырып отырғанын айтады. Үйде бір апта бойы, тұмаумен ауырған, температурасы 39-градусқа көтерілгеніне, денесі қалтырап, бас ауру, жалпы әлсіздік, Екі жақты бел тұсының тұрақты түрде, суыққа күшейетін, іштің төменгі жағына берілетін, спазмолитиктерге берілмейтін, үнемі сыздап ауырсынуы мазалаған. Үйде бисептол, антигриппин, панадол препараттарын 1 таб 2 рет 6 күн қабылдаған. Емнен нәтиже болмаған соң жолдамамен ҚТУ клиникасына жатқызылды.

АУРУДЫҢ ӨМІР ТАРИХЫ.

Ильясова Айжан Қанатқызы, 15.03.1984 Талдықорған қаласында дүниеге келген. Отбасында (4 бала 1 қыз) 1-бала.

Тұрмыстық жағдайы, тамақтануы қанағаттанарлық. Балалық шағында өсіп-жетілуі жасына сай, қалыпты дамыған. 7 жасында мектепке барған, дене шынықтыру сабағына қатысқан. Балалық шағында жұқпалы аурулармен қызылша, гепатит т.б. аурулармен ауырмаған. Шанға аллергиясы бар-аллергиялық ринит (түшкіреді, мұрынан су ағады). Туберкулез, мерез, жұқпалы аурулармен ауырмаған. Тұқым қуалаушылық ауруы жоқ. Соңғы 6 айда шетелге бармаған, қан құймаған.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЖАҒДАЙЫ

Жалпы қарау

Санасы: Айқын.

Қалпы: орташа

Жалпы жағдайы: орташа

Дене бітімі: нормостеникалық

Бойы 160 см, дене массасы-55.

Тері жамылғысы: көзге көрінетін кілегей қабаттары, терісі – бозғылт, ылғалдылығы – орташа, тургоры сақталған, патологиялық пигментациялар: бөртпелер, олардың түрлері: эритема, теңбіл, розеола, папула, пустула, күлдірек, есекжем, жара, ұшық. Қанталау, қасынған іздер, «тыртықтар, жұлдызшалары» – жоқ.

3-ЖАТТЫҒУ. Аударыңыз.

Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды басқару.

Медициналық ұйымдарда дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қауіпсіз жұмыс істеу қамтамасыз етіледі:

1) дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жұмыс істеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

2) жыл сайын дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың айналымын басқару жүйесіне мыналарды қамтитын талдау жүргізіледі: жоспарлау және сатып

алу; сақтау; дәрігерлік тағайындау; дайындау немесе еріту; пациентке дәрі-дәрмек енгізу; емдік әсеріне мониторинг;

3) тәуекелдерді бағалауды қамтитын дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды басқару жүйесіне (дәрілік заттарды пайдаланумен байланысты мәселелерді немесе қауіптілігі жоғары аймақтарды анықтау) талдау жүргізіледі;

4) дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды басқарудың әрбір сатысын сипаттайтын рәсімдер әзірленеді және енгізіледі: жоспарлау және сатып алу; сақтау; дәрігерлік тағайындау; дайындау немесе еріту; пациентке дәрілік заттарды енгізу; дәрілік заттардың әсеріне мониторинг;

5) формулярлық тізімді бекітуді қоса алғанда дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды басқару мәселелерін қарастыратын формулярлық комиссия құрылады және жұмыс жасайды.

4-ЖАТТЫҒУ. Аударыңыз.

Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау.

Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қауіпсіз және тиісті жолмен сақталады:

1) барлық дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар атауын (құрамын), жарамдылық мерзімін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сақталады. Сақтау үй-жайларында дәрілік заттар: фармакологиялық топтар бойынша; қолданылу тәсіліне байланысты (ішкі, сыртқы); агрегаттық жағдайына байланысты; физикалық-химиялық қасиеттеріне және сыртқы ортаның әртүрлі факторларының әсеріне сәйкес бөлек сақталады;

2) дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы бұйымдар температуралық режимді, ылғалдылықты және басқа да шарттарды ұстана отырып, оларды сақтауға қойылатын талаптарға сәйкес сақталады;

3) қатаң есепке алынуға және бақылануға жататын есірткі және басқа да дәрілік заттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақталады;

4) медициналық ұйымның ішкі ережелері дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың жоғалудан және ұрлануынан сақталуын қамтамасыз етеді;

5) дәріхана персоналы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дәрілік заттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін медициналық ұйымдарда дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың барлық сақталу орындарына бақылау жүргізеді.

5-ЖАТТЫҒУ. Аударыңыз.

ПРОТОКОЛ ОПЕРАЦИИ.

Дата 08.03.2023 г. Начало 15.05 Конец 16.05.

Операция: аппендэктомия, ревизия брюшной полости.

Хирург – Стасов И.Г.

Ассистент - Максимов Г.М.

Операционная сестра - Попова А.В.

Анестезиолог - Семенов Ю.В.

Вид обезболивания - комбинированный интубационный наркоз.

Описание операции.

Положение больного на спине.

Доступ из разреза Волковича-Дьяконова.

Произведен косой разрез длиной 10 см в правой подвздошной области (середина разреза проходит на границе средней и наружной третьей линии, соединяющей переднюю верхнюю ость подвздошной кости с пупком). Пересечены и перевязаны ветви а. epigastrica superficialis. Произведен разрез апоневроза наружной косой мышцы живота. Введенными под апоневроз куперовскими ножницами он был отслоен от подлежащих мышц и рассечен на всем протяжении кожного разреза. Далее, сомкнутыми браншами ножниц тупо были

раздвинуты волокна косой и поперечных мышц, а также поперечная фасция.

Края раны были разведены тупыми крючками. Далее была рассечена брюшина.

Со стороны правого бокового канала была найдена слепая кишка, купол ее вместе с червеобразным отростком был выведен из операционной раны. Червеобразный отросток отечен, напряжен, слепая кишка в районе отростка плотная, терминальная часть подвздошной кишки гиперемирована.

На свободный край брыжейки у верхушки червеобразного отростка был наложен кровоостанавливающий зажим, в брыжейку было введено 15 мл 0,25% раствора новокаина, после чего на нее был наложен кровоостанавливающий зажим и она была отсечена.

Червеобразный отросток у основания был пережат кровоостанавливающим зажимом, перевязан кетгутом по основанию. Вокруг основания отростка был наложен серозно-мышечный кисетный шов. Выше лигатуры, лежащей на основании отростка, был наложен кровоостанавливающий зажим, затем между ним и лигатурой отросток был отсечен и направлен на гистологическое исследование.

Культия отростка была смазана спиртовым раствором йода и погружена в ранее наложенный кисетный шов, после чего он был затянут. Кисетный шов был завязан двумя узлами, поверх него был наложен Z-образный шов. Брюшная полость была обследована на наличие выпота (в правой подвздошной области выпота нет). Брюшина была зашита непрерывным кетгутовым швом. На мышечную рану были наложены узловы́е кетгутовые швы до сближения краев мышцы, на апоневроз наружной косой мышцы - шелковые швы, далее были ушиты подкожная клетчатка и кожа. Наложена асептическая повязка.

По окончании операции больной проснулся, в 16.25 он был переведен под наблюдение врача в хирургическое отделение.

Окончательный диагноз: острый флегмонозный аппендицит, тифлит, терминальный илеит.

Туберкулез

Туберкулез –ауру, бұл адам..... «Кох таяқшасы» деп аталатын қоздырғыш –микобактериясы енгенде пайда болады. Туберкулез латын тілінде *tuberculum* — төмпешік дегенді білдіреді, қазақтар «құрт ауруы» немесе «көксау» деп атаған созылмалы жұқпалы ауру. Туберкулездің қоздырғышы – микобактерияны (“Кох таяқшасын”) неміс микробиологы Р.Кох ашты (1882 ж.). Туберкулез микобактериялары жіңішке, түзу не сәл иіліп келген таяқшалар, ұзындығы 1 - 10 , ені 0,2 - 0,6 мкм.

Жұғудың негізгі көзі – науқас адамдар. ауа-тамшы жолымен науқастар түшкіргенде, жөтелгенде беріледі.

Инфекция жұқтырған адамдардың бәрі бірдей ауырмайды, 5-10 пайызы ғана ауруы мүмкін. Көптеген адамдардың иммундық қорғаныс жүйелері туберкулез ауруынатұра алады. Ал, денесі шынықпаған, аурушаң, үнемі аш жүретін, дұрысадамдар туберкулезді тез жұқтырып алады. Адамның ішкі енген туберкулез таяқшасы көбінесемекендейді. Туберкулездің белгілеріне мыналар жатады:

- ұзаққа созылған жөтел;
- салмақ жоғалту;
- кеуде қуысының ауыруы;
- тұрақты дене қызуы;
-уақыттағы терлеу;
- әлсіздік пайда болу;
- қан аралас қақырық түсу;
- қатты шаршау;
- төмендеуі.

Егер уақытылы емделмесе, мұндай аурудың 50 пайызына жуығы 5 жыл ішінде өліп кетуі, ал қалғандары мүгедек болып қалуы мүмкін. Туберкулез адам ағзасының кез келген мүшесін зақымдай алады. Бұның нәтижесінде өкпе, бронх, сүйек-буын, бүйрек және жыныс мүшелерінің туберкулезі пайда болады. Әр түрлі лимфа жолдарына, көз, ми қабығына да зиян

келтіруі мүмкін. Туберкулезге адам диагнозы анықталғаннан кейін тез арада емделуі керек. Қазіргі уақытта бұл ауруды емдеп жазуға болады.

Туберкулездің ашық және жабық түрлері болады. *Ашық түрінде* туберкулез таяқшалары болады, сондықтан туберкулездің мұндай түрімен ауыратын адамдар өте қауіпті деп есептелінеді. Ал, *жабық түрінде* қақырықта туберкулез таяқшалары болмайды, бірақ дерт асқынатын болса, туберкулездің мұндай түрімен ауыратын науқастар да ауру жұқтырады.

Ауруды анықтау түрі:

- манту реакциясы,
- тері астына дәрі жіберіп, жаппай тексеру;
- қақырықты зерттеу;
- флюорография немесе рентгенография.

Санитарлық тазалық, жеке бастың гигиенасын сақтау жатады. Науқас жататын бөлменің еденін хлорамин ерітіндісі қосылған сумен жуып, шаңын дымқыл шүберекпен түру керек.

Қажетті сөздер: ауру, шалдығу, шаралар, қарсы, сұрту, құрылысы, өмір бойы, жұқпалы, тәбет, тамақтанбау, ағза, түнгі, өкпе, қақырық.

7-ЖАТТЫҒУ. Мәтіннің негізінде дәрігер мен науқас арасында сұхбат құраңыз.

Асқазан ауруларының ішінде ең жиі кездесетін ауру – жедел гастрит. Жедел гастрит – асқазанның шырышты қабығының қабынуы. Адамда бұл ауру ас қорыту жолына тамақпен бірге микроорганизмдер түскенде пайда болады.

Гастриттің жедел түрінде немесе тамақтан уланғанда (ұшынғанда) науқастың іші, басы ауырады, әлсірейді, дене қызуы қалыпты болуы мүмкін немесе кейде 38-39 градусқа дейін көтеріледі, қорытылмаған тамақты құсып тастайды. Терісі қуқылданып, тілінің үстін ақшыл-сары өңез басады, іші аздап кебеді. Ауыр түрлерінде жүрек соғысы баяулап, қан қысымы

төмендейді, тіпті науқас есінен танып қалады, аяқ-қолы тырысуы мүмкін.

Дұрыс емделгенде науқастың жағдайы тез жақсарады, ауру 5-7 күнге созылады. Жедел гастритті аппендициттен, дизентериядан айыра білу керек. Интоксикация белгілері жойылғанға дейін төсектен тұрғызылмайды, асқазанды натрий гидроксидінің ерітіндісімен немесе қайнатылған сумен жуып тазартады. 18-24 сағат бойы су-шай диетасы қолданылады. Одан кейінгі күндерде арнайы диета тағайындалады. Жедел гастрит дұрыс емделмесе, диета ұстамаса созылмалы гастритке ұласуы мүмкін.

Созылмалы гастрит – асқазанның барлық ауруларының 85% құрайтын, кең тараған аурулардың бірі. Ол ересек жастағы адамдардың 50%-да анықталады және адамның жасы ұлғая келе осы ауруға шалдығу мүмкіндігі жоғарылай түседі. Бірақ науқастардың көбі ауруына мән бермеуінен дәрігерге қаралатындардың саны 10-15%-дан аспайды.

Бұл аурудың дамуына алып келетін себептер:

- инфекция түсу (95%);
- ұзақ қолданған кейбір дәрі-дәрмектердің әсері;
- уақытылы тамақтанбау, тамақты шайнамай асығыс жұту, өте ащы, ыстық немесе салқын тағамдарға әуесқойлық;
- зиянды әдеттердің әсері (ішімдікке салыну, темекі тарту);
- жүйке жүйесі жұмысының бұзылуы (невроз, стресс т.б.).

Аталған факторлардың ұзақ әсер етуінен асқазанда қабыну үрдісі дамиды, сөйтіп асқазан секрециясының жетіспеушілігіне әкеледі. Созылмалы гастриттің клиникалық көрінісіне мынадай белгілер тән:

- тәбеті нашарлау;
- тамақ ішкенге асқазан тұсының ауыруы;
- жүрек айну;
- асқазан қыжылдау;
- құсу;
- ауыздан жағымсыз иіс шығу;
- іш қату.

Емі

- антибиотиктермен емдеу: бұл емнің негізгі мақсаты – инфекцияларды жою, секрециялық бұзылыстарды реттеу;
- диетамен емдеу: тамақтану жиілігі күніне 4-5 рет, тағамдар сұйықтау, қоймалжың болып дайындалады, қышқыл, тұзды, майлы, қуырылған және ащы тағамдарға тыйым салынады;
- дұрыс қозғалыс тәртібін сақтау;
- санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтау;
- зиянды әдеттерден аулақ болу.

8-ЖАТТЫҒУ. Емістіктерді тиісті шаққа қойыңыз.

1. Ертең ол жас маманға жаңа жобаларды іске асыруды(жүктеу).
2. Мен кеше жиналыста қызметке деген қызығушылығымды(көрсету).
3. Хирург науқасқа шұғыл түрде ота жасау қажеттігін (хабарлау).
4. Мейіргер ауру тарихын толтыруға (кірісу).
5. Әрбір іс жауапкершілікті (талап ету).
6. Науқастың емдік шараларына кешенді терапия (тағайындау).
7. Жас мамандардың кәсіби тұрғыда өсіп-жетілуіне тәжірибелі мамандар (ықпал ету).
8. Университеттің соңғы курсына маған шетелдік тағлымдамадан өту (жүктелу).
9. Құжаттағы ақпарат негізінде бұл істің шешімі (анықталу).
10. Мақала ғылыми журналда (жарық көру).

9-ЖАТТЫҒУ. Көп нүктенің орнына тіркестердің мағынасына қарай керекті қосымшаларды қойыңыз.

ауру ... шағымдары	аурухана ... қабылданған ем
қазір ... жағдайы	отбасы ... жағдайы
аурухана ... түскен күні	тұрмыс ... шығуы туралы
ауру.... шағымдары	ауру ... пайда болуы

асқазан ... қатты сыздауы
сол жақ бел ... берілуі
дәрі қабылдаған ... кейін

кейін ... жылдары
асқазан ... қыжылдауы
көрші аумақтар ... берілуі

10-ЖАТТЫҒУ. Төмендегі мақал-мәтелдерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіз және мәнін түсіндіріңіз.

Ауру батпандап кіреді,	ауырмайтын жол ізде.
Ауырып ем іздегенше,	басың ауырмасын.
Аурудың жақсысы жоқ,	дәрінің тәттісі жоқ.
Жаны ашымастың қасында	мысқалдап шығады.

11-ЖАТТЫҒУ. Берілген тірек сөздермен «мейіргер-науқас» арасында сұхбат түзіңіз.

Тірек сөздер:

жолдама – направление
қабылдау бөлімінде – в приемном отделении
егу бөлмесі – процедурный кабинет
тамыр ішіне егу – в/в инъекция
сынама - проба
аш қарында - на голодный желудок
жедел түрде - срочно
асқазан жуу - промыть желудок
аралау - обход
түрлі анализдер - разные анализы
ауызды шаю - полоскать рот
ірінді баспа - гнойная ангина
тыңдаймын - послушаю
дәрі тамызу керек - надо закапать лекарство
қыздыратын - согревающий
қан тамырлары - кровеносные сосуды
емді жалғастырамыз - продолжаем лечение
сақтаңыз - соблюдайте
клизма жасау - поставить клизму
операцияға дайындау - подготовить к операции

көп жүруге болмайды - не допускается ходьба
 кезекші дәрігер - дежурный врач
 постыдағы жұмыс - работа на посту
 қан тапсыру - сдавать кровь
 кіші дәрет талдауы - анализ мочи
 үлкен дәрет талдауы - анализ кала
 ауыртпайтын - обезболивающий
 түнгі кезекшілік - ночное дежурство
 қайырлы таң – доброе утро
 тұрыңыздар! – подъем!
 қызу өлшейміз – измеряем температуру
 үлкен дәрет – кал
 кіші дәрет – моча
 саусақтан қан тапсырыңыз – сдавайте кровь из пальца
 тамырдан қан тапсырыңыз – сдавайте кровь из вены
 тамақ ішпеңіз – не кушайте
 түнде қалай ұйықтадыңыз? – как спали ночью?
 тамақ іштіңіз бе? – кушали?
 тұруға болмайды – нельзя вставать
 аш қарынға – на голодный желудок
 шығарамыз – выписываем, выпишем
 ауыстырамыз – переведем
 ем – лечение

12-ЖАТТЫҒУ. Аударыңыз.

Аурудың төсегін ауыстырыңыз –
 Положите больному на голову холодный компресс -
 Ауруға судно беріңіз – Дайте больному судно.
 Поставьте катетр -
 Тазарту клизмасын жасаңыз –
 Дайте больному грелку -
 Кислород жастығын беріңіз –
 Вы сделали анализ? -
 Диета сақтайсыз ба? –
 Поставьте ему систему–

Дәріні түнде беріңіз –
 Измерю давление –
 Сұйықты көп ішпеңіз –

13-ЖАТТЫҒУ. Мәтіннің интеллект картасын жасаңыз.

ЖИТС – өте қауіпті дерт

ЖИТС – көп жағдайда өлімге соқтыратын аса қатерлі вирустық дерт. ЖИТС деген сөз **жүре пайда болған иммунды тапшылық синдромы** деген сөздердің бас әрпінен құралған.

Бұл аурудың жұғуына көп жағдайда жөнсіз жыныстық қатынас, шектен тыс сексуалдық еркіндік, жезөкшелік, гомосексуализм т.б. жайлар себеп болады. Алғашқы кезде ешқандай ауру белгілері байқалмайтындықтан, вирусты жұқтырған адамдар, яғни вирус тасымалдаушылар өте қауіпті. Бұл адамдар инфекция жұқтыру көзі болып табылады.

Медициналық тұжырымдарға сүйенсек бұл аурудың негізгі жұғу жолдары төмендегідей:

- жыныстық қатынас арқылы;
- вирустың бірден қанға түсу арқылы (эртүрді инъекциялар жасаған кезде, қан немесе қан құрамынан тұратын препараттар күйғанда жұғуы мүмкін);
- анасынан іштегі нәрестеге жұғуы арқылы.

Бұлардың ішінде вирус тасымалдаушылардың 80%-ы бұл сырқатқа жыныстық қатынас арқылы шалынса, ал қалған 20%-ы стерильденбеген шприцтерді қолдану салдарынан дертті жұқтырып отыр. АИВ-тің шаңмен, ауа-тамшы жолымен жұқпайтыны анықталған. Сондай-ақ, ЖИТС вирусы адамдар сүйіскенде, сөйлескенде, түшкіргенде, жөтелгенде, қол алысқанда, ортақ дәретхананы, ваннаны, себізгіні пайдаланғанда жұқпайды. Сырт киімдерін алмастырып кигенде, тіпті бір төсекте жатып ұйықтаған кезде де ЖИТС вирусының жұғу қаупі жоқ. Қан сорғыш және басқа жәндіктер (маса, бит, кене, бүрге, шыбын, тарақан, т.б.) арқылы жұғу жолдары да анықталмаған.

Қазақстанда осы қауіпті дертке қарсы күрес жүргізу мақсатымен мамандандырылған жаңа қызмет жүйесі құрылды.

Оның құрамына республикалық, облыстық, қалалық ЖИТС-ке қарсы күресу және аурудың алдын алу орталықтары, диагностикалық лабораториялар мен анонимдік кабинеттер кіреді. Осындай қызмет жүйесінің күнделікті жұмысын Республикалық ЖИТС-тен сақтандыру комитеті басқарады. Бұл комитеттің ең басты мақсаты – ЖИТС вирусын жұқтырған адамды табу, оны тексеру және емдеуді жоспарлы түрде ұйымдастыру. Тұрғындар арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу ерекше маңызды. Әр адам аурудың қалай тарайтынын, одан қалай сақтану қажет екенін жетік білуі тиіс. Бұл аурудың профилактикасы қарапайым, әрі денсаулық үшін ұтымды. Олар төмендегідей:

- Салауатты, әдепті өмір сүру;
- Кездейсоқ жыныстық қатынастан және гомосексуалист, жезөкшелерден жақындасудан сақ болу;
- Стерильденбеген немесе кездейсоқ біреудің шприцін, қайшысын, сақалқырғышын және басқа да құрал-жабдықтарын пайдаланбау;
- Қан ұйғанда немесе донор қанынан дайындаған препараттар қабылданғанда олардың тексерілгеніне көз жеткізу;
- Маникюр, педикюр жасайтын құралдардың зарарсыздандырылғандығына көңіл аудару;
- ЖИТС вирусына күмәнді жағдайда міндетті түрде дәрігерге көріну.

14-ЖАТТЫҒУ. Мәтін мазмұнына сүйене отырып, дәрігер-науқас сұхбатын құрастырыңыз.

15-ЖАТТЫҒУ. Көп нүктенің орнын толықтырыңыз.

Жөн... жыныстық қатынас
Сөйлескен... жұқпау
Түшкірген...жұқпау
Ағарту жұмыстар... жүргізу
Қалай тарайтын... білу
Тексерілгені... көз жеткізу

Ауру... алдын алу орталықтары
Қауіпті дерт... қарсы күрес
Жұқтырған адам... табы
Біреудің шприці... пайдаланбау

16-ЖАТТЫҒУ. 5 құрмалас сөйлем құраңыз.

Өлімге соқтыратын, жүре пайда болған, иммунды тапшылық синдромы, жұғу жолдары, жөнсіз жыныстық қатынас, жұқтыру көзі, нәресте, іштегі нәрестеге жұғуы, қауіпті дертке қарсы күрес, жетік білу, әдепті өмір, күмәнді жағдайда.

17-ЖАТТЫҒУ. Мәтіндердің интеллект картасын жасаңыз.

1-мәтін.

Адам ағзасындағы жүйелер

Адамның ағзасындағы әрбір мүше белгілі бір қызмет атқарады. Дене мүшелері атқаратын қызметіне қарай бірнеше мүшелерден бірігіп, жүйе құрайды.

Қан айналу жүйесі денедегі барлық мүшелерге оттегі мен қоректік заттарды жеткізіп тұрады.

Тыныс алу жүйесі мүшелеріне мұрын, көмей, кеңірдек, өкпе, бронхылар жатады. Ағзаның оттегіні сіңіріп, көмірқышқыл газын бөліп отыруы осы тыныс алу жүйесінде өтеді.

Ас қорыту жүйесі ауыз қуысынан басталады. Ас жұтқыншақ арқылы өңешке, одан асқазанға түсіп, ас қорыту бездерінің әсерінен ішек-қарын жолында қорытылады.


Зәр шығару жүйесі мүшелеріне қос бүйрек, несеппағар, қуық жатады. Бүйректе қан тазартылады, несеп түзіледі.

Жүйке жүйесі ми мен жұлыннан тұрады. Жүйке жүйесі мүшелердің жұмысын реттеп отырады және ағзаның біртұтастығын қамтамасыз етеді.

Тірек-қимыл жүйесі қаңқа мен бұлшық еттен тұрады. Қаңқа – денедегі әртүрлі сүйектерден құралған мықты тірек. Ол

сүйектерге бекиді. Адам бұлшық еттің көмегімен жүреді, жүгіреді, ар түрлі қимылдар жасайды.

Адам ағзасындағы сезім мүшелерінің де қызметі ерекше. Сезім мүшелеріне көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, сипап сезу, тепе-теңдікті сезу жатады. Ағзадағы барлық жүйелер арасында әр түрлі жолдар мен өзектер арқылы үздіксіз, кең көлемде мәлімет алмасу жүріп жатады. Бұл мәліметтер қан, лимфа және гормон арқылы жүреді.



2-мәтін

Алғашқы медициналық көмек

Аяқ астынан адам қайғылы жағдайға кез-келген жерде: үйде, көшеде, жолда, көлік апаттары кезінде немесе т.б. ұшырауы мүмкін. Көбінесе адамдар алғашқы медициналық көмек көрсету жөніндегі білімінің болмауынан жанындағы адамдарға көмек көрсете алмай жатады.

Алғашқы көмек — адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шаралар. Апаттың қатарына әр түрлі жарақаттар, сынық, буынның шығуы, улану, суға бату, күйу, үсу, электр тоғы соғу, т.б. жатады. Алғашқы көмектің негізгі шаралары: апатқа түскен адамды апат әсерінен құтқару (өрттен, судан шығару); апаттың зиянды әсерін тоқтату (адамды жылыту, иіс тисе таза ауа

жұтқызу); қан тоқтату, жараны таңу, сынған мүшенің қозғалысын тежеу; жасанды дем алдыру, жүрекке массаж жасау, апатқа ұшыраған адамды емдеу мекемесіне жеткізу немесе жедел медициналық көмек тобын шақыру.

Алғашқы медициналық көмектің басты мақсаты — адам өмірін құтқару. Ең маңыздысы — алғашқы секундтарда дұрыс әрекет жасауға үйрену, дәрігерлер келгенше адам өмірін сақтауға тырысу.

Төмендегі кеңестерге құлақ түріңіз:

Ең алдымен адамды қайғылы жағдай орын алған жерден алып шығыңыз, өміріне қауіпті жағдайды (қан тоқтамау, талып қалу, бастырылып немесе қысылып қалу) тоқтатыңыз; жарақат дәрежесін байқаңыз; медициналық жәрдем беруге ыңғайлы жерге апарыңыз; алғашқы медициналық көмек көрсетіңіз.

Көз қарашығының жарық сезу қабілетін тексеру тәртібі. Бас бармақпен үстіңгі қабақты көтеріп, көздің қарашығын қарау керек. Егер жарық түскеннен кейін де қарашық кішіреймесе, жарықты сезбей тұрғанын білдіреді. Қараңғыда қарашықтың жарықты сезінуін немесе сезінбеуін электр қолшамының көмегімен тексеруге болады.

Ұйқы артериясындағы тамыр соғысын байқау тәртібі. Төрт саусақты жарақаттанған адамның мойнына қою керек. Саусақтарды кеңірдек пен мойын бұлшық етінің ортасына қойып, тамыр соғысын байқау үшін аздап басыңыз.

Қорытынды тест тапсырмалары:

1. Аудармасын табыңыз: *Описание операции.*

- А) Операция тарихы
- Ә) Ота сипаттамасы
- Б) Ота көрінісі
- В) Операция барысы
- Г) Ота қорытындысы

2. Аудармасын табыңыз: *Протокол операции.*

- А) Ота сипаттамасы
- Ә) Операция тарихы

- Б) Операция хаттамасы
- В) Операция барысы
- Г) Ота нәтижесі

3. Аудармасын табыңыз: *Назначить лечение.*

- А) Ем қолдану
- Ә) Емдеу барысы
- Б) Ем тағайындау
- В) Емдеу ұзақтығы
- Г) Емдік шаралар

4. Аудармасын табыңыз: *Медициналық ұйымның ішкі ережелері.*

- А) Внутреннее положение медицинской помощи
- Ә) Внешние правила медицинской организации
- Б) Положение медицинской организации
- В) Внутреннее положение медицинской организации
- Г) Протокол лечения медицинской организации

5. Аудармасын табыңыз: *История развития болезни*

- А) Науқастың сауығу кезеңі
- Ә) Аурудың басты себептері
- Б) Науқастың негізгі шағымдары
- В) Аурудың емдік шаралары
- Г) Аурудың даму тарихы



9. ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ – ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Тіл тазалығы дегеніміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау.

Тіл тазалығы өз кезегінде тіл мәдениетінің беделін асқақтататын, негізін қалыптастыратын құрал.

Тіл мәдениеті ұғымына энциклопедиялардың бірінде мынадай анықтама берілген: «Тіл мәдениеті – кісінің бойындағы мәдени қасиеттердің бірі, қоғамдық мәдениеттің бір компоненті. Тіл мәдениеті ауызекі тілдің орфоэпиялық нормасын, сөз қолдану, сөздерді тіркестіру заңдылықтарын, сөйлем құрау ерекшеліктерін дұрыс пайдалану және жазба тілде емлеге, тыныс белгілерін қолдануға байланысты ерекшеліктерді толық сақтап, сауатты жазу мәселелерін де қарастырады».

Ал тілші ғалым М.Балақаев тіл мәдениетін тереңінен зерттеген еңбектерінде тіл мәдениетінің негізгі принципі деп сөйлемдердің, жеке сөздердің тыңдаушыға, оқушыға бірден түсінікті болуын басшылыққа алады. Зерттеуші жазуда, сөйлеуде адам ойына қажетті сөз таңдағанда олардың стильдік ерекшеліктерін ескеруді айтады. Тілдік норманы қалыптастыру, сауаттылық, тіл тазалығы, сөздерді дұрыс айту, дұрыс жазу тіл мәдениетінің басты талаптары ретінде тұжырымдалады.

Тіл байлығы – сөз байлығының көрсеткіші. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Бүгінгі таңда көпшілік ортада сөз саптау мәселесі ерекше назарға ие. Өз ойын тиянақты, түсінікті етіп жеткізе алмай жататындар саны да аз емес. «Жаңағы», «әлгі», «немене», «негіп», «мысалы» деген басы артық бос сөздерді қолданып, ойын шашыратып алатын да сөйлеушілер баршылық. Кейбірі орысша сөздерді қосып, араластыра сөйлесе, енді бірі жаргонмен, диалектілермен сөйлегенді сән көреді. Осы орайда

білім алушының жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, сөйлеу мәдениетін, әдебін қалыптастыру бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерінің бірі екені шындық.

Таза сөйлеу – ой айқындығының, айғақтығының белгісі. Сөзі дұрыстығы – ой дұрыстығы болмақ. Шешендікті қадірлеген халық ұғымында «Адам аласынан сөз аласы жаман, от шаласынан сөз шаласы жаман» дегенде, ана тілінің байлығын бағаламай, туған тілінде таза сөйлей алмаған адамдардың тіліне қайран қалып айтса керек.

ШЕШЕНДІК ТАЛАПТАРЫ

Шешендік – ұшқыр ойдың қас қағымда тілге оралымдылығы, байламы; дер кезінде дәл мағынасын дөп басар бейнелілігі; мәнді, ойлы сөздердің мәйекті мақал мен мәтелге айналуы; дау-дамайда қазылық, мәмілегерлік; ара қатыста елшілік, жаугершілікте бітімгерлік; ұрпаққа, қалың қауымға өсиет.

Шешен (жезтаңдай, ділмар, айыркөмей, орақ ауыз, от тілді, сөзуар, тапқыр) – тілге жүйрік, сөз қисынын тауып айтатын халық қалаған сөз шебері.

ШЕШЕНДІК СӨЗГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

БЕЛГІЛІ БІР ӘЛЕУМЕТТІК
МӘНІ БАР ТАҚЫРЫПТЫ
ҚОЗҒАЙТЫН ЖӘНЕ ШАРШЫ
ТОП АЛДЫНДА АУЫЗША
АЙТЫЛҒАН СӨЗ БОЛУЫ
ТІІС.

ӘНГІМЕ ӨЗЕГІНІҢ ДӘЛЕЛІ
БОЛУЫ ТІІС. СОЫНҢ
НӘТИЖЕСІНДЕ
ТЫҢДАУШЫНЫ
ОЙЛАНДЫРЫП, ӘРЕКЕТКЕ
ҰМТЫЛДЫРУДЫ КӨЗДЕҮІ
ҚАЖЕТ.

ТЫҢДАУШЫҒА ЖАҒЫМДЫ ӘСЕР ЕТПІ, ҚҰЛАҚ ҚҰРЫШЫН
ҚАНДЫРАТЫН, СҮЙСІНДІРЕТІН ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТІ БОЛУЫ ИГІ
(ЖИНАЛЫС, МӘЖІЛІС, ПІКІРСАЙЫС, СИМПОЗИУМДАРДА СӨЙЛЕУДЕ
ҚАЖЕТ).

Қазіргі замандағы шешендік сөздердің түрлері жанрына (мазмұнына) қарай төмендегідей ажыратылады:

❖ Әлеуметтік-саяси тақырыптағы шешендік сөздер, бұларға осы тақырыптарға жасалған баяндамалар, сөйленетін сөздер, митинг, конференцияда айтылатын сөздер, хабарламалар, баяндамалар, радио, теледидардан ауызша жүргізілетін саяси-әлеуметтік шолулар жатады.

❖ Академиялық шешендік, бұл топты жоғары оқу орындарында оқылатын дәрістер, ғылыми баяндама, хабарлама, шолулар құрайды.

❖ Сот ісінде қолданылатын шешендікке прокурордың айыптау сөзі, айыпкердің қорғану сөзі кіреді.

❖ Әлеуметтік тұрмыста жұмсалатын шешендікті мерейтойларда, салтанатты дастарқан басында айтылатын сөздердің "шешендік сөз" деген мәртебеге ие болу үшін оған қойылатын талаптардың бірі – оның ішінде көркем, әсерлі болуы.

ОҚЫЛЫМ

1-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді оқыңыз, мәтін бойынша бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Мәтіндегі сөйлеу әдептілігіне қатысты берілген ойға назар аударыңыз. Әдеп ұғымдарының мағынасын ашыңыз.
2. Мәдениетті адам деп қандай адамды айта аласыз?
3. Адам өзін қоғамдық орындарда қалай ұстағаны жөн?
4. Адам өз ісіндегі сәтсіздіктерді, өзінің көңілі толмайтын жайттарды басқаларға айтып шағымданғаны қаншалықты дұрыс деп ойлайсыз?
5. «Жамандар жақсымын деп айқайлайды, жақсылар жақсымын деп айта алмайды» деген мәнерлі сөзді өз сөзіңізбен түсіндіріп айтып беріңіз.

Сөйлеу мәдениеті

Тіл мәдениеті – әдеби тілдің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейтін тіл білімінің саласы. Тіл мәдениетінің тіл білімінің басқа салаларынан айырмашылығы – оның күнделікті өмірде тілді қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен тығыз байланыста болатындығында. Тіл мәдениеті тілдік норманың 3 түрін қамтиды:

1. тілдік норма (лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбысталу нормасы);

2. этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері);

3. коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары).

Сөйлеу мәдениеті орфоэпиялық нормаға негізделеді. Орфоэпиялық норма – сөздерді дұрыс айту, лексикалық норма – сөздерді іріктеп, сұрыптап, талғаммен қолдану болса, грамматикалық норма сөйлеу мәдениетінде біршама тұрақталып, қалыптасқан норма болып саналады. Сөйлеу мәдениетінде ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл-күйге әсер ететін шынайылығы (ол қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құралуына қарамастан), көркемдігі маңызды рөл атқарады.

Сөз байлығы – тілге қойылар талаптың бірі. Сөзі жұтаң адамның ойы да таяз тартып тұрады, мақсатсыз қайталау да көп болады. Сондықтан сөз мәдениетіне ден қойған адам сөз байлығына ерекше көңіл бөлу керек. Адамның мәдениеттілігі білімімен, дүниетанымымен, еңбектегі қол жеткен табыстарымен ғана шектеліп қоймай, сөйлеу және жазу тілінің тазалығымен, байлығымен, өткірлігімен де анықталады.

Тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі – дұрыс айтылып, дұрыс жазылуы.

2-ЖАТТЫҒУ. Қазақтың әйгілі шешендері жайлы мәліметті оқыңыз, толықтырыңыз.

Төле би Әлібекұлы

*Қазіргі Жамбыл облысына қарайтын Шу өзені бойында Әулиеата маңындағы «Жайсаң жайлау» деген жерде дүниеге келген.

* 1663-1756 (XVII-XVIII)

* Жасынан араб, парсы тілдерін жақсы меңгерген.

* Шығыстың аңыз әңгімелері, қисса-дастандарымен таныс болған.

* Әке тәрбиесімен билікке ерте араласқан; Алғыр, тапқыр, әділ болған.

* Әнет бабадан бата алған. Көреген. Толғаулар шығарған.

* «Қарлығаш әулие», «Бала би» атанған.

Қазыбек Келдібекұлы

*От ауызды, орақ тілді шешен. Ел намысын қорғаушы. Даңқы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған жоңғар басқыншылығына қарсы күрес жылдары қазақ даласына жайылды.

* 1667-1764 (1763) жылдары өмір сүрген.

* Жастайынан ел ісіне араласқан. Кемеңгер би, батыл елші, парасатты мәмілегер.

* «Қаз дауысты» атанған. Ұшқыр қиялды, ұрымтал ойлы, жалынды сөзді азамат.

* Қайсар, батыл, өжет, өткір, жаратылысынан дарынды, хас талант.

Әйтеке би Байбекұлы

* Тәуке хан тұсында (1689-1766 жылдар аралығында) өмір сүрген.

* Қазақ халқының іргелі ел болуына ісімен де, сөзімен де зор үлес қосқан айбарлы би болған.

Қазыбек бидің толғауы

Өркенім өссін десең,
Кекшіл болма –
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десең,
Өршіл болма –
Өскенінді өшірерсің.
Басына іс түскен пақырға
Қастық қылма –
Қайғысы көшер басыңа.
Жанашыры жоқ жарлыға
Жәрдемші бол асыға,
Қиын-қыстау күндерде
Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды деп,
Жақыныңды басынба!

Әйтеке би

Суалмайтын суат жоқ
Тартылмайтын бұлақ жоқ,
Құйрығы суда тұрса да,
Уақытысы жеткенде
Құрғамайтын құрақ жоқ.

Дүние деген фәни бұл,
Баласы жоқта мият жоқ.
Бәрінен де қиын сол екен,
Артында жанған шырақ жоқ...

Төле бидің батасы

Тоғыз жасар Жетес тоқсандағы Төле биге сәлем бере барыпты: сонда Төле би былай деген екен:

- Бата – басқа, қына – тасқа, ақыл – жасқа, не қалайсың, балам? - депті. Сонда Жетес бала: - О, қасиетті, баба! - Ат

берсеңіз өліп қалады, тон берсеңіз тозып қалады. Ат, тонға бергісіз өлмейтін, өшпейтін, өмірі естен кетпейтін бір өсиет айтсаңыз соған ризамын, - депті. Онда қолыңды жай, балам, - деп Төле би:

- Бір үйдің баласы болма, Көп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма, Бар елдің данасы бол!
Бір тонның жағасы болма, Көп көлдың ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала, аумин, Қараны қарала
Өзегің талса өзен бойын жағала. Басыңа іс түссе көпшілікті шағала.

Өзіңе-өзің кәміл бол. Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол! Досыңа адал бол! –
аумин, деп бата беріпті.

Қазыбек пен Бұхар

Бұхар жыраудың өте қартайған кезінде көңілін сұрамақ болып Қаз дауысты Қазыбек би келеді. Төсекте жатқан Бұхар жырау: — Бірден онға дейін санның мағынасын маған ешкім айтып бере алмады, Қазыбек, сен айтып берші,— деген екен. Сонда Қазыбектің берген жауабы:

Бір дегеніңіз — бірлігі кеткен ел жаман.
Екі дегеніңіз — егесіп өткен ер жаман.
Үш дегеніңіз — үш бұтақты шідерден шошыған ат жаман.
Төрт дегеніңіз — төсекке шыға алмаған кәрілік жаман.
Бес дегеніңіз — білікті адамнан белгілі бала тумаған жаман.
Алты дегеніңіз — аймағын билей алмаған адам жаман.
Жеті дегеніңіз — жетем деген мақсатына жете алмаған жаман.

Сегіз дегеніңіз — серкесіз бастаған қой жаман.
Тоғыз дегеніңіз — толғанғаныңыз.
Он дегеніңіз — өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз.

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКА

4-ЖАТТЫҒУ. Сөз тіркестерін аударыңыз, сөйлемдер құраңыз.

мәдениетті адам –
әріптестермен кездесу –
іс жүргізу –
іскерлік кездесу белгілеу –
жоспар құру –
кеңес беру –

5-ЖАТТЫҒУ. Көп нүктенің орнын толықтырыңыз.

1. Қызмет бабында жеке кісімен конфиденциальді пікірлесу қажет болады. Бұл сізден жоғары деңгейінен көрінуіңізді қажет етеді. Әрбір жағдайға қажетті тон, тауып, ойыңызды жеткізе білуіңіз керек. (Керекті сөздер: мәдениеттілік, сауаттылық, сөздер)

2. Әр маман өз ісінің үгітшісі, болуы керек. Көпшілік алдында сөйлей білгеніңіз, тілін білгеніңіз – білікті ретінде бағаңызды көтереді. (Керекті сөздер: маман, еркін, шешен)

3. Әр маманның бар, ісін жүзеге асыратын, немесе жеткізетін құрал. (Керекті сөздер: бейнелеу, ой)

6-ЖАТТЫҒУ. Жауап жасау беретін тұрақты тіркестерін табыңыз.

1. Кейбір балалар үлкен адамдармен сөйлескенде дөрекі, тік сөйлейді. Әдеппен сөйлеуді білмейді. Ондай баланың сөзі қандай?

2. Бір сөзге келмей жылап қоя беретін ерке, шолжаң балалар да болады. Оны қалай дейді?

3. Оқуға да, жұмысқа да пысық болмай, бос, болбыр болса, оны қалай дейді?

4. Жолдастарының да, басқаның да айтқан ақыл, кеңестерін мақұлдамай, өзінше жүретін болса, оны қалай дейді?

5. Ешкімді аямайтын, аяушылық дегенді білмейтін болса ше?

6. Еңбек етпей, ұрлық, бұзықтық жолымен мал тауып, күн көруді ойлайтындарды қалай дейді?

Керекті тұрақты тіркестер: шыбық тимес шыңқ етер, оңай олжа табу, арам тамақ, сөзі түйеден түскендей, қоян жүрек, босбелбеу, адамға жаны ашымайды, ешкіммен санаспайды, бетімен кеткен.

ЖАЗЫЛЫМ

7-ЖАТТЫҒУ. «Сөз өнері – таным өзегі» тақырыбына эссе жазыңыз.

Эссенің құрылымдық бөліктері:

5. Эссенің тақырыбы

6. Кіріспе

7. Негізгі бөлім

8. Қорытынды



10. МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

10.1 Лебiздiк ғылыми стильдiң мамандыққа қатысты жалпы сипаттамасы

Тiл және лебiз. *Тiл* – адамзаттың ой-санасында қабылданған әлемдiк бейненiң танымы. Адам баласы айналаны тiл арқылы танып, ондағы заттар мен құбылыстарға ат қояды. Тiл – халықтың рухани қазынасы. Тiлдiк таңбалардың сөйлеушi мен тыңдаушының арасында болатын әңгiмеден бастап, көркем шығармаларда, ғылыми және ресми құжаттардағы қолданысы лебiздi құрайды. *Лебiз* – тiлдегi бiрлiктердiң сөйлеу кезiндегi жұмсалымы, қолданымы, белгiлi бiр кезеңде жазбаша немесе ауызша түрде түрлiше ақпарат беру құралына айналуы. Тiл – адамдардың өзара қарым-қатынас жасау құралы, лебiз осы құрал арқылы сөйлеудi жүзеге асырады. Лебiзде сөздi әркiм өзiнiң ыңғайына қарай, өзiнiң танымдық, бiлiктiк, бiлiмдiк деңгейiне қарай өз көзқарасын айту үшiн қолданса, тiлдегi бiрлiктердiң мағынасы ортақ ұғымды көрсетедi. Лебiз адамдар арасында коммуникативтiк қарым-қатынас орнатады, сондықтан ауызша лебiзде дауыс ырғағы, темп, тембр, интонация т.б. қатынасады. Лебiзде адамның сезiмi, ой-өресi, толғанысы, дүниетанымы, көзқарасы көрiнедi. Лебiзге тек ауызекi сөйлеу үлгiсi ғана енiп қоймайды, жазбаша жазылған кез-келген ақпараттық мәтiн (мәдени, ғылыми, ресми т.б.) лебiз ретiнде танылады.

ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКА

1-ЖАТТЫҒУ. Сөз тіркестерін түзіңіз.

Кішіпейіл, жарасымды, ерекшелік, мәнерлі, жұмсақ, өре, тіршілік, көңіл-күй.

2-ЖАТТЫҒУ. Сөз тіркестерімен сөйлемдер құраңыз.

Майда сөз, жылы сөз, сыпайы сөз, жағымды сөз, мәнерлі сөз, күнделікті тіршілік, пікір алысу, тәжірибе алмасу, адамның мәдениеттілігі, ілтипат көрсету, әдеп сақтау.

3-ЖАТТЫҒУ. Соңғы абзацқа күнделікті өмірден мысал келтіріңіз. Мәтіндегі көрсетілген сыпайылықты аңғартатын сөздер мен қаратпа сөздерге өз нұсқаңызды ұсыныңыз.

Сөз әдебі

Күнделікті тіршілік барысында адам әр түрлі адамдармен кездеседі, сөйлеседі, пікір алысады, тәжірибе алмасады. Ал олар адамдардың өзін-өзі ұстауы, мінез-құлық, жүріс-тұрысы мен киіну мәнері, сөйлеуі арқылы іске асырылады.

Адамдардың өзара қарым-қатынасы моральдық нормаға негізделеді. Қоғамдық ортада адамның мәдениеттілігі, өресі көбіне оның сөйлеуінен көрінеді.

Сөйтіп сөйлеу әдебінің өзіне тән нормалары бар. Сөз арасында қолданылатын: кешіріңіз, мүмкін болса, мақұл көрсеңіз, рұқсат етсеңіз т.б. сөздер сыпайылықтың нышаны. Мұндай сыпайы сөздер адамның кішіпейілділігін аңғартады. Шырағым, қарағым, қарындас, інішек, ағай, апай, атай, әжей сияқты қаратпа сөздер үлкен мен кішінің арасындағы ілтипат, әдептілік көрсеткіштері. Адамның «сіздің» бен «сенің» сөзін орынды қолдануы да әдеп сақтауға жатады. Жылы, жағымды сөздер адамның көңіл-күйіне тікелей әсер етеді.

Сөздің қолдануы мен мағынасынан тыс сөйлеуде интонация, дауыс ырғағы да зор роль атқарады. Айтылатын сөз немесе сөйлем интонация арқылы да әр түрге өзгереді. Мысалы интонация арқылы сөзді немесе сөйлемді мәнерлі, жұмсақ жеткізуге болады. Әдепті адамның сөзі де, ісі де жағымды әсер береді. Сөйлемде басқа тілдің сөздерін араластырмай, таза сөйлеу де адам өресінің деңгейін көрсетеді.

4-ЖАТТЫҒУ. «Мейірімді сөз – дәріден де пайдалы» деген тақырыпқа пікір білдіріңіз.

5-ЖАТТЫҒУ. Сұхбат үлгісінде өз нұсқаңызды жазыңыз.

(Емханадағы екі мейіргер әңгімесі)

- Қайырлы күн, Әлия!
- Қайырлы күн, Ажар! Қалың қалай?
- Жаман емес. Бірақ бүгін біртүрлі ауырсынып тұрмын.

Таңертеңнен мазам болмады.

- Не дейді?! Қандай ауырсыну? Қай жерің мазалайды?
- Түсініксіз. Екі шекем қысатын сияқты, көзім қарауытады. Бір сөзбен айтқанда, бір әлсіздік сезіледі.

- Түсінікті. Былай істейік, қазір сен ординаторлыққа барып сәл демал. Біраздан кейін келіп, жағдайыңды білем. Сенде сәл шаршау бар сияқты, оның үстіне дұрыс тамақтанбаған да шығарсың. Деміңді алып ал, мен келген соң шай ішіп, жан шақырайық (күліп). Егер оған да көнбей жатса Марат Сағитұлына айтармыз (врач).

- Жақсы, Ажар. Сен болмасаң не істеуші едім?! Кеттім онда.

- Бара ғой. Жақсылап демал. Көз шырымын алып алсаң да жаман болмас еді...

10.2 Мәтін және дискурс. Мәтін – ерекше лебіздік бірлік.

Мәтін – қарым-қатынас орнатудың негізгі бірлігі. Адамдар өзара жекелеген қарым-қатынасты сөздермен немесе сөйлемдермен емес, мәтіндермен орнатады. «Мәтін» ұғымы ертеден белгілі болғанымен, терминологиялық ұғымда кейінгі жылдары қолданыла бастады.

Мәтін – мағыналық және құрылымдық аяқталуымен, автордың хабарға көзқарасымен сипатталатын ауызша немесе жазбаша формадағы хабар.

Соңғы жылдары лингвистикалық әдебиеттерде мәтін терминімен қоса дискурс термині пайда болды. Дискурс сөзі француз тілінен аударғанда, сөйлеу деген мағынаны береді. Дискурс – экстралингвистикалық факторлар жиынтығындағы байласымды мәтін; оқиға аспектісінде алынған мәтін; нысанды әлеуметтік іс-қимыл ретінде қарастырылатын сөйлеу; адамдар мен олардың сана механизмдерінің әрекеттестігіне қатысушы компонент, яғни «нақты өмірмен байланысты» сөйлеу.

Сонымен, **сөйлеу жанрлары** ұғымында түрлі мәтін жанрларын бөліп көрсетуге болады:

- функционалдық стиліне қатысты (іскерлік жанрлар: хаттама, өтініш, іскерлік хат, т.б.; публицистикалық: хроника, мақала, сұхбат, портреттік очерк, т.б.); көркемдік: әңгіме, ертегі, мысал, т.б. ғылыми: пікір, рецензия, аңдатпа; ауызекі тілде: жеке хат, альбомдағы жазу, күнделік жазбалары);

- сөйлеудің функционалды-мағыналық типіне қарай (суреттеу, әңгімелеу, пайымдау);

- адресанттың, адресаттың прагматикалық ұстанымына байланысты (қолпаштау, тост, әңгіме, пікірталас жанрлары және т.б.);

- қарым-қатынас саласына қарай (әлеуметтік-саяси, әскери, академиялық, сот, діни, т.б.).

Дәстүрлі мәтіннен ерекшеленетін мәтіндер де болады, мысалы, фотографиясы немесе суреті бар мәтіндер, мәтінді көркемдеуші, фотографиялар.

Мәтін типологиясы.

Стиль түрлеріне қарай:	ғылыми, көсемсөз, іскери, көркем мәтін
Ақпаратты тасымалдау түрі бойынша:	ауызша, жазбаша, электронды т.б.
Көлеміне қарай:	макромәтін, микромәтін, күрделі синтаксистік тұтастық т.б.
Сөйлеу тәсілі мен қарым-қатынас тақырыбына қарай:	тарихи, гуманитарлық, аргументтік, танымдық, т.б.
Берілу тәсіліне қарай:	монолог, диалог, полилог

10.3 Дискурсқа тән белгілер. Медициналық дискурстың тілдік ерекшеліктері

Дискурс терминінің мағынасы көп. Дискурс сөзі «ауызша сөз», «ақылды ойлану» (разумные размышления) деген мағынада айтылған. Дискурс мәселесін қарастыратынын прагматлингвистика ғылымы келесі анықтамаларды ұсынады:

➤ Дискурс – адамның коммуникативтік іс-әрекетінің ауызша формасы;

➤ Өмір заңдылықтарына негізделген сөйлеу түрі, қарым-қатынас құралы;

➤ Ақпарат алмасу, мәлімет беру мен жеткізу; ауызша және жазбаша функционалды стилдерді оқып үйрену;

➤ Сөйлем мен сөз тіркестерінен жоғары деңгейді көрсететін тіл; белгілі бір этнос көлеміндегі байланыс ерекшелігі;

➤ Байланысқа қатысушыларды түрлі әлеуметтік топ өкілдері ретінде қарастырып, олар арасындағы мәдени контекстегі байланыс, сөз тіркестерінің оралымы мен үздіксіз сөйлеу, ойын білдіру.

6-ЖАТТЫҒУ. Төменде берілген соматикалық фразеологизмдермен сөйлемдер құраңыз.

Бауыр басу, жат бауыр, мойны жар бермеу, аяқ алып жүргісіз, бүйрегі бұру, жүйкеге тию, қас пен көздің арасында, көз ұшында.

7-ЖАТТЫҒУ. «Бас» сөзімен бірге және бөлек жазылатын сөздер тізбегін жазыңыз, әрқайсысының мағынасын түсіндіріңіз.

8-ЖАТТЫҒУ. Мақал-мәтелдердің мағынасын ашыңыз, бағанды толықтырыңыз.

1. Ғылым – теңіз, білім – қайық.
2. Ғылыммен жолдас болсаң, қолың жетер. Залыммен жақын болсаң, басың кетер.
3. Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы.

4. Білімді өлсе қағазда аты қалар, Ұста өлсе, істеген заты қалар.

5. Білгенің сенбе, білімің сен.

6.

7.

8.

9.

10.

9-ЖАТТЫҒУ. Үлгіге сай әр түрлі тақырыпқа өз сұрақ-жауап нұсқаңызды жазыңыз.

Үлгі:

- Мен үш баланың анасымын, ажырасқанмын, ресми түрде жұмыс істемеймін, алимент алмаймын, қосымша табыстар болып тұрады. МӘМС қалай төлеймін?	- Біріншіден, Сіздің балаларыңыз - үшін 18 жасқа дейін мемлекет Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдарды жасайды. Екіншіден, егер Сіз жұмыс істемесеңіз және 3 жасқа дейінгі баланы күтумен айналыссаңыз, онда мемлекет сол кезеңге Сіз үшін де міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне жарналарды төлейді.
- Айтыңызшы, ҚР барлық аумағы бойынша кез келген өңірде сақтандырылған азаматтарға, мысалы, іссапарға келгендер, демалыстағы адамдарға медициналық қызметтер көрсетіле ме? Әлде тек тіркелген тұрғылықты жері бойынша ғана көрсетіле ме?	- Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтер, сақтандырылған азаматтың тұрғылықты жері бойынша ғана емес, республиканың кез келген аумағында көрсетіледі.
- МӘМС кезінде төлеуші қайтыс болған жағдайда жиналған қаражатты туыстарына беру қарастырылған ба?	- Жоқ, қарастырылмаған, әлеуметтік медициналық сақтандыру жинақтаушы жүйе болып табылмайды. Әрбір

төлеуші	жарналарының сомасына қарамастан, халықтың барлық санатына медициналық қызметтерге бірдей жұмсалады.
---------	---

10.4 Кәсіби қарым-қатынаста тілдік жүйенің жұмсалымдық қызметінің ерекшеліктері

ТАНЫСУҒА ҚАЖЕТТІ ТІЛДІК ЭТИКЕТ

- Таныс болайық (болыңыздар).
- Сізбен танысып (таныстырып) қоялық.
- Танысуға (таныстыруға) рұқсат етіңіз.
- Танысып қойыңыздар.
- Танысқаныма қуаныштымын.
- Өзімді таныстыруға рұқсат етіңіздер.

Жат ортаға, кеңсеге жаңадан келген адам сәлемдесіп, өзін таныстырады. Таныстырушы үшінші адам жасы, лауазымы кішілерді үлкендерге, ер адамды алдымен әйелге таныстырады.

Мысалы:

- Сізбен танысуға бола ма?
- Әрине, танысып қоялық. Менің атым – Серік.
- Мен Мөлдір боламын.
- Есіміңіз әдемі екен.
- Рақмет, сіз де есіміңізге лайық екенсіз.
- Өзімді кеңірек таныстыруға рұқсат етіңіз. ҚМУ студентімін. Болашақ мамандығым – тіс дәрігері. Спорттық жарысқа келген едім.
- Ал мен дарынды балаларға арналған №7 мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысымын. Мен математикадан олимпиадаға келіп едім.
- Сіздей жақсы жанмен танысқаныма өте қуаныштымын. Көріскенше сау болыңыз!
- Сау болыңыз!

1. Адам өмірінде әр кезде қуанышты немесе қорқынышты, қайғылы сәттер болып тұрады. Сондай кездерде де адамның өзін-өзі ұстауы, басқа адамдармен тіл қатысуы маңызды рөл атқарады. Әсіресе, сөзді құдірет таныған қазақ үшін қай кезде де әр сөзді орнымен пайдалана білудің өзіндік жүйелері бар. Тіліміздегі эвфемизмдер мен табу сөздер осындай халықтық дәстүрлеріміздің айғағы. Қайғы түгілі қуаныштың өзін бірден айтпай, әуелі тыңдаушыны психологиялық тұрғыда дайындап алып хабар жеткізудің астарында қандай ізгі қатынас жатыр!? Жақсы хабарды "Сүйінші!" деген сөзден бастау, бір жағынан, жүрек жарды жақсылықтың бағасын асырса, екінші жағынан, айтушының қоса қуанып тұрғанын да жеткізетіні кәміл. Сөздің адамдар арасын жақындастыратын қуат-күші осы бір-ақ ауыз сөздің бойына түгел сыйып тұрғандай.

Қуаныш көбейсін, қуаныш құтты болсын, ұзағынан сүйіндірсін, тілегіңіз қабыл болсын, т.б. сөздердің қай-қайсысы да жақсылық үстінде айтылады.

2. Тілімізде өтінішті білдіруге де керекті сөз орамдары мол кездеседі. Мысалы, *мүмкін болса, айтыңызшы, айтып (көрсетіп) жібересіз бе, көмегіңіз қажет болып тұр, айтуыңызды өтінемін, рұқсат етсеңіз, көмектесуіңізді сұраймын, сізге қиындық келтірмес пе екен, қол жалғаңызшы, өтінішімді қабылдасаңыз, т.б.* адамның сыпайылығына дәлел болады. Бірақ өтінішті тым жылаңқы дауыспен, мүлде аянышты бет құбылысымен білдіру тыңдаушыны тіксіндіруі де мүмкін. Сондықтан оның қайсысын айтқанда да салмақты, табиғи үнмен жеткізген жөн.

3. Рұқсат еткенде немесе келісім бергенде қолданылатын тілдік бірліктер: *сіздерге рұқсат, келісімімді беремін, алыңыз, ақылдаса келе келісім беруді жөн деп шештік, сіздердің айтқандарыңыз болсын, келіспеске амал қалмағандай, қуана құптаймын, т.б.* Керісінше, келісім берілмегенінің өзін де сыпайылап жеткізуге болады: *менің қолымнан келер емес, сіздің өтінішіңіз орынсыз сияқты, мені қинамасаңыз, мені дұрыс түсінуіңізді өтінемін, дәл қазір мүмкіндік аз, буынсыз жерге пышақ ұрмайық, гафу етіңіз, ренжімеңіз, т.б.*

4. Адамдарды өзара жақындастыратын әрі олардың бір-біріне ықыласын танытатын сөз орамдарының бірқатары мадақсөзге (комплимент) қатысты айтылады. Мадақсөз жалғандықтан, жағымпаздықтан ада, бұрмалаусыз, шынайы ниеттен туса ғана сүйкімді. Ал, жай ықылассыз немесе борыш санап айтылған сөз несін таппай қалуы ғажап емес. Оған *жасарып кетіңіз, құлпырып тұрсыз, сол баяғы әдемі қалпыңыз, Сіз қандай көрегенсіз, Сізге таң қалам, өз ісіңіздің маманысыз, Сіздің қабілеттілігіңізге тәнтімін, тусаң ту, елдің ұлы (қызы) сендей-ақ болсын, Сізбен қызметтес болудың өзі бақыт емес пе, Сізден үйренеріміз көп, т.б.*

5. Түрлі жиын, тойларға, қуанышты отырыстарға шақыруға да орайлы орамдар сөз әдебінің бір белгісі саналады. Қазіргі таңда әр түрлі жағдаяттарға сай дайын айшықты да мәнді сөзбен көмкерілген арнайы шақыру-хаттар (открытка) бар. Кейде оны ауызша жеткізуге мәжбүрлік болып жатады. Сондай сәттерде келесі сөз оралымдарын қолданса болады:

Сізді арнайы шақыра келдік, біздің қуанышымызды бөліссеңіз деп едік, жақсылықтың ортасында болғаныңызды қалаймыз, қуанышымыздың күәсі болыңыз т.б.

6. Әр халықтың қаратпа сөздерді қолдану барысынан ұлттық нақыш сипатын аңғаруға болады. Қаратпа сөздер қатарына адамның аты (*Елдос, Жамал, Медет*), туыстық қатынасты білдіретін атаулар (*нағашы, жиен, құда*), әлеуметтік мәртебені білдіретін атаулар (*студенттер, жастар, тыңдармандар*), қызмет атаулары (*директор, хатшы*), көпшілік қауымға арналған (*халқым, әріптестер, ханымдар мен мырзалар*), т.б. жатады. Тілдік жағдаяттың ерекшелігіне қарай эмоционалдық-экспрессивтік бояуы басым бейресми сөз орамдары да, ресми сипаттағы сөздер мен сөз тіркестері де орын алады. Мысалы, қазақ жасы *кішілерге балам, шырағым, қарағым, айналайын, қалқам, бауырым, қарындас* деп сөйлесе, жасы *үлкендерге ағай, апай, ата, әжесей, жеңгей, тәте, аға* деп тілдеседі. Қазақ ұғымында өзінен үлкеннің атын бадырайтып атау, ол аз болса, оған әкесінің атын қосып айту үрдісі жоқ. Ал орыстарда бұлай айту құрметтің нышаны болып саналады. Орыс халқы *женщина, мужчина* деп те айта береді, ал қазақ тілінде әдепті адам *ешқашан әйел, еркек* деп тілдеспейді. Өте жақын қатынастағы адамдар арасында еркелету мәнді сөздер (*құлыншағым, қошақаным*), жақын тарту сипатындағы сөздер (*Айнатай, әкешім, анашым*) де қолданымға ие.

7. Ресми қарым-қатынаста жасы үлкендерге я жасы кіші болғанмен, лауазымы үлкен болса, оған құрметін білдірудің белгісі ретінде *Ореке, Қақа, Әбеке, Сәке* сөздері, *Асқар мырза, Перизат ханым, Әйгерім сіңлім* секілді сөздерді қолдануға болады. Ал тым ресми немесе бейтаныс жағдайларда бүгінгі заман ағымына қарай *Марат Айдарұлы, Қайрат Мағауияұлы, Сәуле Рақымқызы* секілді күрделі атаулар пайдаланылып жүр. Ресми хаттасуларда биік лауазымды билік иелерінің аты-жөнінің алдына құрметті, аса мәртебелі секілді сөздер жазылуы дәстүрге айналған. Сондай-ақ, қазақстандықтар, отандастар, бауырластар секілді көпшілікке арналған қаратпа сөздер де кең қанат жайып отыр. Қоғамдағы өзгерістерге орай кеңестік кезеңмен бірге келген *жолдас, жұмысшы-шаруалар* секілді қаратпа сөздер қазір мүлде айтылмайды. Есесіне, бұрын тек *ақсүйектер* мен билеушілерге айтылатын *ханымдар мен мырзалар, әкім*, т.б. қалыпты сөзге айналып барады.

10-ЖАТТЫҒУ. Үлгіге сай орынданыз (*мадақтау, мерекемен туған күнмен құттықтау, шақыру мәтіні*).

Үлгі:

Құрметті әріптестер!

Баршаңызды кәсіби мерекелеміз — медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын! Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген.

Дәрігерге ең қажеті — адамның денсаулығы, оның тағдыры. Науқас жанына дәру іздегенде сенім артып дәрігерге барары хақ. Үмітке үміт жалғап, ғұмырдың ұзақтығын сабақтастырып жататын — осы ақ халатты абзал жандар. Осындай білім мен мейірімділікті ұштастырып келе жатқан әрбір ақ халатты жанды төл мерекесімен тағы бір мәрте құттықтаймын! Биік асулардан көріне беріңіздер деген тілек білдіремін!

10.5 Кәсіби қызметтегі қарым-қатынас мәдениеті.

Вербалды және бейвербалды қарым-қатынас

Қарым-қатынас – адамдар арасында бірлескен іс-әрекет қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын күрделі процесс. Қарым-қатынас арқылы адамдар өзара түрлі тақырыпта ақпарат, тәжірибе, білім мен білік, дағдылар алмаса алады. Қарым-қатынас барысында адамдардың танымдық хабарлармен, ақпаратпен, тәжірибемен, алмасуы және өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы жүзеге асады. Қарым-қатынастың интерактивті, коммуникативті, перцептивті деген үш жағы және мезо, макро, микро, рухани, іскер, т.б. деңгейлері болады.

Негізгі қызметі:

- 1) ақпараттық-коммуникативтік (ақпарат алмасу және адамдардың бірін-бірі тануымен байланысты);
- 2) реттеуші-коммуникативтік (адамдардың іс-әрекетін реттеу және біріккен әрекетті ұйымдастыру);
- 3) аффективті-коммуникативтік (адамның эмоционалдық аясымен байланысты).

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністік. Қарым-қатынас жасауда адамды тындап, түсіне білудің маңызы зор. Бұл басқа адамның ішкі жан дүниесін түсініп, оған өз ойын дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Адамдар басқаларға өз ойлары мен көзқарастарын түсіндіре отырып, түсініспеушілік, ұрыс-керіс пен дау-жанжал секілді жағымсыз құбылыстарды болдырмауға тырысады. Адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға мынадай ережелердің орындалуы көмектеседі: барлық адамдармен тең дәрежеде, дөрекілік пен жағымпаздықсыз қарым-қатынас жасау; сұхбаттасушының жеке пікірін сыйлау; бұйрық емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау; басқа адамның пікірін сыйлау және тәжірибесін қабылдай білу. Қарым-қатынас мәдениетін меңгерген тұлға өзімен қатынас жасайтын адамға құрметпен қарап, сыйластық білдіреді. Адамға сыйластықпен қарау жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі өлшемі болып табылады.

Қарым-қатынастың вербалды және бейвербалды түрі болады. Вербалды қарым-қатынас тілдік коммуникация арқылы жүзеге асады. Ал бейвербалды амалдар қатарына ым, ишара, бейнелеуші (иллюстрациялаушы) кинемалар және мимикалық кинемалар жатады. Бейвербалды коммуникацияда көз, қас, қабақ, ерін, тіл, тіс, мұрын т.б арқылы жасалған қарым-қатынастың ерекшеліктері анықталады.

10.6 Бейвербалды тілдесім түрлері

Қарым-қатынасты тілсіз жүзеге асыруға деген қызығушылық бұрыннан бар. Дене қимылдарын қолдана отырып түсінісуді грек философы Платон жоғары бағалаған.

Тілсіз қарым-қатынасты жүзеге асыруды қарастыратын тіл білімінің жаңа саласы – паралингвистика (гр. «рага» – жанында, қасында деген мағынаны білдіреді). Паралингвистика айтылар ойдың, пікірдің вербалды (сөзбен білдіру) тәсілдерімен қоса, сөйлеу үстінде вербалды емес (тілсіз) амалдардың қолданылуын қарастырады. Бұл терминді лингвистикаға алғаш рет енгізуші американ ғалымы А.Хилл.

Сөйлеу кезінде паралингвистикалық тәсілдер үш түрлі қызмет атқаруы мүмкін: қосымша мәлімет береді, айтылмаған сөздің орнына жүреді, сөзбен бірге, аралас қолданылады.

Бейвербалды қарым-қатынас – ым-ишара тілі. Адамды оның вербалды емес сигналдар жүйесі: ым-ишара, жесттер, позалар, сөйлеу, жазу ерекшеліктерін бақылау, талдау және зерттеу. Осы сигналдарды оның мінезімен байланыстыру. Адамдар арасындағы контакт тіл мен сөйлеу арқылы жүзеге асады. Сөйлеу коммуникациясының негізгі тәсілі болып табылады. Ол адам санасын белгілік жүйелер арқылы объективтеу ретінде қарастырылуы мүмкін.

Бейвербалды амалдардың негізгі типтері: кинесика, просодика, такесика, проксемика. Қазақ халқының тұрмыс-салтында да осы аталған бейвербалды амалдардың барлық түрі орын алған.

Кинесика – адамдардың эмоциялық рефлексдерін бейнелейтін дене мүшелерінің қимыл-әрекеті. Кинесикаға қимыл, ым-ишара, қозғалыс, кейіп, жүріс-тұрыс жатады.

А) Жүріс-тұрыс. Бұл адамның қозғалыс мәнері. Жүріс-тұрысқа қадамның ырғағы, ритмі, қозғалыс барысындағы дене қимылы жатады. Жүріс арқылы адамның көңіл-күйін, мінезін, жас ерекшелігін білуге болады. *Мәселен: 1) Оң қолын төсіне (кеудесіне) қою – үлкенді сыйлаудың, құрметтеудің және сәлемдесудің белгісі; 2) Қол жаю – құран оқып болған кезде жасайтын ишарат немесе керісінше, қолды теріс жаю – қарғыс айту, қазақ халқының салт-дәстүрі бойынша теріс бата беру; 3) Екі бүйірін таяну – салт бойынша қазақ әйелдері баласы (ұлы, қызы) я болмаса ері қайтыс болғанда осылайша жоқтайды. «Бүйіріңді таянба» деген тиым қазақ халқында осыдан қалыптасқан; 4) Иілу – сәлем беру.*

Б) Дене қалпы. Адамның денесі 1000 түрлі қалып-күйде қозғалуы мүмкін. Дене қалпын бейвербалды амалдардың бір түрі ретінде психолог А.Шефлен көрсеткен болатын. *Мәселен 1) Қос қолды кеудеге қою – сәлемдесу; 2) Желке қасу – қолдан келер қайрат, амалы жоқ жігерсіздікті, әрекетсіздікті танытады; 3) Желкеге қолын қою – айыпталу, тұтқын болудың айғағы; 4) Басын төмен салу – ұялу, қымсыну, қысылу.*

В) Қимыл-әрекет. Қимыл-әрекет тілі – қарым-қатынасқа түсудің ең көне түрі. Әр дәуірде әр халық түсінісу үшін белгілі бір арнайы амал-әрекеттер жиынтығын қолданған. Қимыл-әрекеттің саны ең негізгі мәселелердің бірі. Бұл этностық, ұлттық болмысқа байланысты болады. *Мәселен, 1) жағын таяну – торығу, қамығу, мұңаю белгісі. «Жағыңды таянба» деген тиым қазақ халқында осыдан қалыптасқан; 2) Басын изеу – келісу, мақұлдау.*

Г) Мимика. Түрлі сезімдерді білдіретін бет бұлшықеттерінің қозғалысы. Бет-әлпет мимикасы негізгі алты түрлі эмоцияны білдіреді: ашу, қуаныш, қайғы, қорқыныш, таң қалу, жиіркену. *Мәселен, 1) қасын керу – таңданысты білдіру; 2) Мұрнын тыржыту – мазақ қылу, жаратпау; 3) Қабағын*

шыту – біреуге күш көрсету, ренжу, қатты ашулану, көңілі толмау.

Г) Визуалды контакт – қарым-қатынастың негізгі элементі. Трансмиссорға қарап тұру тек қызығушылықтың белгісі емес, сонымен қатар рецепиентке ақпаратқа назар аударуға көмектеседі. *Мәселен, 1) Көзін қадау (оқты көзін қадау) – жиіркенуді, жек көруді аңғарту; 2) Көзімен адырая (бажырая) қарау – шектен шыққан ашуды білдіру; 3) Ала көзімен қарау – көңілі толмау, жек көру; 4) Көзін төңкере қарау – сұхбаттасына қылымсу, еркелеу; 5) Көзін қысу – ниеттестікті білдіру;*

Просодикаға тембр, дыбыс ырғағы, тон сияқты амалдарды жатқызамыз. Коммуниканттардың дауыс емпінін, тонын, жиілігін, ырғағын байқау олардың ойы мен сезімдерінен хабардар болу үшін маңызды. *Мәселен, 1) Ішін тарту – мәз-мейрам болып қатты қуану немесе таңырқау, таңдану, шошыну; 2) Таңдайын қағу – біреудің ісін жақтыртпау, кінәлау.*

Такесика – коммуниканттардың арасындағы қарым-қатынас кезіндегі дене мүшелерінің түйісуін қарастырады. Оған қол беріп амандасу, арқа қағу, сүю сияқты амалдар жатады. *Мәселен, 1) Құшақтасу – біреумен кездесуге қатты қуану, сүйіспеншілік белгісі. Салттық ишарат бойынша, жақыны, туысы қайтыс болған адамды жұбату, көңіл айту мақсатымен жасалады; 2) Арқасынан қағу – мақұлдау, қоштасу немесе еркелету; 3) Төс қағыстыру – амандасу; 4) Бетінен сүю – еркелету, жақсы көруді білдіру. 5) Бауырына басу (алу) – амандасудың белгісі немесе жақсы көру, еркелету.*

Проксемика – адамдардың коммуникация процесіндегі ара қашықтықты (дистанция) және коммуникацияға түсушілердің бір-біріне қатысты кеңістіктегі бағдарын (ориентация) қарастырады. *Мәселен, 1) Бұрыла қарау – қасындағы адамның сөзін тыңдауға, әңгімелесуге дайын, пейілді екендігін білдіру; 2) Шалқайып отыру – бәрінің айтылып болғанын, әңгіменің таусылғанын білдіру.*

11-ЖАТТЫҒУ. Төмендегі сөз тіркестерімен 5 сөйлем құраңыз.

Сөйлеу мәнері, іскер әйел, сыпайы сөйлеу, өз ойын жеткізу, белгіленген уақыт, кеңес беру, пікірін тыңдау, кездесуге кешікпеу, ақыл айту, тәжірибе алмасу, қол бұлғау, бас шайқау, қол алысу, үлкенді сыйлау.

12-ЖАТТЫҒУ. Сөйлеу әдебіне қатысты ойға назар аударыңыз, талдаңыз.

Тым қатты, тым ақырын не тістеніп сөйлемеңіз.
Тіл тигізіп сөз жүргізбеңіз.
Біреудің сөзін бөлмеңіз.
Біреу жаңылысса, сөкпей, жәймен түсіндіріңіз.
Қателессеңіз, мойындаудан ұялмаңыз.
Ата-бабаңыздың артықшылығын айтып мақтанбаңыз.
Ант ішіп сөйлеген, өтірікшінің әдеті.
Үш кісі отырып, екі кісі сыбырласпайды.

10.7 Диалогтық лебіздің коммуникативтік ерекшеліктері

Диалог – екі не одан көп адамның кезектесіп сөйлесуі.

Диалог – екі адам арасындағы сөйлеу әрекеті (егер сөйлеушілер екеуден көп болса полилог деп аталады). Диалогтың монологтан айырмашылығы – диалогта сөйлеу және тыңдау механизмдері қатар жүреді.

Біліктіліктері:

- Сұрақты мәселені талқылауға қатысу және өзінің ойын жеткізе білу;
- Алынған хабарды толықтыра білу, нақтылай алу;
- Сөйлесушінің айтқандарына келісу немесе келіспеу, дау айта алу, өз дәлелін келтіру.

Құрылымы: Диалогта сұрақ / жауап / қарсы сұрақ / сөйлеушілердің көңіл-күйі, реакциясы (сөзбен берілмейтін) болады.

Диалогтар қысқа (2-3 сөйлем) және «мазмұнды» яғни ұзақ болуы мүмкін.

Диалогқа келесі жайттар тән:

- Фразаларды, сөйлемдерді аяқтамау;
- Сөздің орнына қимыл, жест, мимика қолдану;
- Тек қана ауызекі сөйлеу барысында қолданылатын сөздерді қолдану.

Мазмұнына қарай диалогты мынадай түрлерге жіктеуге болады: әңгімелесу, хабарласу, пікіралмасу, сұхбаттасу, түсінісу, мақұлдау, талқылау, өтіну, қорытындылау т.б.

Іскерлік қарым-қатынастағы диалогтың алтын ережелері

Бизнес әлеміндегі табыс тек кәсіби біліміңізге ғана емес, адамдармен тіл табыса білуіңізге де байланысты. Іскерлік қарым-қатынаста диалог жүргізудің келесі алтын ережелерін бөліп көрсетуге болады:

Әңгімені іскерлік сұрақтармен бастамаңыз. Жылы сәлемдесуден және алаңдататын тақырыптар (ауа-райы, өнер, спорт және т.б.) туралы бейресми әңгімеден бастаңыз. Әйтпесе, сіз автоматты түрде қарсыласыңыздың үстемдік етуіне мүмкіндік беріп, өзіңізді қайыршы жағдайға қоясыз.

Сұралмайынша, кеңес бермеңіз. Егер сіз әңгімелесушіге мәселені шешудің өзіндік үлгісін ұсынсаңыз, ол әңгімелесушіні ренжітуі мүмкін. Ол сізді оның қабілеттерін төмендетіп жатыр деп ойлауы мүмкін.

Тікелей, ыңғайсыз сұрақтар қоймаңыз. Егер сізге әлі де осындай ақпарат керек болса, қарсыласыңызды ұятқа қалдырмау үшін алыстан барыңыз.

Әңгімелесу белсенділігін ынталандыру. Әр жолды «Бұл туралы не ойлайсыз?» деген сұрақпен аяқтаңыз. Бұл ыңғайсыз үнсіздікті болдырмайды. Сонымен қатар, бұл арқылы сіз пікірге құрмет көрсетесіз.

Өзіңіз қосыңыз. Диалог атмосферасы қызып бара жатқанын сезсеңіз, өзіңізге де, қарсыласыңызға да үзіліс беру үшін әңгімеге аздап ақыл қосыңыз.

КӨПШІЛІК АЛДЫНДА СӨЙЛЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Кейде бір сұхбаттасушыға ғана емес, үлкен аудиторияға өз көзқарасыңызды жеткізуге тура келеді. Бұл жағдайда сіз көпшілік алдында сөз сөйлеуде диалог жүргізу ережелерімен танысуыңыз керек. Мұнда негізгілері:

Сыртқы келбетіңізге қамқорлық жасаңыз. Әңгімені тыңдауды бастамас бұрын, аудитория сіздің сыртқы түріңізге назар аударады. Сондықтан сіздің сыртқы келбетіңіз ұқыпты және жағдайға толығымен сәйкес болуы керек. Бұл, әсіресе, егер сіз өзіңізді емес, бүкіл ұйымды таныстырсаңыз өте маңызды.

Нүктеге дейін сөйлеңіз. Бос әңгімелер мен лирикалық шегіністерге жол берілмейді. Біріншіден, олар тыңдаушыларды тітіркендіреді, екіншіден, аудиторияның назарын негізгі мәселеден алшақтатады.


Тыңдаушыны құрметтеңіз. Сіз барлық түріңізбен мейірімділік нұрын шашуыңыз керек. Сондай-ақ, жалғыз дұрыс деп санап, аудиторияға өз пікіріңізді таңуға болмайды.

Ақпаратты қолжетімді түрде көрсетіңіз. Қарапайым тілде сөйлеңіз, арнайы терминдерге шамадан тыс жүктемеңіз.

Сенімді бол. Дірілдеген дауыс, орынсыз қимылдар және басқа да толқу белгілері аудиторияның сенімін оята алмайды.

Ұзын, күрделі сөз тіркестерін қолданбаңыз. Оңтайлы сөйлем ұзындығы он үш сөзден аспайды.

Жұмысыңызды ұзартпаңыз. Тәжірибе көрсеткендей, тіпті ең шебер сөйлеуші де аудиторияның назарын 15-20 минуттан артық ұстай алмайды. Осы жолы кездесуге тырысыңыз.



ТІКЕЛЕЙ ДИАЛОГ ЖӘНЕ ЖАНАМА ДИАЛОГ

Тікелей диалог. Бұл әр сұхбаттасушының айтқанын тексеруге болатын нәрсе. Әдетте олар сұхбаттасушылардың әр араласуын бөлу және белгілеу үшін диалог сызықтарын пайдаланады, мысалы, келесідей:

— Сен тамақ ішіп үлгердің бе, ұлым?

— Жоқ, анашым. Мен аш емеспін.

Жанама диалог. Баяндауыштың фигурасы әр сұхбаттасушының не айтатынын айтады. Басқаша айтқанда, барлық коммуникативті мазмұнды бізге үшінші тарап сілтеме жасайды:

«Анасы баласынан тамақ жедің бе деп сұрап еді, ол аш емеспін деп жауап берді».

- Кешіріңіз, Алматыға дейін ұшақ неше сағат ұшады?
- Ұшақ Алматыға дейін 1 сағат 20 минут ұшады.
- Ұшақ жолда қонады ма?
- Ұшақ жолда қонбайды.
- Ұшаққа бір билет бар ма?

- Сізге қай күнге керек?
- Маған ақпанның он бесіне, кешкі уақытқа керек.
- Ақпанның он бесінде Қарағандыдан Алматыға 9Ү 723 рейсі ұшады. Осы ұшаққа билет бар. Аласыз ба?
- Алматының ауа райы туралы қайдан білуге болады?
- Ұшақ қонуға бет алғанда стюардесса хабарлайды.
- Ұшаққа өзіммен бірге неше кг жүк ала аламын?
- Өзіңізбен бірге 10 кг жүк ала аласыз. Қалған жүгіңізді Алматының жол жүгі бөлімінен аласыз.
- Менің бірінші рет ұшаққа отыруым еді. Егер ұшақта жүрегім айныса, гигиеналық пакет керек болса, не істеуіме болады?
- Егер ұшақта жүрегіңіз айныса, стюардессаны шақыруға болады. Ол сізге минералды су мен гигиеналық пакет береді.
- Ұшақтың билеті неше теңге тұрады?
- Ұшақтың билеті 15000 теңге тұрады.
- Ұшаққа отырғызу сағат нешеде басталады?
- Ұшаққа отырғызу сағат бесте басталады.
- Билетті қай кассадан ала аламын?
- Билетті екінші кассадан ала аласыз.
- Берген мәліметіңізге көп рақмет.

- Әке, латынша жаза аласың ба?
- Иә!
- Қайдан үйрендің?
- Мен оны мамандығыма қарай институтта оқып жүргенде үйренгенмін. Төте жаза да аламын.
- Төте жазу?
- Иә! Араб әрпімен қазақша жазу.
- Латынша жазуды неге сұрадың?
- Бүгін ұстазымыз Латын әліпбиі ағылшынша, немісше альфавиттерінен құралатынын айтып түсіндірді. Мен өзі атымды жазып көрдім. ARSEN. Еш қиындығы жоқ екен. Тек «I, H, O, A, Y, F» сынды әріптерді қалай жазарымды білмедім.
- Оның да уақыты келеді балам!

- 2025 жылы мен нешеге келемін?
- Нешеге келесің?
- 18-ге.
- Көрдің бе балам, сен жаңа өмірді жаңаша бастайсың!

- Әке, үлкендер қателеседі ме?
- Иә.
- Неге сұрадың?
- Жарнамалар мен анықтамалық тақталар да қателер бар.
- Ал, айта ғой...
- Кеше біз ойнаған ойын алаңында «Шемішке шекпеңдер!» деп жазып қойыпты.
- Дұрысы қалай болады?
- Шемішке шақпандар!

- Сәлеметсіз бе!
- Қайырлы күн. Не көмегім қажет?
- Дене қызуын басатын дәрі бар ма?
- Балаға ма, үлкен кісіге ме?
- Сегіз жасар балаға.
- Қызудан басқа ауру белгілері бар ма?
- Жоқ, ыстығы ғана көтеріліп тұр. Басқа белгілері жоқ.
- Жақсы онда, «Нурофен» шәрбатын берейін, ішуге ыңғайлы. Бірақ дәрігерге қаратқаныңыз жөн.
- Иә, әрине. Ертең алып барам. Қанша төлеуім керек?
- Мың екі жүз теңге.
- Жақсы, рақмет!
- Тез сауығыр кетіңіздер!
- Айтқаныңыз келсін!

10.8 Кәсіби саладағы коммуникативтік құзіреттілік

Коммуникативті білгерлік – медицина қызметкері үшін кәсіби маңызды қасиет. Мамандықтың қатысым ерекшелігі – науқастармен және олардың туыстарымен, жақындарымен, басқа да медициналық қызметкерлерімен (дәрігер, әріптестері, мейіргерлер мекеме әкімшілігімен т.б.) тығыз, қарқынды қарым-қатынас сипаты. Медицина қызметкерінің назарындағы айрықша мәселелердің бірі – жағдаяттың нәтижелі шешілуі, науқаспен сенімділік және түсіністік ахуал орнату, ал ол өз кезегінде қарым-қатынас икеміне, яғни коммуникативті білгерлікке тікелей байланысты.

Коммуникативті білгерлік (компетенттілік) дегеніміз не? Ол медицина қызметкерлерінің адамдармен (науқас және оның жақындары мен туыстары, дәрігер, әріптестері, кіші мейірбикелер т.б.) коммуникация тәсілдерін нәтижелі, ұтымды қолдану арқылы қарым-қатынас жасау қабілеті. Қажетті процедуралардың жемісті өтуі науқастың медициналық қызметкерге толық сенім білдірген жағдайында ғана жүзеге асады.

Ал медициналық қызметкердің коммуникативтік маңызды қасиеттеріне келесілер жатады: мамандығын сүюі, адамгершілігі, адамға назар аударуы, қайырымдылығы, кішінейілдігі, әдептілігі. Жақсы көңіл-күй жағдайында медициналық қызметкердің тұлғалық қасиеттеріне науқастар өте жоғары баға береді.

Осы орайда, медициналық қызметкерде психологиялық біліммен қатар (тұлға түрлері, темперамент, қақтығыстарды шешу қабілеті т.б.), коммуникативтік тұрғыдан білгерлік қабілет-қасиеті де тиісті деңгейде болуы шарт.

Коммуникативтік потенциал – бұл медициналық қызметкердің мүмкіндігін сипаттайтын көрсеткіш, бұл оның қатынасының сапасын білдіреді. Қарым-қатынас барысында медициналық қызметкердің компетенттілігі екі құрама бөліктен

тұрады: тұлғаның коммуникативтік қасиеті – қарым-қатынасқа қажеттілігін сипаттаса, сұхбаттасу мен коммуникация жасауға қабілеттілігі – науқаспен сұхбаттасу, сенімділік жағдайын орната білу қасиеті, белсенділік көрсете білу қабілеттілігі, науқас жағдайына эмоционалды қолдау көрсете алуы, өзінің жеке іс-әрекетінің бағдарламасын орындай алу құзыреті.

Коммуникативтік қабілеттілік – медициналық қызметкер мен науқас арасындағы сұхбаттасудан байқалады. Медициналық қызметкердің негізгі коммуникативтік шеберлігі келесі сипатта жүзеге асырылуы тиіс:

- тұлға аралық коммуникация шеберлігі;
- бір-бірін қабылдауға және түсінуге бастайтын шеберлік;
- тұлға аралық әсер ету шеберлігі;
- науқастың психологиялық қорғанысын және жасырын себептерін анықтай алу шеберлігі
- науқастың эмоционалды жағдайын түсіне алу шеберлігі.

Медицина қызметкерінің тұлға аралық коммуникативтік шеберлігін келесілер қарастырады:

- мәліметті бере алу шеберлігі;
- мәліметті беру кезінде вербалды және бейвербалды тәсілдерді қолдана білу шеберлігі;
- науқасты белсенді тыңдай алу шеберлігі.

Осыған байланысты медициналық қызметкердің коммуникативтік қабілеті келесілерді қамтиды:

- бейтаныс адамдармен қатынасқа түсе алу шеберлігі;
- пайда болған түсініспеушіліктерді уақытында шешу және алдын-алу шеберлігі;
- өзін екінші адамға түсінікті болатындай етіп, ұстай алу шеберлігі;
- екінші адамның өз қылықтары мен сезімдерін көрсете алуына мүмкіндік беру шеберлігі.

Медициналық қызметкердің тұлғалық қасиеттерінің жүйесі ретінде коммуникативтік мәдениетіне жататындар:

- шығармашылықты түрде ойлай білуі;
- сөз сөйлеуінің әсер ету мәдениеті;
- қимылы мен пластикалық қозғалыс мәдениеті;

➤ науқастың коммуникативті іс әрекетін қабылдау мәдениеті;

➤ эмоционалдық мәдениеті.

Коммуникативтік компетенттік сияқты тұлғалық коммуникативтік мәдениет те орынсыз пайда болмайды, ол жүйелі білім-білік негізінде қалыптасады. Медициналық қызметкердің коммуникативтік білгерлік – қоршаған ортада тұлға аралық және профессионалды тәжірибесінің әсерінен қалыптасатын дағды. Аталмыш дағды күнделікті қарым-қатынаста, кәсіби ортада функционалдық жетістіктерге жету үшін қажетті қабілет.

Медициналық қызметкердің коммуникативтік компетенциясының келесі түрлері науқаспен емдік қатынасқа түсуінің негізін құрайды:

➤ науқасты жақсы білу, вербальды, бейвербальды белгілеріне дұрыс жауап қайтару және жағдайына байланысты мәліметтерді көбірек алу;

➤ науқастарға адекватты медициналық мәлімет беру мен оларды салауатты өмір сүруге шақыру, медициналық қызметкер рөлінің денсаулықты жақсартуда және аурудың алдын-алуда маңызды екенін көрсету;

➤ дәрменсіздікті жеңуге, ауруға байланысты түзілген теріс стереотиптерді бұзуға көмектесу, осыған сәйкес қажетті жауаптардың кескіндерін жасауға ықпал ету.

14-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді оқыңыз. Жоспарын құрыңыз, мазмұндаңыз.

Мейіргер этикасы мен деонтологиясы

Медициналық этика (лат. *ethica*, грек тілінен алғанда *ethice* – адамгершілікті зерделеу), немесе **медициналық деонтология** (греч. *deon* – парыз; «деонтология» термині соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда), яғни бұл – медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидалар жиынтығы.

Ем алушыға ілтипат таныту, жақсы көзқараспен қарау, науқастың денсаулық жағдайының күрделілігіне барабар емдеудің оңтайлы әдістерін таңдау, емделушінің медициналық араласуға дайындығы және қабілеттілігі. Ең бастысы, медициналық қызметкердің кез-келген әрекеті нақты емделушінің жағдайын жақсартуға бағытталуы шарт!

Медициналық көмектің құпиялылықты, емделушінің жеке басын, мәдениетін сыйлау, медициналық шара қолдануларға ақпаратты келісім беру, күтуді бірлесе жоспарлау және жүзеге асыру, сонымен қатар, емделушінің өз бетімен шешім қабылдау, немесе осы емделушінің заңды өкілінің шешім қабылдауына ықпал жасау керек. Әлеуметтік жағдайына, мамандығына және сыртқы ахуалдарға қарамастан барлық емделушілерге бірдей қарау және бәріне бірдей көмек көрсете отырып, медициналық қызметкер қандай бір көмек көрсетсе де, оның әрекеттері емделушіге және өзге де тұлғаларға нұқсан келтірмеуі тиіс. Емделуші мен медицина қызметкерлері арасындағы кикілжің туындаған жағдайларда, біздер емделушінің мүддесін қорғауымыз қажет.

Кәсіби медициналық көмекті және емделушіге кәсіби емдеу жүргізу үшін денсаулық сақтаудың барлық мүмкіндігін қолдануды қарастыру абзал.

Мейіргер емделушімен сабырлы әрі сыпайы сөйлесуі тиіс. Науқастармен дөрекі сөйлесуге болмайды.

Емделушінің туыскандары немесе күтушілері арасында ұстамдылықты, сабырлылықты, тыныштықты және әдептілікті сақтау қажет. Тек өз құзыреті шеңберінде сұхбаттасуы қажет, яғни науқастың сырқаты, болжамы жөнінде ақпаратты білу үшін дәрігерге жолдауы тиіс.

Өз ұжымдастарымен жұмыс істеу барысында дөрекілікке, тұрпайылыққа жол берілмеу керек. Тәжірибиелері мол мейіргерлер жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсете отырып, қиын жағдайларда бір біріне көмектесулері тиіс.

Мейіргер дәрігердің бірінші көмекшісі немесе дәрігердің оң қолы болып саналады. Сондықтан да дәрігер мейіргермен тығыз қарым-қатынаста болуы керек. Мейіргер аса кішіпейіл, тәртіпті,

мәдениетті болуымен қатар, өзіне тапсырылған істі дер кезінде орындайтын тындырымды болуы, сондай-ақ ол жинақты, байыпты, сабырлы жүруге тиіс. Халаты, бас киімі таза, үтіктелген, өзіне шақ болуы қажет.

Медицина қызметкерінің жан дүниесі жауапкершілігі жоғары болуы қажет, себебі қоғамның байлығы адам болса, сол адамның өмірі, денсаулығы медицина қызметкерінің жауапкершілігіне тікелей байланысты.

Медицина қызметкері қандай болуы керек? – деген сұраққа «қыран көзді, мамық қолды, жыландай сабырлы, арыстандай жүректі» болуы керек десе болады.

Барлық деонтология негізінен сабырлы сөз құрайды – «сөз емдейді, сөз жаралайды», сондықтан тек науқастарға емес, барлық адамға жақсы сөз айтып жанын жадыратуға икемді болғанымыз дұрыс деп санаймыз.

15-ЖАТТЫҒУ. Сұрақтарын түзіңіз.

- Сұрақ

– Мен дәрігерлер отбасында дүниеге келдім. Ата-анам қызмет бабымен Жамбыл облысының Шу ауданына қоныс аударып, сол жақтың аудандық ауруханасында бірнеше жыл бойы дәрігер болды. Бала күнімде дәрігер ата-анама қатты қызығатынын. Үстіне киген ақ халаттарынан олардың жүректері таза, пейілдері кең, көңілдері кіршіксіз екенін байқауға болатын еді. Міне, сондықтан да балалық шағымнан медицинаға құмар болып өстім. Әлбетте, жаны қиналып тұрған адамға қуаныш сыйлау үлкен бақыт деп санаймын. Сол себепті ақ халат киіп жүргенімді мақтан тұтамын.

Сұрақ

– Алғаш еңбек жолымды 2001 жылы жоғары оқу орнын бітірген соң, ата-анам еңбек етіп жүрген Жамбыл облысындағы Шу аудандық мекемеде жалпы хирург дәрігер болып бастадым. Ал арада төрт жыл өткен соң, яғни 2004-2007 жылдары бас шаһарда орналасқан травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институтында «Травматология және ортопедия» бойынша аспирантурамды тәмамдадым.

Сұрақ

– Күн сайынғы жұмысым таңғы 7:00-ден аурухананың бөлімшелерін аралаудан басталады. Әсіресе тәуліктік жарарақат пункті мен шұғыл хирургия қабылдау бөлімшесіне аса мән беремін. Ал бір жарым сағаттан кейін, яғни сағат 8:30-да таңғы жиналысымыз болады. Мұнда ем алып жатқан балалардың жағдайын талқылаймыз.

Жиналыстан соң мен жансақтау бөлімшесінде жатқан балаларға барып, олардың жағдайын көріп, бақылап қайтамын. Түстен кейін түрлі сұрақтармен келген азаматтарды және ата-аналарды қабылдаймын. Апта бойынша бөлінген уақытқа сәйкес құрылымдық бөлімшелермен бірлесе жұмыс атқарамыз. Осы басқосударда ауруханамыздың медициналық, шаруашылық және дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету және қаржы секілді өзге де мәселелер бойынша жұмыстармен айналысамыз.

Сұрақ

– Ең бірінші кезекте алдыңа келген науқастың көңілін табу керек. Сосын жанын қинаған ауруды дөп басу – ең қиын шаруа. Әсіресе, дертіне иіппе іздеп келген адам – бала болса, тіптен қиын. Өйткені ол өзінің дәл қай жері ауырып тұрғанын нақты айта алмайды. Сол себепті дәрігермен қоса психолог болуға да

тура келеді. Әрине, өз ісінің маманы осы айтқан дүниелерді оңай іске асырады деп ойлаймын.

Сұрақ

.....

16-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді аударыңыз.

ДИАГНОСТИЧЕСКАЯ ЧАСТЬ КОНСУЛЬТАЦИИ

Стиль 1-й – абсолютно доктор-центрированный. Доктор полностью игнорирует знания и опыт пациента. Диалог врача с пациентом сводится к получению врачом информации. Для этого он использует прямые, закрытые вопросы, выясняет время, место, последовательность событий.

Стиль 2-й. Характерны прямые вопросы, вопросы о корреляции, месте, времени, последовательности событий. Врач повторяет сказанное пациентом для подтверждения услышанной информации. В отличие от 1-го стиля врач чаще демонстрирует принятие переживаний, глубже исследует информацию, излагаемую пациентом, и задает вопросы без ограничений.

Стиль 3-й. Характерные особенности: врач охотно интерпретирует сказанное пациентом и часто проясняет полученную от него информацию. Используются вопросы без ограничений, повторение сказанного пациентом. Врач активно пытается выяснить идеи пациента, касающиеся заболевания, высказывает свои предположения, обобщает установленные факты, предлагает их открытое двустороннее обсуждение.

Стиль 4-й – абсолютно пациент-центрированный. Используется техника активного слушания и отражения эмоций пациента. Врач часто использует отраженные вопросы, активно ищет и использует идеи пациента, поощряет его, демонстрирует ему свое понимание, высказывает предположения.

17-ЖАТТЫҒУ. Мәтінді аударыңыз.

РЕКОМЕНДАЦИИ И НАЗНАЧЕНИЕ ЛЕЧЕНИЯ

Стиль 1-й – абсолютно доктор-центрированный. Доктор принимает решение о необходимом лечении и дает прямые инструкции без каких-либо комментариев: «Итак, отдайте этот рецепт в аптеку. Принимайте это лекарство 3 раза в день после еды. До свидания».

Стиль 2-й. Доктор принимает решение и объявляет его пациенту, сопровождая его краткими комментариями: «У Вас нет ничего, кроме вирусной инфекции. По дороге домой зайдите в аптеку и возьмите это лекарство. Вам нужен постельный режим в течение нескольких дней».

Стиль 3-й. Доктор навязывает свое решение пациенту: «С Вами произошло то же, что и в прошлый раз. Я Вам выпишу рецепт. Не волнуйтесь, это не более серьезно, чем в прошлый раз. Да, это – то же самое, что было раньше».

Стиль 4-й. Доктор предлагает предварительное решение для обсуждения: «Состояние Вашей ноги ухудшается. Думаю, это является следствием того, что Вы пытаетесь продолжать работать в том же режиме, что и 10 лет назад. Сейчас Вам 55. Полагаю, что Вам необходим длительный отдых. Что Вы собираетесь делать с этой проблемой?»

Стиль 5-й. Доктор обозначает проблему, спрашивает мнение пациента и принимает решение.

Стиль 6-й. Доктор обозначает ограничения и предлагает пациенту самому принять решение: «Ваше состояние – не более чем простое варикозное расширение вен. Оно легко лечится оперативным путем, хотя на данной стадии – это не самая лучшая лечебная стратегия. Можно также лечиться в домашних

условиях таблетками. Если Вы будете соблюдать режим, лечение не займет много времени. Если Вы вынуждены продолжать работать, лечение может продолжаться намного дольше и может не быть таким эффективным. Выбор за Вами».

Стиль 7-й – абсолютно пациент-центрированный.

Доктор дает возможность пациенту принять самостоятельное решение. Обобщая сказанное, можно выделить основных черт пациент-центрированного стиля общения. Следуя этому стилю, врач:

1. Активно пытается выяснить истинную причину обращения за медицинской помощью, получить информацию от пациента о его восприятии болезни, понимании причин и механизмов развития заболевания, влиянии заболевания на ограничение активности пациента во всех сферах его жизни, его эмоциях и переживаниях в связи с болезнью, ожиданиях от посещения врача.

2. Воспринимает пациента как цельную личность, не игнорируя ее психологические или биологические составляющие, в контексте социального окружения и изменений в жизни пациента из-за болезни.

3. Создает условия для партнерских отношений – находит общую для себя и пациента основу для дальнейшего обсуждения связанных с заболеванием проблем, расстановки приоритетов, выработки целей лечения и определения ролей доктора и пациента.

4. Активно рекомендует профилактические мероприятия – раннюю диагностику заболеваний, уменьшение факторов риска, улучшение общего состояния здоровья.

5. Целенаправленно старается улучшить уровень взаимоотношений с пациентом – создает и поддерживает партнерские взаимоотношения, открыто обмениваясь с пациентом информацией.

6. Рационально использует время.

18-ЖАТТЫҒУ. Мәтіннің интеллект картасын құраңыз.

Медициналық қызмет этикасы

Медицина этикасы грек тілінен алынған сөз. Қазақшаға аударғанда – адамгершілікті зерделеу деген мағынаны береді. Медициналық деонтология деген термин соңғы жылдары отандық әдебиетте кең қолданыс табуда. Қазіргі заманғы түсінік бойынша, медициналық этикаға келесі аспектілер кіреді:

ғылыми-медициналық қызметкерлердің жұмысының этикалық және адамгершілік аспектілерін зерттейтін медициналық ғылым тарауы;

практикалық-кәсіби медициналық қызмет барысында этикалық нормалар мен ережелерді қалыптастыру және қолдану міндеті болып табылатын медициналық тәжірибие саласы.

Медициналық этика үш негізгі бағыт бойынша тұлға аралық қарым-қатынастардың әртүрлі мәселелерін қарастырады:

медициналық қызметкер – емделуші,

медициналық қызметкер – емделушінің туысқандары,

медициналық қызметкер – медициналық қызметкер.

«Мейіргер – емделуші» арасындағы қарым-қатынастар:

Медициналық бике емделушімен барыншы сабырлы, сыпайы сөйлесуге міндетті. Дөрекі сөйлесуге тыйым салынады. Науқастарға «Сіз» деп және аты мен әкесінің атын атап сөйлескен жөн.

Науқастың жанында тұрып оның диагнозын, емдеу жоспарын талқылауға, палатадағы өзге де науқастардың денсаулығын әңгімелеуге тыйым салынады.

Күрделі және ауырсындыратын емшараларды бастамас бұрын мейіргер осы емшаралардың мәнін, мағынасын және

қажеттілігін түсінікті түрде науқасқа түсіндіруі және тыныштандыруы қажет.

«Мейіргер – емделушінің туысқандары (және жақындары)» арасындағы қарым-қатынастар:

Ұстамдылықты, сабырлықты, тыныштықты және әдептілікті сақтауы қажет;

Күрделі науқастарды күтушілерге емшара мен манипуляцияларды дұрыс орындау тәртібін түсіндіруі тиіс;

Тек өз құзыреті шеңберінде сұхбаттасуы (науқастың сырқаты, болжамы жөнінде әңгімелемей, дәрігерге жолдау) тиіс;

Қойылған сұрақтарға сабырлы жауап беруі қажет, сырқаты ауыр науқасты дұрыс күте білу ережелерін шыдамдылықпен үйретуі тиіс.

«Мейіргер – дәрігер» арасындағы қарым-қатынастар:

Сұхбаттасу кезінде дөрекі сөйлесуге тыйым салынады;

Дәрігерлік тағайындаулар уақытында нақты, нақты және кәсіби орындалуы тиіс;

Науқастың денсаулық жағдайындағы кенеттен болған өзгерістер туралы дәрігерге жедел хабар берілуі тиіс;

Тағайындалған дәрігерлік емді қолдану барысында күмән туындаған жағдайда, науқас жоқ уақытта, сыпайы түрде, осы жөнінде дәрігермен мән-жайды талқылауы қажет.

«Мейіргер – мейіргер» арасындағы қарым-қатынастар:

Өз ұжымдастарымен жұмыс істеу барысында дөрекілікке, тұрпайылыққа жол берілмеуі тиіс;

Қандай да бір ескертулер, науқас болмаған уақытта, әдепті түрде айтылуы тиіс;

Тәжірибиелері мол мейіргерлер жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетулері қажет;

Қажет болған жағдайларда бірі біріне көмектесулері тиіс.


«Мейіргер – кіші медицина қызметкері» арасындағы қарым-қатынастар:

Өзара сыйластықты сақтаулары тиіс;

Кіші медицина қызметкерінің жұмысын сыпайы түрде бақылауы қажет;

Әдепсіздікке, дөрекілікке, тәкаппарлыққа жол беруге болмайды;

Науқастар мен келушілердің көзінше ескертулер жасауға болмайды.



ҚОРЫТЫНДЫ

Тілдік қатынастың жүзеге асуы үшін, айтылған не жазылған хабардың қабылданып, оған жауап қайтарылуы, яғни істің ортақ атқарылуы басты шарт екені баршамызға белгілі. Сөйлеудегі «жанды тілдің», яғни сөйлесім осы шартты және ортақ тілдік әрекетті сипаттайтын ұғым деуге әбден негіз бар. Тілдің мүмкіншілігі, негізгі қасиеті мен қабілеті ғасырлар бойы жан-жақты таным қызығушылығына ие. Бұл заңды құбылыс. Адам сөйлеуін жетілдіреді, дамытады, осы жолда түрлі заңдылықтарын қарастырады, алайда сөйлеу тілін өз бетімен жасай алмайды. Себебі тіл – қоғамдық құбылыс, қоғамдық-әлеуметтік сипатқа ие бірлік. Кез келген ақпар, хабар шындыққа жанасуы тиіс, сонда ғана тілдік қатысым дамиды, (ақпаратты қабылдау, оған жауап қайтару, қайта жауап алу) сонда ғана қатысымдық құбылыстың мәнін ашылып, сөйлеушілерге қызмет етеді. Ал сөйлесім оны ішінара құраушы әрекет түрлерінен түзіледі (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім).

Қазақ тілін оқыту бағдарламасы жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді заман сұранысы мен тапсырысқа сай, білім сапасын көтеруді негізге алады. Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға арналған қазақ тілі бағдарламасы жалпы сипаттағы лексикалық қорды тілдік қатынаста, қатысымдық тұрғыдан іске асырудың амал-тәсілдерін қолдануға бағытталған оқыту технологиясын басшылыққа алады.

Медициналық бағытта білім алушыларға ұсынылып отырған «Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға арналған сөйлеу мәдениеті» атты оқу құралы тілдік қатынастың мамандыққа байланысты мән-мазмұнын, білім-білігін кәсіби ортаға бағытталған қырынан ашуға мүмкіндік береді. Мәтін – қашан да тілдік әрекеттің нәтижесі болып табылады. Себебі тілдік тұлғалардың бәрі тек мәтінде орын алады. Осы орайда, оқу құралында қамтылған теориялық-практикалық блоктар білім алушылардың мәтінді талдау әрекетімен бірге әңгімелесу арқылы сөйлеу әрекетіне, сұрақ-

жауап арқылы тілдесім әрекетіне, мазмұндама, эссе, интеллект-карта жазғызу арқылы жазу әрекетіне үйретуді көздейді. Бұл өз кезегінде, білім алушылардың кәсіптік бағдарлы коммуникативтік дағдыларын лингвостилистикалық үлгіде, когнитивтік сипатта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

БІЛІМІН ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Медицина саласына қатысты сөзбен келген сөйлемді табыңыз.

- A) Облыс халқының өмір сүру деңгейі жақсарып келеді.
- B) Қаланы өнеркәсіп қалдықтарынан тазартып шықты.
- C) Қоршаған ортаны қорғау туралы заңға өзгерістер енгізілмек.
- D) Қаламызда екінші қан сараптамасын жасау орталығы ашылмақ.

2. Бір сөздің екі мағынада қолданылуын көрсетіңіз.

- A) адал сөз, адал тілек
- B) адал ас, адал дос
- C) адал кәсіп, адал еңбек
- D) адал адам, адал жан

3. Сөйлемді тиісті нұсқамен толықтырыңыз.

Айжан ұлттық тәрбие туралы , құндылы, әдептілік жайлы айтып, тыңдаушыларға ой салды.

- A) сөз сөйлеу
- B) ой тастады
- C) сұхбат беріп
- D) пікір білдірген

4. Тілек білдіру мағынасында айтылған сөйлемді табыңыз.

- A) Жұмысымыздың жылдық табысын есептеп көрейік.
- B) Бұл мамандықтың болашағы зор.
- C) Көп кешікпей тағы бір жатақхана ашылса дейміз.
- D) Бұл университет – республикадағы ең ірі оқу орны.

5. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз.

Бұл тақырыппен сәуірден айналысып келем.

- A) кейін
- B) бері

C) дейін

D) арқылы

6. Адамның қасиетін білдіретін сөзді табыңыз.

- A) сапалы
- B) парасатты
- C) әсерлі
- D) қызықты

6. Өкіну мағынасындағы сөйлемді табыңыз.

- A) Әттең, «Жұлдызды жобаға» қатыса алмадым.
- B) Шіркін, сол кез қайта оралса ғой...
- C) Бәрекемді, қорғау тамаша өтті!
- D) Мәссаған, мұндай да қызық болады екен-ау!

7. Еш сөзі қай сөзбен бірге жазылады?

- A) еш (бір)
- B) еш (бала)
- C) еш (адам)
- D) Е) еш (жерде)

9. Тура мағыналы сөзді табыңыз.

- A) Құлақ салды.
- B) Құлақ етін жеді.
- C) Баспасөз – қоғамның құлағы, тілі.
- D) Құлағым ауырып жүр.

10. Құрамында «бет» сөзінің синонимі бар мақал-мәтелді табыңыз.

- A) Еңбек - өмір ажары.
- B) Жақсы ұл – елдің туы.
- C) Айна - айна емес, халық-айна.
- D) Көпке күл шашпа.

11. Термин сөзді табыңыз.

- A) Қарлығаш.
- B) Бұлақ.

- C) Аспан.
- D) Жер серігі.

12. Күрделі сөзді көрсетіңіз.

- A) Қабырғамен кеңес
- B) Тіс жармады
- C) Таза киім
- D) Сары уайымға салынды

13. Шешенге ең қажетті қасиетті табыңыз.

- A) Сөзге тапқырлық
- B) Келісімпаз болу
- C) Көп сөйлеу
- D) Өзін көрсету

14. Қосымшалы қос сөзді көрсетіңіз.

- A) Балалы-шағалы
- B) Үп-үлкен
- C) Қып-қызыл
- D) Төбе-төбе

15. Сұраулы сөйлемнің жасалу жолын табыңыз.

- A) Зат есім
- B) Сұраулық шылау
- C) Дауыс интонациясы
- D) Сұрау есімдігі

16. Сызықша қай жерде қойылатынын анықтаңыз.

- A) Одағай сөзден кейін
- B) Бірыңғай мүшелердің арасында
- C) Атаулы сөйлемнен кейін
- D) Бастауыш пен баяндауыштың арасында

17. Орфографиялық заңдылыққа қайшы сөзді көрсетіңіз.

- A) Бұрыш
- B) Көрік

- C) Отырыс
- D) Қиян-гескі

18. Тұрақты сөз тіркесін табыңыз.

- A) Тас жүрек
- B) Ашық күн
- C) Жұлып тастады
- D) Бас сүйек

19. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қыстырма сөзді сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Бұл даусыз; бірақ осы қағиданың өңін айналдырмау керек.
- B) Бұл даусыз – бірақ, осы қағиданың өңін айналдырмау керек.
- C) Бұл даусыз, бірақ осы қағиданың өңін айналдырмау керек.
- D) Бұл даусыз – бірақ — осы қағиданың өңін айналдырмау керек.

20. Тыныс белгісі дұрыс қойылған орынды көрсетіңіз.

- A) «Сөйлемді сауатты құрастырған жөн», — деді мұғалім.
- B) «Сөйлемді сауатты, құрастырған жөн,» — деді мұғалім.
- C) «Сөйлемді сауатты құрастырған жөн» — деді мұғалім.
- D) Сөйлемді сауатты: құрастырған жөн, — деді мұғалім!

21. Қаратпа сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.

- A) Меніңше, Асқар кемшіліктерді тауып айтты.
- B) Апырау, Қасым ғой мынау!
- C) Мүмкін, Баян бабын тапқан болар.
- D) Сапарың құтты болсын, қарағым!

22. Дұрыс жасалған сөзді табыңыз.

- A) Білімкер
- B) Білімпаз

- C) Білімжан
- D) Білімқой

23. Қаратпа сөзді табыңыз.

- A) Мүмкін, сәл кідіре тұрарсыз?
- B) Алма, алманы әкел.
- C) Немене, риза емеспісің?
- D) Амал қанша, осылай болды.

24. Техникалық әдебиет тілін қай қатарға жатқызамыз?

- A) Публицистика тілі
- B) Ауызекі тіл
- C) Ғылыми тіл
- D) Көркем әдебиет тілі

25. Дұрыс жазылған сөзді табыңыз.

- A) Құлұн
- B) Бүйрөк
- C) Құрық
- D) Күйүк

26. Түбір сөзді көрсетіңіз.

- A) Жазбалы
- B) Ой
- C) Аумалы
- D) Кірме

27. Қосымшаның түбір сөзге дұрыс жалғанған түрін белгілеңіз.

- A) Грамы
- B) Граммі
- C) Граммы
- D) Грамі

28. Сөз тіркесіндегі матасуды табыңыз.

- A) Сегіз жас

- B) Он жеті
- C) Айтып бер
- D) Сенің үйің

29. Синоним сөздерді көрсетіңіз.

- A) Сынау, зерттеу
- B) Таңдау, таныс
- C) Несібелі, ырысты
- D) Әңгіме, ертегі

30. Диалог көбіне қай стильге тән екенін белгілеңіз.

- A) Ғылыми стиль
- B) Ауызекі сөйлеу стилі
- C) Іс-қағаздар стилі
- D) Публицистикалық стиль

**БІЛІМІН ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ
СҰРАҚТАРЫНЫҢ ЖАУАПТАРЫ**

1				D
2		B		
3			C	
4			C	
5		B		
6		B		
7	A			
8	A			
9				D
10	A			
11				D
12				D
13	A			
14	A			
15			C	
16				D
17				D
18	A			
19			C	
20	A			
21				D
22		B		
23		B		
24			C	
25			C	
26		B		
27	A			
28				D
29			C	
30		B		

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шалабай Б. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері (функционалды-коммуникативтік синтаксис). – Көкшетау, 2017.
2. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Астана, 2006.
3. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. Алматы: Дәуір-Кітап, 2013.
4. Әлімбек Г. Көркем шығармалар арқылы тіл үйретуге арналған қазақ тілі. – Алматы: Дәуір, 2014.
5. Ахметова Ж., Манкеева Ж. Бейвербалды Қарым-қатынастың ұлттық сипаты. http://www.rusnauka.com/5_SVMN_2013/Philologia/9_129156.doc.htm
6. Жалмаханов Ш.Ш., Жақыпова Г.Т. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің сөйлеу мәдениеті. – Қарағанды, 2012.
7. Мағжан С. Қазақ тіліндегі бейвербалды элементтердің көпмағыналылығы //Канд.дисс.автореф. Алматы, 2007. – 24 б.
8. Оразахынова Н.А. Қазақ тілі (Сөзжасам. Морфология). – Алматы: Арыс, 2014. – 176 с.

Ескертулер үшін

Марина Маретбаева

**МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША БІЛІМ
АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН СӨЙЛЕУ
МӘДЕНИЕТІ**

Оқу құралы

Формат 60x100 1/16

Тығыздығы 80 гр./м². Қағаздың ақтығы 95%.

Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.

Көлемі 236 бет. Басылған беттердің шарттары 15.



«Эверо» баспасында басылымға
дайындалды және басып шығарылды
ҚР, Алматы, Төле би, 292
тел.: 8 727 364 84 03
e-mail: evero08@mail.ru